

**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Abai Kazakh National Pedagogical University**

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК BULLETIN

**«Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы
Серия «Исторические и социально-политические науки»
Series «Historical and socio-political sciences»**

№3(70), 2021

Алматы

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Abai Kazakh National Pedagogical University

ХАБАРШЫ

ВЕСТНИК

BULLETIN

«Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы
Серия «Исторические и социально-политические науки»
Series «Historical and socio-political sciences»

№3(70)

Алматы, 2021

Абай атындағы
Қазақ ұлттық педагогикалық
университеті

ХАБАРШЫ

«Тарих және саяси-әлеуметтік
ғылымдар» сериясы,
№3(70), 2021

Шығару жиілігі – жылына 4 нөмір.
2000 ж. бастап шығады

Бас редактор
т.ғ.д. **Ғ.Қ. КЕНЖЕБАЕВ**

Редакция алқасы:
т.ғ.д., проф. **М.Қ. Қойгелдиев**

(бас ред. орынбасары),

т.ғ.к., доц. **Р.Р. Оспанова,**

т.ғ.к., доц. **Т.Т. Далаева**

(жауапты хатшылар),

т.ғ.д., проф. **Х.М. Әбжанов,**

т.ғ.к., проф. **Б.С. Жұмағұлов,**

PhD, проф. **Вирджиния Мартин**
(АҚШ),

PhD, проф. **Клаудиа Чанг** (АҚШ),

т.ғ.д., проф. **Қара Әбдіуақап**
(Түркия),

т.ғ.д., проф. **О.Д. Осмонов**

(Қырғыз Республикасы),

т.ғ.д., проф. **В.М. Козьменко**

(Ресей Федерациясы),

т.ғ.д., проф. **Қ.Т. Жұмағұлов,**

проф. **М.Майер** (Германия),

т.ғ.д., проф. **А.Б. Соколов**

(Ресей Федерациясы),

т.ғ.д. **Томохико Уяма** (Жапония),

т.ғ.д., проф. **Т.Ходжаоглы**

(Түркия),

т.ғ.д., проф. **Ғ.М. Қарасаев**

© Абай атындағы

Қазақ ұлттық педагогикалық
университеті, 2021

Қазақстан Республикасының
мәдениет және ақпарат
министрлігінде

2009 жылы мамырдың 8-де тіркелген
№10102 - Ж

Басуға 28.09.2021 қол қойылды.
Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 15,75 е.б.т.
Таралымы 300 дана. Тапсырыс 255.

050010, Алматы қаласы,

Достық даңғылы, 13.

Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университетінің
«Ұлағат» баспасы

М а з м ұ н ы
С о д е р ж а н и е
C o n t e n t

**ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАРИХ
СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКАЯ ИСТОРИЯ
SOCIAL AND ECONOMIC HISTORY**

Ким Г.Н., Әбжанов Х. Кеңестік кәрістерге қарсы қуғын-сүргін: таптаурыннан тарихи шындыққа..... 6
Kim G.N., Abzhanov H. Deportation of soviet koreans: from stereotypes to historical reality

Жұмағұлов Б.С. Қазақстандағы 1920-1922 жылдардағы аштық зардаптарын жою бағытындағы жүргізілген шаралар.... 18
Zhumagulov B.S. Conducted works on liquidation of hunger in Kazakhstan 1920-1922

Тулбасиева С.К. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы кеңестік өкіметтің күштеп ұжымдастыруына қарсы көтерілген халық көтерілістерінің тарихынан..... 23
Tulbasieva S.K. The history of rises against the forced collectivization of the soviet power in the 20-30s of the xx century

Нұртазина Н.Д., Әкімбек Ж.А. Орыс патшалығының қазақ даласындағы миссионерлік саясатының сәтсіздікке ұшырауының себептері..... 29
Nurtazina N.D., Akimbek Z.A. The reasons for the failure of the missionary policy of russian tsarism in the kazakh steppe

**ЖАЛПЫ ТАРИХ
ВСЕОБЩАЯ ИСТОРИЯ
GENERAL HISTORY**

Sohrab Asgari The Silk Road as a common part of the history of Iran and Kazakhstan..... 38
Доктор Сохраб (Иран Республикасы) Шелковый путь как общая часть истории Ирана и Казахстана

**САЯСИ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ТАРИХ
ПОЛИТИЧЕСКАЯ И СОЦИАЛЬНАЯ ИСТОРИЯ
POLITICAL AND SOCIAL HISTORY**

Ақпарова К., Ескендиоров М. Features of the cultural transformation of the Semey region in 20-30 years of the XX century..... 49
Ақпарова К.Ш., Ескендиоров М.Г. XX ғ. 20-30 жж. Семей өңірінің мәдени қайта құрылуының ерекшеліктері.

Наурызбаева З.Ж. Символизм великой матери саба и связанные с ней обряды..... 56
Naurzbaeva Z.J. Symbolism of the great mother saba and rites related to her

Ishmukhamedov Sh., Kassenov F. Features of Digitalization of political processes in Kazakhstan..... 63
Ишмұхамедов Ш., Касенов Ф. Қазақстандағы саяси процесті цифрландыру ерекшеліктері

Жеңіс Ж.Ж. Қазақ хандығындағы жүздік бөліністің рухани-идеологиялық негізі және ондағы билердің орыны..... 77

Казахский национальный педагогический университет имени Абая

ВЕСТНИК

Серия «Исторические и социально-политические науки», №3(70), 2021

Выходит с 2000 года.
Периодичность – 4 номера в год

Главный редактор
д.и.н. Г.К. КЕНЖЕБАЕВ

Редакционная коллегия:
д.и.н., проф. М.К. Койгелдиев,
(зам. гл. редактора),
к.и.н., доц. Р.Р. Оспанова,
к.и.н., доц. Т.Т. Далаева
(ответ. секретари),
д.и.н., проф. Х.М. Абжанов,
к.и.н., проф. Б.С. Жумагулов,
PhD, проф. Вирджиния Мартин
(США),
PhD, проф. Клаудиа Чанг (США),
д.и.н., проф. Кара Абдиуакап
(Турция),
д.и.н., проф. О.Д. Осмонов
(Кыргызская Республика),
д.и.н., проф. В.М. Козьменко
(Российская Федерация),
д.и.н., проф. К.Т. Жумагулов,
проф. М.Майер (Германия),
д.и.н., проф. А.Б. Соколов
(Российская Федерация),
д.и.н., Томохико Уяма (Япония),
д.и.н., проф. Т.Ходжаоглы
(Турция),
д.и.н., проф. Г.М. Карасаев

© Казахский национальный педагогический университет имени Абая, 2021

Зарегистрировано
в Министерстве культуры и
информации
Республики Казахстан
8 мая 2009 г. №10102-Ж

Подписано в печать 28.09.2021.
Формат 60x84 1/8.
Объем 15,75 уч.-изд.л.
Тираж 300 экз. Заказ 255.

050010, г. Алматы,
пр. Достык, 13. КазНПУ им. Абая

Издательство «Ұлағат»
Казахского национального педагогического
университета имени Абая

Zhenis Zh.Zh. Spiritual and religious foundations division of the kazakhs into “zhuzes” and the role of biies in this

Столярова Э.О. Современная казахская молодежь: влияние урбанизационного фактора на интерес к общественно-политическим событиям..... 83
Stolyarova E.O. Modern kazakh youth: the influence of the urbanization factor on interest in public and political events

ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ И ИСТОРИОГРАФИЯ SOURCE AND HISTORIOGRAPHY

Hekimoğlu Vecihi Sefa Fuat Türklük ve türkçülük hakkında bibliyografik inceleme..... 89
Вежихи Сефа Фуат Хекимоғлы Түріктілік пен түрікшілдік жайындағы библиографиялық шолу

Даутова С.Б. Алтын Орда дәуіріне жататын әдебиеттердің негізгі мәдени-көркемдік кодтары..... 101
Dautova S.B. Features of artistic and linguistic representation of the main cultural and artistic codes and motional lines of the Golden Horde literature

АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ АРХЕОЛОГИЯ И ЭТНОЛОГИЯ ARCHAEOLOGY AND ETHNOLOGY

Далаева Т.Т., Нұрғалиев А.Қ. Киелі орындардың тарихи зердедегі діни-эвристикалық маңызы: «Арасан-Қорасан»..... 110
Dalayeva T., Nurgaliyev A. Religious and heuristic meaning of sacred places of memory: «Arasan-Korasan»

ЖАС ҒАЛЫМДАР ЗЕРТТЕУЛЕРІ ИССЛЕДОВАНИЯ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ RESEARCH OF YOUNG SCIENTISTS

Қусайнова Ж.А. Қазақстан тарихы пәнінде отансүйгіштікке тәрбиелеу бойынша тәжірбелік жұмыстардың нәтижелері..... 119
Kusaynova Zh.A. Results of practical work on fostering patriotism in the subject of history of Kazakhstan

Жұман С.Ә. Оспанова Б.Р. Сайф Сарайдың шығармасындағы рухани құндылықтар..... 125
Zhuman A.S., Ospanova B.R. Spiritual values in the works of Saif Sarai

**Abay Kazakh National Pedagogical
University**

BULLETIN

**Series «Historical and socio-political
sciences»
№3(70), 2021**

Periodic – 4 issues/year
Published since 2000

Editor-in-chief:
doctor of historical sciences
G.K. KENZHEBAYEV

Editorial staff:

Koigeldiyev M.K. *doctor of historical
sciences, professor*

(editorial-in-chief's assistant),

Ospanova R.R. *candidate of historical
sciences, associate professor,*

Dalaeva T.T. *candidate of historical
sciences, associate professor,*

(responsible secretary),

Abzhanov Kh.M. *doctor of historical
sciences, professor,*

Zhumagulov B.S. *candidate of historical
sciences, professor,*

Virginia Martin. *professor, PhD (USA),*

Claudia Chang *professor, PhD (USA),*

Kara Abdiyapap *doctor of historical
sciences, professor (Turkey),*

Osmonov O.D. *doctor of historical
sciences, professor (Kirgistan),*

Kozmenko B.M. *doctor of historical
sciences, professor (Russian Federation),*

Zhumagulov K.T. *doctor of historical
sciences, professor,*

Mayer M. *doctor of historical sciences,
professor (Germany),*

Sokolov A.B. *doctor of historical sciences,
professor (Russian Federation),*

Tomokhiko Uyama *doctor of historical
sciences (Japan),*

Khodjaogly T. *doctor of historical
sciences, professor (Turkey)*

Karasayev G.M. *doctor of historical
sciences, professor*

**Abai Kazakh National Pedagogical
University, 2021**

Registered in the Ministry of culture and
information of the Republic of Kazakhstan,
May, 8, 2009 №10102-ZH

Signed for print 28.09.2021
Format 60x84 1/8.

Volume 15,75 уч.-изд.л.
Issue 300. order 255.

050010, Almaty
Abai KazNPU, 13 Dostyk av.
«Ulagat» publishing house

Abai Kazakh National Pedagogical University

Білім және ғылым саласында қадағалау және аттестациялау жөніндегі комитеттің 2005 ж. №476 «Диссертациялардың негізгі ғылыми нәтижелерін жариялайтын басылымдар тізбесіне» 2003 ж. 26 маусымдағы №433-3 ж бұйрығына толықтыру енгізу туралы бұйрығы негізінде Абай атындағы ҚазҰПУ тарихи ғылымдары бойынша (07.00.00. мамандығы) Хабаршы БҒСҚАК тізіміне енгізілген.

На основании приказа Комитета по надзору и аттестации в сфере образования и науки за №476 от 2005 г. о внесении дополнений в приказ от 26 июня 2003 г. №433-3 ж "Об утверждении Перечня изданий для публикации основных научных результатов диссертаций" Вестник КазНПУ им. Абая по историческим наукам (специальность 07.00.00) внесен в Перечень КНАСОН

On the basis of the decision of Committee for control in the sphere of education and science (order №433-3. from June, 26, 2003) Bulletin of Abai Kazakh national pedagogical university, series «Historical and socio-political sciences» is included into the list of issues to publish the basic scientific results of dissertations on historical sciences (specialty-0700 00).

ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАРИХ СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКАЯ ИСТОРИЯ SOCIAL AND ECONOMIC HISTORY

ӘӨЖ 574(978)
МРНТИ 03.20

<https://doi.org/10.51889/2021-3.1728-5461.01>

¹Г.Н. Ким*, ²Х.Әбжанов

¹тарих ғылымдарының докторы, ал-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры
Алматы қ., Қазақстан Республикасы
E-mail: gerkim@mail.ru

²тарих ғылымдарының докторы, ҚазҰАЗУ профессоры,
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

КЕҢЕСТІК КӘРІСТЕРГЕ ҚАРСЫ ҚУҒЫН-СҮРГІН: ТАПТАУРЫННАН ТАРИХИ ШЫНДЫҚҚА

Аңдатпа

Мақалада кеңестік тоталитаризмнің ХХ ғасырдың 30-40 жылдарындағы ауыр қылмысы – тұтас халықтарға қарсы ұйымдастырылған қуғын-сүргін қасіреті Қиыр Шығыстан Қазақстан мен Өзбекстанға күшпен көшірілген кәрістер мысалында әшкереленеді. Этникалық депортациялардың ауқымы, себептері мен ерекшеліктері қарастырылған, кәрістерді депортациялауға қатысты жалған таптаурындар, адам шығынының статистикасы тиянақталған. Тақырыптың тарихнамасы АҚШ, Жапония, Оңтүстік Корея, Ресей, Қазақстан мен Өзбекстан ғалымдары еңбектерінде қалыптасқаны қаперге салынып, тарихи үдерістің ақиқатын ашуға Н.Ф. Бугай айтарлықтай үлес қосқаны ұлықталды. Оның мәнісі – күштеп көшірудің алдын алу белгісі бойынша жүзеге асқаны. Ал, ненің алдын алу керек болды деген сұраққа жауап іздесек, оның тамыры «Қиыр Шығыс өлкесіне жапон шпиондарын жібермеу мақсатында» деген Сталиндік тезиске келіп тіреледі. Мақалада басқа да себептер зерделенген.

200 мыңға жуық кәрісті Қазақстан пен Өзбекстанға көшіру екі айда жүзеге асты. Асығыстықтың салдарынан адам шығынына жол берілді. Негізінен үлкендер мен балалар өлім-жітімге ұшырады. Кеңестік билік кәрістерге сенімсіздікпен қарады. Ахуалды бақылаудан шығармау үшін жансыздарды, тыңшыларды, шолақ белсенділерді барынша пайдаланды. Қазақстан мен Өзбекстандағы кәріс халқының сандық және құрылымдық өзгерістері нақты деректермен, архив құжаттарымен ашылған.

Қазақстандықтар кәрістер ұлттық тарихымыздың шежіресіне үлкен олжа салды.

Тірек сөздер: кәрістер, қуғын-сүргін, тоталитаризм, саясат, депортация, жұқпалы аурулар, Қиыр Шығыс, Қазақстан.

¹Ким Г.Н. *, ²Абжанов Х.

¹доктор исторических наук, профессор КазНУ им. ал-Фараби
Алматы, Республика Казахстан
E-mail: gerkim@mail.ru

²доктор исторических наук, профессор КазНАИУ,
Алматы, Республика Казахстан

ДЕПОРТАЦИЯ СОВЕТСКИХ КОРЕЙЦЕВ: ОТ СТЕРЕОТИПОВ К ИСТОРИЧЕСКОЙ РЕАЛЬНОСТИ

Аннотация

В статье на основе статистических и архивных материалов прослежены содержание и последствия чудовищного преступления советского тоталитаризма, а именно – трагедия целых народов, например силовой депортации корейцев из Дальнего Востока в Казахстан и Узбекистан. Рассмотрены причины, масштабы и особенности этнической депортации, вычленены белые пятна и ложные стереотипы о выселении корейцев, статистика людских потерь. Подчеркивается, что историография проблемы представлена трудами ученых США, Японии, Южной Кореи, России, Казахстана и Узбекистана, при чем крупный вклад в изучение процесса внес Н.Ф. Бугай, который называл силовое переселение превентивной мерой. Депортация корейцев, по устоявшимся ложным стереотипам проводилась якобы с целью пресечения проникновения японского шпионажа в Дальневосточный край. В статье обоснованы реальные причины, в том числе и внешнеполитический фактор депортации.

Подготовка и организация переселения корейцев – около 200 тысяч человек в Казахстан и Узбекистан – занимали 2 месяца. Из-за невероятной спешки имели место смертельные случаи. Умерли в основном дети и люди преклонного возраста. Советская власть с недоверием относилась к корейскому населению. Чтобы не потерять контроль над ситуацией, на всем пути переезда активно использовали возможности агентов, осведомителей, лжеактивистов. Прослежены изменения в численности и составе корейского населения в Казахстане и Узбекистане.

Казахстанские корейцы вписали яркие страницы в летопись национальной истории.

Ключевые слова: корейцы, репрессия, тоталитаризм, политика, депортация, инфекционные болезни, Дальний Восток, Казахстан.

¹Kim G.N. *, ²Abzhanov H.

¹ Doctor of Historical Sciences, professor of KazNU named after al-Farabi
Almaty, Republic of Kazakhstan
E-mail: gerkim@mail.ru

² Doctor of Historical Sciences, professor of KazNAIU,
Almaty, Republic of Kazakhstan

DEPORTATION OF SOVIET KOREANS: FROM STEREOTYPES TO HISTORICAL REALITY

Abstract

Based on statistical and archival materials, the article traces the content and consequences of the monstrous crime of Soviet totalitarianism, namely, the tragedy of entire nations, for example, the forceful deportation of Koreans from the Far East to Kazakhstan and Uzbekistan. The reasons, scale and features of ethnic deportation are considered, white spots and false stereotypes about the eviction of Koreans, statistics of human losses are highlighted. It is emphasized that the historiography of the problem is represented by the works of scientists from the USA, Japan, South Korea, Russia, Kazakhstan and Uzbekistan, and N.F. Bugay, who called forced resettlement a preventive measure. The

deportation of Koreans, according to well-established false stereotypes, was carried out allegedly with the aim of preventing the penetration of Japanese espionage into the Far Eastern Territory. The article substantiates the real reasons, including the foreign policy factor of deportation.

Preparation and organization of resettlement of Koreans - about 200 thousand people to Kazakhstan and Uzbekistan - took 2 months. Due to the incredible rush, there have been fatalities. Mostly children and elderly people died. The Soviet government was distrustful of the Korean population. In order not to lose control over the situation, they actively used the capabilities of agents, informants, and false activists along the entire route. Changes in the size and composition of the Korean population in Kazakhstan and Uzbekistan are traced.


Kazakh Koreans have written bright pages in the annals of national history.

Keywords: Koreans, repression, totalitarianism, politics, deportation, infectious diseases, the Far East, Kazakhstan.

Кіріспе. Қиыр Шығыс кәрістері Кеңес Одағы халықтарының ішінде ең алғашқы болып қуғын-сүргінге ұшырады. Бұлардың қатарын жаппай және күшпен жер аударылған немістер, күрдтер, қырым татарлары, поляктар, чешендер және басқалар этникалық белгілері бойынша толтырды. Ағылшын тілді тарихнамада сталиндік саясат аясында кеңестік халықтардың жаппай және мәжбүрлеумен қоныс аударылуының мәнін "этникалық тазарту" (ethnic cleansing) түсінігімен ашады. Бұл шын мәнінде дұрыс емес. Геноцидке пара-пар "этникалық тазартудан" айырмашылығы сталиндік режим жүргізген депортациялаудың, Югославия ыдырағаннан кейінгі оқиғалар көрсеткендей, басқа себептері мен мақсаттары бар [1]. Дегенмен, "депортация" термині бастапқыда орыс тілінде тар мағынада – қажетсіз тұлғаларды (persona non grata) өздерінің ұлттық мемлекеттеріне шығару ұғымында қолданылғанын қаперден шығармауымыз керек. Дей тұрғанмен, депортация термині Сталиннің ұлттық саясаты мен Кеңес тарихының орыс тілді дискурсына берік енсе де, көбінесе оның көп қабаттылығы ескерілмейді, себебі Кеңес режимі үшін қауіпті жағдайларды болдырмаудың алдын алу шаралары саналғандықтан, сатқындық пен дұшпандық, шет мемлекеттерге көмектесу туралы айыптауларға байланысты жазалау шаралары ретінде де қабылданған.

Тақырыптың өзектілігі. Этникалық депортация себептері. Депортациялау кеңестік кәрістер үшін айрықша жазалау шарасы болмағандықтан 1930-40 жылдардағы Кеңес Одағындағы этникалық депортациялардың жалпы себептері неде деген заңды сұрақ туындайды? Жаппай депортацияға ұшыраған он халық болғаны белгілі: кәрістер, немістер, ингерманландтық финдер, қарашайлар, қалмақтар, чешендер, ингуштар, балқарлар, Қырым татарлары және месхеттік түріктер. Олардың жетеуі – немістер, қарашайлар, қалмақтар, ингуштар, чешендер, балқарлар және Қырым татарлары - өздерінің ұлттық автономияларынан айырылды.

Тұрғылықты өмір сүру ортасынан, сондай-ақ басқа аймақтарға күштеп қоныс аударуға ұшыраған көптеген басқа этникалық топтар: әзербайжандар, армяндар, ассириялықтар, болгарлар, гректер, ирандық еврейлер, ирандықтар, итальяндықтар, қытайлар, күрдтер, латыштар, литвалықтар, молдовандар, поляктар, орыстар, түріктер, тәжіктер, украиндар, гемшиндер, эстондықтар сонымен қатар кеңестік жүйеге «таптық жат» әлеуметтік топтар – кулактар, казактар, ескі рәсімдерге сенушілер және т.б. [2].



Кеңес Одагындағы 1930-1940 жж. этникалық депортациялар картасы

“Кәрістер неге жер аударылды?” деген сұрақ ұзақ жылдар бойғы кеңестік кезеңде жабық санатқа жатқызылды, қуғындалған корейлер тақырыбын зерттеуге тыйым салынды. Сондықтан оны бірінші болып шетелдік зерттеушілер қозғағаны кездейсоқ емес. Мұның бірнеше себебі бар: біріншіден, кеңестік құрылысты сынауға бейім тұратын елдерде кеңестік кәріс мәселесі арнайы қолға алынды. Екіншіден, кәрістер аз тұратын, тіпті мүлде жоқ деуге болатын АҚШ пен Жапония сыртқы саясат мүддесі тұрғысынан ғалымдарын осы мәселеге жекті. 1985 жылы горбачевтік қайта құру, жариялылық, ашықтық саясаты басталысымен тарихтағы ақтандақтарды жою ғылымның өзекті міндетіне айналды. Соңғы он жылда Ресейде, Қазақстанда және Өзбекстанда ондаған ғылыми және публицистикалық жұмыстар пайда болды, онда кәрістерді жер аудару мәселелері, сондай-ақ құпияландырылған мұрағат құжаттарының жинақтары зерттелуде. Олардың авторлары тарихшылар, философтар, заңгерлер, жазушылар мен журналистер.

Көрнекті орыс зерттеушісі Н.Ф. Бугай депортациялау барысын бақылайтын бөлімдерге жататын құжаттарды зерттеу негізінде, бұл себептерді депортацияланғандардың бес тобы бойынша жіктеді. Корейлер немістермен, күрдтермен, месхеттік түріктермен, хемшиндермен және гректермен бірге екінші болып алдын алу белгісі бойынша мәжбүрлі қоныс аударуға ұшырады. Н.Бугайдың корейлерді қуғындаудың алдын алу сипаты туралы пікірімен келісуге болады, бірақ 1937 жылғы қуғындаудың өзіндік тарихы болғанын есте сақтау қажет. Кеңес басшылығы 20-шы жылдардың аяғы – 30-шы жылдардың басында корейлерді Приморье шекаралас аймақтарынан Хабаровск өлкесінің шалғай аумақтарына көшіру жоспарларын түзді. ВКП (б) Орталық комитеті Саяси Бюросының 1927 жылғы 18 тамыздағы Владивосток пен Хабаровскіге шұғыл жіберілген нұсқаулары корейлерді көшіру туралы бірқатар құжаттамаларды әзірлеудің бастапқы қадамы болды, оның мәні корей халқын жаппай қоныс аударуға сайды.

1930 ж. 25 ақпанда ВКП(б) ОК Саяси Бюросы Қиыр Шығыс корейлерін көшіру мәселесін күн тәртібіне қойды. Бұл бастаманың әр жағында Сталин мен оның жанындағы жандайшаптары тұрғаны сөзсіз. Ақырында, 1932 жылы 10 шілдеде ВКП(б) ОК Саяси Бюросы "Кәрістер туралы" мәселенің қайта қарап, бұрынғы нұсқауын тағы да мақұлдады: кәрістерді Қиыр Шығыстан ел-

дің ішіне қарай көшіргенді жөн деп тапты. В.Молотов пен И. Сталин қол қойған "Қиыр Шығыс өлкесінің шекаралас аудандарынан корей халқын көшіру туралы" 1937 жылғы 21 тамыздағы КСР Одағы Халық Комиссарлары Кеңесі мен ВКП(б) Орталық Комитетінің № 1428-326сс бірлескен қаулысында шараны күш қолданумен жүзеге асыру қарастырылды [3].

Мақсаты мен міндеттері. Мұрағат материалдары мен басқа да тарихи деректерді талдау 1937 жылғы депортация патшалық самодержавие мен Кеңес үкіметінің Қиыр Шығыстағы саясатының қисынды аяқталуы болды деген қорытындыға әкеледі. Депортация орыс-жапон соғысы қарсаңында, лениндік реформалар кезінде және сталиндік ұжымдастыру кезінде де дайындалып, сыналды. Сонымен қатар, кәрістердің қоныс аударылуын шовинистік көзқарастағы қарапайым адамдар да, жергілікті әкімшілік пен жоғары мемлекеттік басқару да қалаған.

Мақалада екі мәселе шешіледі: бір жағынан – 1937 жылы кәрістерді жер аудару туралы қалыптасқан жалған таптаурындар мен жаңылыстарды анықтау және екінші жағынан – патшалық және кеңестік Ресейдің Қиыр Шығыстағы ұлттық саясатының қисынды аяқталуы болды деген ғылыми негізделген дәлелді тиянақтау.

Материалдар мен әдістемесі. Мақаланың деректік негізін Қазақстан мен Өзбекстан архивтерінен алынған ақпараттар, таяу және алыс шетелдерде жарияланған құжаттар жинағы, статистикалық мәліметтер құрады. Әдістемесі ғылыми танымның әмбебап ұстанымдарынан – тарихилық, жүйелілік, объективтілік, даму ұстанымдарына сәйкестендірілді. Мұнда тарихты түзудің басты рөлін ойнайтын күш ретінде халық пен оның лайықты тұлғалары, билік пен саясаттың әрекеті мен мазмұны алынды.

Негізгі бөлім. Кәрістерді жер аудару туралы жалған таптаурындар және тарихи шындық. Ең көп таралған және қалыптасқан жалған таптаурындардың бірі кәрістерді депортациялау Сталиннің аяқасты шешімінің нәтижесі, осылайша Қиыр Шығыстағы шетелдік (жапондық) тыңшылықты тоқтатқысы келгені-мыс.

1937 жылғы 21 тамыздағы КСР Одағы Халық Комиссарлары Кеңесі мен ВКП(б) Орталық Комитетінің № 1428-326сс бірлескен қаулысымен кезінде Сталин мен Молотов қол қойған қаулының барлық талаптары қолдау тапты.

1937 ж. 28 қыркүйекте КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің В.Молотов пен Н.Петруничевтің қол қойған, алыстағы, шекаралық емес аудандар мен көршілес аймақтарды қоса алғанда, Қиыр Шығыспен шектелмейтін барлық аумақтардағы кәрістерді жаппай жер аудару туралы "Қиыр-Шығыс өлкесінің аумағынан кәрістерді көшіру жайлы" № 1647-377 сс қосымша қаулы қабылданды. Кеңестік биліктің мүлтіксіз орындалуға тиісті құжатында болашақты болжаған сәуегейлік байқалады. Жүздеген мың кеңестік кәрістер Германияның немесе Италияның шпиондары болып кетуі мүмкін деген ой қылаң берді. Адамзат баласының тарихында осыншама жанның бір сәтте Отанын сатып, шпионға айналып кетуі ешқашан болған емес. Демек, сталиндік басшылық өз азаматтарына сенімсіздік танытудың жан шошырлық нұсқасын алға тартты.

Кәрістерді депортациялаудың және одан кейінгі арнайы қоныс аударулардың негізгі себебін 20-жылдардың аяғында КСРО-да қалыптасқан және 30-40-шы жылдары толық көрініс тапқан тоталитарлық режимнің мәнінен іздеу керек. Жеке басқа табынудың әкелген зардаптары шексіз болып шықты. Ең бастысы – олар адамшылыққа, ізгілікке, Конституциялық заңдылыққа мүлде кереғар еді.

Сталиннің белгілі тезисі социализм құрылысының жетістіктеріне тікелей пропорционалды, ел ішінде және одан тыс жерлерде таптық күрестің шиеленісуі үлкен елде жаппай қайғылы террор дәуірін ашты. Жаудың бейнесі барлық жерде әрі үнемі қоғамдық және жеке санаға тықпаланды, ал жау кейпінде жеке адамдар, әлеуметтік топтар немесе таптар ғана емес, бүкіл халықтар сипатталды. Осыдан социализмге, Отанға, көшбасшыға дұшпан халықтарға қарсы террор мен аяусыз күрес қажеттілігі туралы тұжырым қисынды түрде дүниеге келді.

Кеңес корейлерінің Қиыр Шығыстан депортациялануының нақты себептерінің арасында сыртқы саяси фактор үлкен рөл атқарды. Турасына көшкенде, ат төбеліндей кеңестік кәрістер

үлкен саясаттың құрбанына айналды. Оларды күштеп көшіру арқылы кеңес басшылары шетелдік қарсыластарын жүрісінен – социализм еліне ұстанған саясатынан жаңылыстырамыз деп білді. Жапониямен жақындасу үшін соңғысының пайдасына жеңілдіктер қарастыру қажет еді, солардың бірі ҚШТЖ-ға құқықты су тегінге сатудан көрінді. Басқа жеңілдік түрі, профессор М.Н. Пактың пікірінше, Жапонияға қарсы көңіл-күйдегі кәрістерді Қиыр Шығыс өлкесінен толық қуу болып табылады. "Біздің ойымызша, – деп жазады ол, – әрине, Қиыр Шығыстан кәріс халқын толығымен көшіру туралы белгілі бір келісім болғаны сөзсіз, бірақ ол жазбаша құжатта тұжырымдалған ба екен деген сұрақ сақтала береді" [4]. Кәрістер "превентивті акцияның саяси кепілі" деген ой алғаш рет зерттеуші В.Ф. Лидің еңбегінде айтылды [3, 65-66 бб.].

Тап осы мәселе бойынша басқа да ғалымдардың пайым-тұжырымдары бар [5]. Бәрі салыстырумен танылады. Егер осы ұстанымды басшылыққа алар болсақ, онда кеңестік кәрістердің қасіретін ауыл шаруашылығын ұжымдастырумен орын алған Қазақстандағы ашаршылықпен пара-пар деуге болады [6]. Кәрістерден қалған материалдық, заттай байлықты большевиктік билік далаға тастаған жоқ. Бірақ біреудің қайғысы басқаларға бақыт әкелмейді. Қиыр Шығыстың жаңа тұрғындары шекесі шылқи мырғайға батты дей алмаймыз [7]. Негізгі себеп тоталитарлық режимнің ішкі және сыртқы саясатында ұлы державалық пиғылды жүзеге асыруға сайды.

Талқылау. Депортацияны ұйымдастырудың ақиқаты мен стихиялық туралы жаттандылық. Посткеңестік кезеңдегі тарихи зерттеулер, сондай-ақ аға буын кәрістердің естеліктері депортацияға қатысты жалпы көрінісінің көптеген үзінділерін ашып, сталиндік шешім мен операцияның аяқастынан туындағаны әрі стихиялығы туралы алғашқы жалған таптаурынды жоққа шығарды. Сталин күштеп көшірілген Қиыр Шығыс кәрістерінің бәрінің өлімін қалады деген пікірмен де келісуге болмайды. Біздің нық сеніміміз бойынша, кәрістерді депортациялау жаппай мәжбүрлі көшіру механизмін сынақтан өткізген тоталитарлық режимнің жоспарланған, ұйымдастырылған және мұқият бақыланған кең ауқымды акциясы болып табылады.

Кәрістерді кедергісіз депортациялау үшін тоталитарлық режим оларды танымал көшбасшылар мен басшыларынан айырды. ПХК-ның жымысқылықпен Қиыр Шығыс өлкесін КСРО-дан бөліп тастау мақсатында қарулы көтеріліс дайындаған аймақтық кәріс көтеріліс орталығы деген ойлап табылды. ВКП (б) Посьет аудандық комитетінің бірінші хатшысы Афанасий Кимнің ісі бойынша 1938 жылғы 25 мамырдағы ату үкімінен үзінді осыны дәйектейді [8]. Люшковтың айтуынша, қоныс аудару барысында Қиыр Шығыс өлкесінде 2 500 кәріс қамауға алынған екен [9].

Депортацияны жүзеге асыру үшін Қиыр Шығыс билігі, ең алдымен жазалаушы органдар белсенді жасырын жұмыс жасағандығының айқын дәлелі – "Уссури, Приморск және Хабаровск аймақтарының шекаралас аудандарындағы кәріс халқының саны туралы" анықтама (пысықталған мәліметтер) Құжат 1937 жылы 21 тамызда Мәскеуге ПХК Қиыр Шығыс өлкесінің ішкі әскерлері басшылығымен жіберілген. Бұл – кәріс тұрғындарына қарсы кең ауқымды іс-шараларды өткізу туралы алғашқы жарлыққа Сталин мен Молотов қол қойған күн. Жақшаның ішінде «пысықталған мәліметтер» деп нақтылауынан күштеп көшірудің барша мәселелері назарда ұсталғанын байқаймыз [3, 67-80]. Бұл мәліметтер шығынды ғана көрсетіп қойған жоқ, болашақты болжауға да қажет болды.

Келесі бір құжатта кәрістерді басқа жаққа көшіруді ұйымдастыру бойынша бірқатар толықтырулар бар. Біріншіден, орындалу мерзіміне қатысты. Меморандумда: "1938 жылдың 1 қаңтарына дейін тез арада қоныс аударуға кірісіп, аяқтау" қарастырылса, директивада: ..күштеп көшіру 25 қазанда басталып, 15 қазанда аяқталады делінген (1937 ж. – авторлық ескерту). Екіншіден, аудандарда кәріс халқын көшіруге басшылық құрамында ВКП(б) ДальКрайком өкілі, Крайисполком өкілі және ПХКБ өкілі бар үштікке жүктелді. Үшіншіден, кәрістер қалдырған мүлікті бағалау және олармен есеп айырысу тәртібі нақтыланды. Төртіншіден, әр бес күн сайын Крайкомға және крайисполкомға көшіру барысы туралы ақпарат жеткізіліп отырды [10].

Кәрістерді ҚШӨ-ден депортациялау жоспары бойынша "үш кезек" белгіленді, оның үстіне бірінші кезек 1937 жылғы 21 тамыздағы сталин-молотов қаулысында көрсетілген еді: "Қоныс

аударуды Посьет ауданынан және Гродеково маңындағы аудандардан бастау керек". Екінші және үшінші кезектерді облыс басшылығы қыркүйек айының басында КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің "кәрістерді көшіру" туралы бірқатар қаулыларын шекаралық аудандарды атамай-ақ қабылдағаннан кейін, бұл ретте көшіру аудандарының сыртқы шекаралардан алыстығы өлшемін және орындалу хронологиясын басшылыққа ала отырып, анықтады.

Көшірудің белгіленген кезектеріне сәйкес аймақтық және облыстық үштіктер өздерінің кеңейтілген отырыстарында әскери поездға тиеу және оларды жөнелтудің жоспар-кестесін жасады. Олар көшетіндер жиналатын және эшелондарды күтетін күндерді, теміржол станциялары мен жөнелетін разьездерді бекітті.

Тұтастай алғанда, кеңестік тоталитарлық жүйе қуғын-сүргінді ұйымдастырудың бай тәжірибесін жинақтады. Ол күдікті деген адамды сырттан бақылауға алудан басталып, өмірін қиюға дейін қамтып жатты. Мектеп салуға, кино түсіруге, кітап шығаруға қаражат жетпей жатса да, жазалаушы органдар ешқандай тапшылық көрген жоқ. Ол саладағы қызметкерлердің еңбек айлығы өте жоғары деңгейде қала берді [11].

Кәрістер тиелген поездарды бөгетсіз, тоқтаусыз жүргізуге үлкен мән берілді. Мұндағы басты мақсат тоталитаризм қылмысын жасыру еді. Жалпы, қандай болмасын жақсылы-жаманды іргелі істі жоспарлағанда немесе қолға алғанда кеңестік басшылық бірінші орынға құпиялықты қойды. Ол өзін осылайша тылсым күдірет иесіндей көрсетуге тырысты. Құдайды бекерлеген қоғамда большевиктер өздерін құдай санады. Большевиктер бар жерде құдайға орын қалған жоқ. Кәрістерге қарсы ұйымдастырылған қуғын-сүргін құдайсыздардың ғана қолынан келді. Кәрістерді жаңа мекенге жеткізген поезддағы бір вагонда 5-6 отбасы (25-30 адам) орналасты. ҚШӨ-ден Қазақстан мен Өзбекстандағы түсіру станцияларына дейінгі жол жүру уақыты 30-40 күнге созылды [12]. Жер аударуды дайындау және жүргізу партиялық, жазалау және басқа да мемлекеттік органдардың тігінен де, сондай-ақ бүкіл өлкенің аумақтық көлденеңінен де қатаң, тұрақты, жан-жақты бақылауында тұрды.

Кәріс халқын есепке алу кезінде төлқұжаттар алынып, аңшылық және басқа да атыс қарулары тәркіленді. Кең агенттік желі кәрістердің әр сөзі мен әрекетін қадағалады. Қиыр Шығыс мемлекеттік мұрағаттарында кәрістерді көшіруге жататын аудандар бойынша қоныс аудару және саяси көңіл-күй жөніндегі жұмыс барысы туралы нөмірлік арнайы хабарламалар деп аталатын бірегей құжаттар сақталған [13]. Құжаттан *"кәріс халқы депортацияның үнсіз құрбаны болмағаны. Олардың ішіндегі ең батыл және адал адамдар озбырлық пен заңсыздыққа қарсы ашық шығып, кордоннан кетуге, мал мен дақылдарды жоюға, бағынбауға шақырғаны"* көрінеді [14].

Кәрістерді бақылау ҚШӨ-ден көшірумен аяқталған жоқ, бұған «Хабаровск аймағының кәрістерін қоныс аудару туралы қорытынды есеп» деп аталатын құжаттың «Пойыздарды агенттікпен қамтамасыз ету» тарауының мазмұны дәлел бола алады. Ондағы бір сөйлеммен тұжырымдалған: «Кәрістер тиелген пойыздар агентурамен қамтамасыз етілген» хабарламасына аймақтық үштік қол қойған. Қудаланған адамдарды бақылау бүкіл жол бойына және Қазақстан мен Орталық Азияға келгеннен кейін де жалғасты.

Жол бойында "жұмсақтық", "немқұрайлылық", "тәртіпсіздік", "саяси соқырлық", "бұзақылық...", "жіберілген қателіктер" үшін және т.б. сылтаумен жазалау шаралары кеңінен қолданылды. Мәселен, Посьет аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Сенько жұмыстан шығарылып, сотқа берілді. Бірқатар өлкелік және облыстық басшыларға қатаң сөгіс жарияланды, *"Орталық Комитет шешімдері мерзімінде орындалмаған жағдайда, кәрістерді көшіру және қоныс аударуға уақтылы дайындалмау туралы қатаң шаралар қабылданатыны"* аймақтық және аудандық үштік ескертілді [15].

1937 ж. 25 қазанда КСРО Ішкі Істер Халық Комиссары Ежов Кремльге "кәрістерді ҚШӨ-ден көшіру аяқталды" деп баяндап, рекордтық мерзімде 171 781 адамнан тұратын 36 442 отбасы Қазақстан мен Өзбекстанға көшірілді. Балық аулауда, іссапарларда және т.б. себептермен

Камчатка мен шалғай аудандардағы кәріс халқының қалған бөлігі 1937 жылдың 1 қарашасына дейін құрама эшелонмен шығарылатыны хабарланды [16].

Қазақстанда да, Өзбекстанда да мұндай көп адамды қабылдауға және ұйымдастыруға дайындық жоқ еді. Депортациялау барысында қабылдауға және орналастыруға жататын кәріс шаруашылықтарының саны бастапқы көрсетілген санмен салыстырғанда 30-40 пайызға көп болып шықты, қоныстандыру өңірлері, аудандары мен аймақтары және қоныс аударушылардың сандық бөлінуі өзгерді, бұл оларды жайластыруда қосымша қиындықтар туғызды.

Қазақстанда аймақтық атқарушы комитеттердің 1938 жылғы 1 желтоқсандағы есептік деректері бойынша 18 525 кәріс шаруашылығы Шығыс өңірінен басқа облыстардың бәрінде қоныстанды. Ең көп қоныстанған өңір Алматы мен Қызыл-Орда облыстары еді. Бұларда 7 000 дейін шаруа қожалықтары топтастырылса, Ақтөбе, Батыс Қазақстан облыстарында ондайлардың саны 700-ден асқан жоқ [17]:

Өзбекстанға көшірілген шаруа қожалықтары 10 мыңнан сәл ғана асты. Демек, кәрістердің негізгі дені жаңа Отанын Қазақстаннан тапты. Бұлар қоныстанған өңірде қазақтар көпшілікті құрайтын. Сол себепті қазақстандық кәрістердің басым бөлігі тез арада қазақ тілін меңгеріп алды. Өзбекстанда 74 206 адамнан тұратын 16 453 кәріс отбасы орналасты. Көрсетілген отбасы санынан колхоздарға 10 946 шаруашылық орналастырылды [18]:

Аймақ	Шаруа қожалықтарының саны
Ташкент	6 557
Самарқанд	1 194
Ферғана	1 130
Хорезм	846
Бұхара	16
Қарақалпақ	АССР 1 203
Барлығы	10 946

Бұлардың барлығы ауыл-селоларға орналастырылды [19]. Өзбекстандағы кәрістердің саны 74 500 адамды құрады [20].

Қазақстанда кәрістер негізінен колхоздарға немесе бұрыннан бар шаруашылықтарға "қосымша қоныстандырылды" [21].

Қазақстанда кәрістердің қоныстануы мен одан арғы тағдыры күріш егуші Қызылорда және Талдықорған (Алматы) облыстарында қалыптасты. Қаратал ауданында осы аттас өзеннің бойында көлемі жағынан едәуір күріш алқабы пайда болды, сондықтан аудан орталығы – Үштөбе станциясының айналасында жиырмаға жуық колхоздар құрылды.

Өзбекстанда кәріс қоныс аударушыларының үлкен тобы Ташкент маңындағы жерлерге, астаналық облыстың төменгі, орта, жоғарғы Ширчик аудандарына шоғырланды.

Зерттеу нәтижесі. Құрбандар туралы таптаурындар және депортацияның адам шығыны шындығы. Аға буын кәрістердің эмоционалды естеліктері, қаламы жылдам тілшілердің көптеген газет-журналдардағы жарияланымдары, зерттеушілердің әлсіз ғылыми мақалалары депортация кезіндегі адам шығыны туралы жалған түсінік қалыптастырды. Сондықтан мынаны түсіндіру қажет.

Мұрағаттық құжаттарды, статистикалық деректерді және көзкөргендердің куәліктерін талдау күштеп көшіру басталғанға дейін және оны жүзеге асыру кезінде кәрістердің ҚШӨ-ден тыс жерлерге кетуі айтарлықтай байқалмады деп болжауға мүмкіндік береді. Депортациялау туралы қаулының қабылдануы Шекара қызметінің қосымша күштерімен және ПХК жасақтарымен шекарада тығыз шоғырланғаны соншалық, кәрістердің қашып кетуінің бірлі-жарым жағдайлары да мүмкін болмады.

Тасымалдау кезінде қайтыс болғандардың саны, оның ішінде 1937 жылы 13 қыркүйекте Хабаровск маңындағы Верино станциясында болған № 505 эшелондағы қайғылы апаттың құрбандары бірнеше жүз болуы мүмкін [22]. Әр түрлі объективті себептерге байланысты

қайтыс болғандардың нақты санын анықтау қиын, бірақ ең көп зардап шеккен екі топ: қарттар мен балалар еді.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, ҚШӨ-де және Ресейдің басқа аймақтарында жер аудару кезіндегі болған кәріс халқының санын анықтап, оны Қазақстан мен Өзбекстанға қоныс аударған кәрістердің санымен салыстыру қажет. Сондай-ақ, депортацияланған кәрістердің бір тобы Астрахань және Ростов облыстарына қоныс аударғаны туралы мәліметтерді тексеріп, олардың санын анықтап, әрі қарай механикалық және табиғи өсіп-өнуін бақылау қажет. 2 871 адамнан тұратын 520 кәріс отбасын Астрахань балық кәсіпорындарына орналастыру үшін Қазақстанда есепке алынғандар қатарынан толыққан фактісі құжатталған. Қазір Астанада тұратын Тю Петр Степановичтің, 1927 ж.т., Лян Илья Львовичтің, 1925 ж. т. және Те Бун Сен, 1926 ж. т. естеліктерінде «Астраханьға кәрістермен бірге тұтас эшелон келді, кейін оларды балық аулайтын кенттерге «шашыратты» делінген. 1941 жылдың желтоқсан айының ортасында барлық кәрістер Қазақстанға көшіріліп, жөнелтуге бірнеше күн қалғанда "Сталинград түбінде траншеялар мен танкіге қарсы орларды қазған ер адамдар еңбек армиясынан босатылды" [23].

Өздеріңіз білетіндей, 1939 және 1959 жылдары жүргізілген халық санағы арасындағы жиырма жыл, жалпы қуғын-сүргін, қанды Екінші дүниежүзілік соғыс, экономикалық күйреу, қырғи қабақ соғыс дәуірінің басталуы және барлық кеңес халықтарының демографиялық процестеріне әсер еткен қарулану жарысы сияқты тарихи оқиғаларға толы. 1939-1959 жылдардағы санақ аралығындағы кезеңде Қазақстандағы кәріс халқының саны айтарлықтай төмендеді: абсолюттік санмен 23 277 адамға дейін. Кәрістер санының төрттен бір бөлігін жоғалту себептері неде?

Ол, біздің ойымызша, адами фактордан туындады. Біріншіден, екі республикаға бөлініп қалған ағайын-туыстар қайта табысуға ұмтылды. Екіншіден, Өзбекстанның табиғи-климаттық жағдайы Қазақстанға қарағанда адамдарға қолайлы еді. Онда жылдың жылы мезгілі 10-11 айға дейін созылса, Қазақстанда ол 5-6 айдан аспайтын. 1940 жылғы 10 ақпандағы жағдай бойынша Қызылорда облыстық атқару комитетінің қоныс аудару бөлімінің толық емес деректері бойынша 1938 жылдың басынан бастап кәріс қоныс аударушыларының жалпы санынан 5 506 шаруашылық (жұмысшылар мен қызметшілерсіз) Өзбек КСР-не 1 827 шаруашылық, яғни 10 мыңнан астам адам кетті немесе көшті. Қазақстаннан Өзбекстанға кеткен кәріс қоныс аударушыларының жалпы саны әлі анықталған жоқ және дәл есептеу үшін Қазақ және Өзбек ССР Халық Комиссариаты мен Халық Комиссарлар Кеңесінің қоныс аудару бөлімдерінің статистикалық құжаттарына салыстырмалы талдау жасау қажет.

1937-40 жылдардағы шаруашылық құрылысына тарту кезеңінде қоныс аударған кәрістердің Қазақстаннан Өзбек ССР-на жаппай көшуінен басқа, кәріс халқы бірқатар нақты-тарихи себептердің салдарынан азайды. Алғашқы жылдары жаңа жерде бұрынғыдан өзгеше табиғи-климаттық жағдайлардан, тұрғын үйдің тұрақсыздығынан, нашар тамақтанудан, медициналық көмектің болмауынан және т.б. себептермен өлім-жітім көбейді. Кәрістер көшіп барған көптеген колхоздарда эпидемиялық аурулар, жаппай асқазан-ішек ауруы, суық тию етек жайып, өлгендер саны күрт өсті. Қазақстандағы кәрістер арасында 2 жыл бойы (1938 және 1939 жж.) орын алған әртүрлі демографиялық оқиғалар туралы деректер демографиялық коэффициенттерді есептеуге халық арасында болып жатқан процестерді талдау әдісі ретінде пайдалануға мүмкіндік береді. Кәрістер арасындағы туу коэффициенті Қазақстан бойынша орташа коэффициенттен асып түсті, ол 1937-38 жылдары әр мыңға 42,4 адамды құрады. Өлім-жітім коэффициенті республика бойынша орташа көрсеткіштен 2 есеге жуық асып түсті: 1937 жылы Қазақстан бойынша өлім-жітім әрбір 1000 тұрғынға 18,3 адамды құрады, ал 1938 жылы – 16,3. Әсіресе балалар, дәлірек айтқанда нәрестелер арасындағы өлім-жітімнің жоғары деңгейі байқалды. Ақпарат берушілердің естеліктері бойынша әрбір кәріс отбасында балалар қайтыс болды, көптеген көп балалы отбасыларда олардың жартысы немесе аз бөлігі аман қалды.

Егер қоныс аударушыларды аштық пен суықтан құтқарған қазақтардың, өзбектердің, басқа да халықтарының көмегі, мейірімі мен панасы болмаса, Қазақстан мен Өзбекстанның кәрістері адам және моральдық-психологиялық шығындардан теңдессіз үлкен дәрежеде зардап шегер еді.

Қазақстанның көрші республикадан айырмашылығы 30-40 жылдары ондаған жазықсыз халықтардың жер аударылу орнына айналды және осыған байланысты белгілі тілші Л.Вайдман: "қазақтар, егер ашығын айтсақ, өз жағдайының биігінен көрінді, іс-жүзінде миллиондаған қуғын-сүргінге ұшыраған адамдардың өміріне күмән келтірген сталинизмнің қисынын қабылдамай тастады" деп жазады [24].

Қорытынды орнына. Мақаланың тарихи бөлігін қорытындылай келе, коре сарамның бір жарым ғасырлық тарихын, бейнелеп айтқанда, тұрақты үздіксіз аумақтық қозғалыс пен әлеуметтік ұтқырлық тарихы деп қорытындылай аламыз. Ресейдің Қиыр Шығысына өз еркімен қоныс аудару; патша өкіметі шекаралас Приморье облыстарынан Ресейдің солтүстік аймақтарына көшіру; Қазақстанға және Орта Азияға жер аудару; еңбек армиясына жұмылдыру, кәріс колхозшыларын ұйымдасқан түрде қоныстандыру; *кобонджиге* байланысты маусымдық көші-қон, сондай-ақ кеңестік кәрістердің урбанизация процестері; әлеуметтік құрылымдағы күрт өзгерістер – бұл Коре Сарам бастан кешірген мәңгілік қозғалыстың толық тізімі емес.

КСРО-дағы кәрістер құрамы бойынша гетерогенді болғандығын және оларды шартты түрде үш топқа бөлуге болатындығын да ескеру қажет. Басым топқа негізінен корей түбегінің солтүстік бөлігінен Ресейдің қиыр шығысына қоныс аударушылардың ұрпақтары кірді. Бұл топ 2-5 ұрпақпен ұсынылды.

Екінші топқа Сахалин кәрістері кірді. Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін Оңтүстік Сахалинде 47 мыңнан астам кәріс қалды. Қазіргі уақытта Ресейде, Қазақстанда және Өзбекстанда Сахалин кәрістерінің саны 35 мыңнан асады және олар 1-3 ұрпақты құрайды. Қазақстандағы Сахалин кәрістері мен олардың ұрпақтарының нақты санын есепке алу мүмкін емес және алдын-ала бағалау бойынша 1-2 мың адам болуы мүмкін.

Үшінші топ – ең азы, бірақ оның өкілдері корей тілін жақсы білетіндіктен өте танымал. Бұл топты жоғары оқу орындарында оқығаннан, аспирантурадан өткеннен кейін, келісімшарт бойынша жұмыс істегеннен соң немесе шекарадан өткеннен кейін Кеңес Одағында қалған бұрынғы ҚХДР азаматтары құрады. Үшінші топтағы кәрістердің саны ондаған болды.

Кеңес Одағы ыдырап, жаңа Тәуелсіз Мемлекеттер құрылғаннан кейін коре сарам тарихында жаңа кезең басталды. Басқа этникалық азшылықтардан, соның ішінде орыстардан айырмашылығы, олардай кеңестік Орта Азия республикаларынан көшіп кету стратегиясын қабылдамады, кәрістер қалуды жөн көрді, бірақ олар бұрынғы орнында тұрып, Орталық Азияның егеменді мемлекеттерінің жағдайына қайта бейімделуге бет бұрды. Коре сарамның алыс шетелге эмиграциясы шамалы болды, мигранттардың бір бөлігі жақын шетелге, яғни басқа посткеңестік елдерге қоныс аударды. Тәжікстаннан азаматтық соғысқа байланысты кәрістердің кетуі жаппай және мәжбүрлі болды, мигранттарды негізінен әскери босқындар деуге негіз бар.

Соңғы онжылдықта бірқатар өзара әрекеттесулерге байланысты – ТМД елдеріндегі push factors (эмиграцияға "итермелейтін" факторлар) және иммиграцияның pull factors (сөзбе-сөз "тартатын факторлар") – заңды иммиграцияның пайда болған мүмкіндіктері, Оңтүстік Кореядағы орыс тілді кәрістердің саны күрт өсті. Олардың этникалық Отанына келуінің тарихы, жаңа өмірі және бейімделу кезеңінің проблемалары Оңтүстік Корея профессорлары үшін жаңа зерттеу тақырыбына айналды, бірақ орыс тілді тарихнамада әлі де маңызды ғылыми еңбектер мен публицистикалық кітаптар жоқ [25]. Тізе қоса ғылыми талдау жүргізетін уақыт келді, себебі бірлескен білім, қабілеттер, дағдылар мен тәжірибе оңтайлы нәтиже әкеледі.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. *Этникалық тазарту – жат этникалық қауымға кіретін адамдарды нақты аумақтан зорлықпен қуу саясаты. «Этникалық тазартудың» формалары саналуан: этникалық топтарды жаппай қоныс аудару мен миграцияға мәжбүрлеуден депортацияға және геноцидке дейін.*

2. *Павел Полян. Принудительные миграции в годы Второй мировой войны и после её окончания (1939–1953) (рус.), тето.ги.*

3. Белая книга о депортации корейского населения России в 30-40-х годах. – М., 1992. – С. 64.
4. Пак М.Н. О причинах насильственной депортации советских корейцев Дальнего Востока в Центральную Азию. - Дорогой горьких испытаний. К 60-летию депортации корейцев России. – М., 1997. – С. 31.
5. Ким Г.Н. Корейцы Казахстана и Средней Азии в зарубежных исследованиях. Реферативный сборник. Выпуск 32. – Алма-Ата, 1990.
6. Абылгожин Ж. Б., Козыбаев М.К., Татимов М.Б. Казахстанская трагедия. - Вопросы истории. 1989, № 7. – С. 53-71.
7. Ким Г.Н. Социально-культурное развитие корейцев Казахстана. Научно-аналитический обзор. – Алма-Ата, 1989. – С. 10-11
8. Сутурин А.С. Дело краевого масштаба. – Хабаровск, 1991. – С. 188.
9. Kho Song Moo. Koreans in Central Asia. – Helsinki, 1987. – P.29-30.
10. История корейцев Казахстана. Сборник архивных документов. т.1. – Алматы-Сеул, 1998. – С. 57-58.
11. Докладные записки об итогах переселения корейского населения, - ГАХК, ф. П-2, оп.1, д.1552, л. 1-4; там же, ф.П-399, оп.1, д. 336, л. 42-44.
12. Есептелді: Белая книга о депортации корейского населения России в 30-40-х годах. – М., 1992, с. 90-92; 94, 103-104; 106-112; ГАХК, ф. П 355, оп. 1, д. 5, л.5; График отправления эшелонов с переселенцами по Хабаровской области, - История корейцев Казахстана. Сборник архивных документов. т.1. – Алматы-Сеул, 1998. – С. 107.
13. ЦГА РДВ, ф. Р 2413, оп. 2, д. 804, л.219-224; ГАХК, ф. П 2, оп. 1, д. 1316, л. 33-34
14. Ли В.Ф. Комментарии к спецсообщению № 1, - Белая книга о депортации корейского населения России в 30-40-х годах. – М., 1992. – С. 134
15. ГАХК, ф. П-399, оп.1, д.336, л. 25-33.
16. Пак Б.Д. Корейцы в Советской России (1917-конец 30-х годов). – М.-Иркутск-СПб., 1995, с.234
17. ҚР ОМА, қ.1208, оп.1, іс - 26-а, п.103
18. Ким П.Г. Корейцы республики Узбекистан. - Ташкент, Узбекистон, 1993. – С. 170.
19. Есептелді: ЦГА РУ, ф. 100, оп. 1, д.1, л. 74-78.
20. ЦГА РУ, ф. Р-837, оп.27, д. 39, л. 19.
21. ҚР ОМА, қ. 1208, оп.1, іс-2, п. 18; ҚР ОМА, қ. 1208, оп.1, іс-26-а, п. 49.
22. ҚР ОМА, қ. 1208, оп. 1, іс- 23, п. 3-5; сонда, іс-109, п. 66
23. Свидетельства очевидцев, - Нива, 1997, №4, с. 24, 27, 29
24. Казахстанская правда, 1990, 2 марта.
25. Кейбір оңтүстік корейлық сарапшылардың пікірі бойынша, бүгінгі таңда ТМД елдерінен шыққан этникалық кәрістердің Оңтүстік Кореяда 20 мыңға жуық өкілдері бар.

Paydalangan adebietter tizimi;

1. *Ethnic cleansing is a policy of forcible expulsion of people belonging to a foreign ethnic community. There are many forms of "ethnic cleansing": from forced relocation and migration of ethnic groups to deportation and genocide.*
2. *Pavel Polyan. Compulsory migration in the years of the Second World War and after its end (1939–1953) (rus.), Memo.ru.*
3. *White book about the deportation of the Korean population in Russia in the 30-40s. – М., 1992. – P. 64.*
4. *Pak M.N. On the reasons for the violent deportation of Soviet Koreans from the Far East to Central Asia. - The road of bitter trials. To the 60th anniversary of the deportation of Koreans from Russia. – М., 1997. – P. 31.*

5. Kim G.N. *Koreans from Kazakhstan and Central Asia in foreign studies. Abstract collection. Issue 32, - Alma-Ata, 1990*
6. Abylgozhin Zh. B., Kozybaev MK, Tatimov MB *Kazakhstan tragedy. - Questions of history. 1989, № 7, p. 53-71*
7. Kim G.N. *Socio-cultural development of Koreans in Kazakhstan. Scientific and analytical review. - Alma-Ata, 1989, p. 10-11*
8. Suturin AS *The case of the regional scale. - Khabarovsk, 1*
9. Kho Song Moo. *Koreans in Central Asia. - Helsinki, 1987, p.29-30*
10. *Istoriya koreytsev Kazakhstana. Sbornik arkhivnykh dokumentov. t.1, - Almaty-Seul, 1998, s. 57-58*
11. *Dokladnyye zapiski ob itogakh pereseleniya koreyskogo naseleniya, - GAKHK, f. P-2, op.1, d.1552, l. 1-4; tam zhe, f.P-399, op.1, d. 336, l. 42-44.*
12. *Yesepteldi: Belaya kniga o deportatsii koreyskogo naseleniya Rossii v 30-40-kh godakh. M., 1992, s. 90-92; 94, 103-104; 106-112; GAKHK, f. P 355, op. 1, d. 5, l.5 ; Grafik otpravleniya eshelonov s pereselentsami po Khabarovskoy oblasti, - Istoriya koreytsev Kazakhstana. Sbornik arkhivnykh dokumentov. t.1, - Almaty-Seul, 1998, s. 107.*
13. *TSGA RDV, f. R 2413, op. 2, d. 804, l.219-224; GAKHK, f. P 2, op. 1, d. 1316, l. 33-34*
14. *Li V.F. Kommentarii k spetssoobshcheniyu № 1, - Belaya kniga o deportatsii koreyskogo naseleniya Rossii v 30-40-kh godakh. - M., 1992, s. 134*
15. *GAKHK, f. P-399, op.1, d.336, l. 25-33.*
16. *Pak B.D. Koreytsy v Sovetskoy Rossii (1917-konets 30-kh godov). – M.-Irkutsk-SPb., 1995. – S.234.*
17. *KR OMA, k.1208, op.1, is - 26-a, p.103*
18. *Kim P.G. Koreytsy respubliki Uzbekistan. - Tashkent, Uzbekiston, 1993, s. 170.*
19. *Yesepteldi: TSGA RU, f. 100, op. 1, d.1, l. 74-78.*
20. *TSGA RU, f. R-837, op.27, d. 39, l. 19.*
21. *KR OMA, k. 1208, op.1, is-2, p. 18; KR OMA, k. 1208, op.1, is-26-a, p. 49.*
22. *KR OMA, k. 1208, op. 1, is- 23, p. 3-5; sonda, is-109, p. 66*
23. *Svidetel'stva ochevidtsev, - Niva, 1997, №4, s. 24, 27, 29*
24. *Kazakhstanskaya pravda, 1990, 2 marta.*
25. *Keybír oqtüstik koreyalyk sarapshylardyń pikiri boyynsha, bygingi tańda TMD yelderinen shykkan etnikalyk káristerdıń Oqtüstik Koreyada 20 muńğa zhuyk ókilderi bar.*

ӘӨЖ 794-01
МРНТИ 03.20

<https://doi.org/10.51889/2021-3.1728-5461.02>

¹ Б.С. Жұмагулов *

¹Абай атындағы ҚазҰПУ, Әлем тарихы кафедрасының профессоры,
тарих ғылымдарының кандидаты
Алматы, Қазақстан Республикасы, E-mail: jumagulov-bolat@mail.ru

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1920-1922 ЖЫЛДАРДАҒЫ АШТЫҚ ЗАРДАПТАРЫН ЖОЮ БАҒЫТЫНДАҒЫ ЖҮРГІЗІЛГЕН ШАРАЛАР

Аңдатпа

Мақалада Қазақстандағы 1920-1922 жылдардағы аштықпен күрес туралы айтылады. Аштықтың кесірін тоқтатуда Қазақстан өкіметінің барлық мүмкіндікті пайдаланғандығы туралы айтылып, бұл құбылыстың республика тұрғындары үшін апатты жағдайына Орталық Кеңестік биліктің назарын аударғандығы көрсетіледі. Мәскеуден жанды көмек көрсетуге ұсыныстар жасалып, тарихының өзіндік ерекшелігі бар, Кеңес өкіметінің алғашқы саяси, экономикалық, мәдени, тағы да басқа бағыттардағы бейбіт құрылымдарының жүзеге асыру барысындағы қиындықтар мен қайшылықтар туралы айтылады.

Көрсетілген мерзімде Кеңес өкіметі дағдарысқа ұшырап, өнімділігі құлдырап, тоқырауға ұшыраған экономиканы аяғынан тұрғызу және оны одан ары дамыту шараларын қолға алып, сонымен бірге бұл аса маңызды қадамды қысқа мерзімде аяқтау жоспарланды. Бұл кезде Кеңес өкіметі барынша экономикалық құлдырау сатысына аяқ басқан еді. Ал оның арты жаңа толқулар, төңкерістерге алып келетіндігі айғақтана түсті.

Ресейдегі 1920 жылдардағы оқиғалар, азаматтық тартыс елдің барлық саласына аса үлкен қирау, құлдырау, тоқырау, тұрғындарына күйзеліс, кедейшілік пен аштық әкелуінің себептеріне тоқталған. Сонымен қатар мақалада аштықтың себеп – салдары мен жалпы ғылыми тұжырымдалары туралы ой жынақталып, ғылыми ұстанымдар алға қойылған.

Түйін сөздер: Кеңес үкіметі, меншіктен айыру, күштеп ұжымдастыру, отырықшыландыру, аштық.

¹Жумагулов Б.С. *

¹КазНПУ имени Абая, профессор кафедры Всемирной истории, кандидат исторических наук
Алматы, Республика Казахстан, E-mail: jumagulov-bolat@mail.ru

МЕРЫ ПРОВОДИМЫЕ ПО ЛИКВИДАЦИИ ГОЛОДА В КАЗАХСТАНЕ 1920-1922 гг.

Аннотация

В статье анализируются меры проводимые по ликвидации голода в казахстане 1920-1922 гг. Подчеркивается, что власти Казахстана использовали все возможности для прекращения голода, что привлекло внимание Центральной Советской власти к катастрофической ситуации для жителей республики. Из Москвы делаются предложения по оказанию помощи людям, история которых имеет свою специфику, говорят о трудностях и противоречиях в реализации первых политических, экономических, культурных и других направлений деятельности мирных структур Советской власти.

В указанные сроки Советская власть должна была в кратчайшие сроки завершить этот важнейший шаг, взяв на себя меры по возведению и дальнейшему развитию экономики, подверженной кризису, падению производительности и депрессии. В это время советская власть

оказалась на стадии максимального экономического спада. А за ним последовали новые волнения.

События 1920-х годов в России, гражданские конфликты затронули все сферы страны, вызванные огромными разрушениями, падениями, депрессией, шоком их населения, бедностью и голодом. В связи с переходом к новой экономической политике в стране созданы условия для развития различных видов кооперации - потребительской, снабженческой, финансовой, профессиональной, сельскохозяйственной, промышленной, жилищной и других, деятельность которых финансируется через кооперативные и коммерческие банки.

Ключевые слова: Советское правительство, лишение собственности, насильственная коллективизация, оседлый образ жизни, голод.

¹*B.S. Zhumagulov**

¹ *Professor of Abay KazNPU, candidate of historical sciences
Almaty, Republic of Kazakhstan, E-mail: jumagulov-bolat@mail.ru*

CONDUCTED WORKS ON LIQUIDATION OF HUNGER In KAZAKHSTAN 1920-1922

Abstract

In the article analysed measures are conducted on liquidation of hunger it is Underlined in казахстане 1920-1922, that authorities of Kazakhstan used all possibilities for stopping of hunger, that attracted attention Central Soviet power to the catastrophic situation for the habitants of republic. From Moscow done suggestion on helping to the people history of that has the specific, it is talked about difficulties and contradictions in realization of first political, economic, cultural and other directions of activity of peaceful structures of Soviet power.

In the indicated terms Soviet power had in the earliest possible dates to complete this major step, undertaking measures on erection and further development of economy, subject to the crisis, falling of the productivity and depression. At this time soviet power appeared on the stage of maximal cutback of economic activity. And new agitations followed on him.

Events of 1920th are in Russia, civil conflicts affected all spheres the countries, caused by enormous destructions, falling, depression, shock of their population, poverty and hunger.

Keywords: Soviet government, deprivation of property, forced collectivization, settlement, opposition of the people.

Кіріспе. Қазақстандағы орын алған аштықтың бетін қайтаруға РКФСР-дың көптеген аймақтары да араласты. Сонымен қатар келесі жылдың егістік жұмысын ұйымдастыруға да назар аударылды. Әсіресе “Қазақ ... еңбекшілеріне Ресейдің орталық аудандарының жұмысшылары үлкен көмек көрсетті. Мысалы, 1921 жылдың желтоқсанында олар Жетісуға 15 мың орақ, 13 мың шалғы, 120 соқа, 6 шөп шабатын машина, 350 мың аршын мата, 200 пұт сабын, 100 пұт шай жіберді”. [1,414]

Өзектілігі. Аштықтың зардаптарын жою бағытындағы осындай нақты шаралардың тұрақты түрде одан ары жалғастырылуы қамтамасыз етілді. Мысалы: “1921-1922 жылдары ауыл шаруашылығындағы қиын жағдайға байланысты Қазақстанда азық-түлік салығының мөлшері азайтылды. Батыс Қазақстан губернияларында астықты тұтыну тапшылығының көрсеткіші 17,4 млн пұтқа жетті (мұнда егістің 50%-дан 80%-ға дейіні күйіп кетті.). Қыстан кейінгі ауыр жұттың нәтижесінде 1921-1922 жылы мал саны 80%-ға азайды. Орал және Бөкей губернияларының кейбір уездерінде малдың өлімі 100 пайызға жетті.

Жұтқа байланысты Орал, Орынбор, Ақтөбе, Бөкей, сондай-ақ Қостанай (Қостанай уезін қоспағанда) губерниялары БОАК-тің декретімен (1921 жылғы 18 тамыздағы) елдің ашыққан аудандарының қатарына жатқызылды және салықтан босатылды. Сондай-ақ көшпелі және

жартылай көшпелі мал өсіретін шаруашылықтар да салықтан босатылды (ҚАКСР ОАК Төралқасының 1921 жылғы 28 шілдедегі қаулысы)” [2,197].

Аштықтың кесірін тоқтатуда Қазақстан өкіметі барлық мүмкіндікті пайдаланды. Бұл құбылыстың республика тұрғындары үшін апатты жағдайына Орталық Кеңестік биліктің назарын аударды. Мәскеуден жанды көмек көрсетуге ұсыныстар жасалды. Мысалы, С.Сейфуллин басшылық еткен Қырғыз экономикалық кеңесінің отырысында: “ҚАКСР-дегі астықтың шығымының төмендігі мен астық өнімінің мол мөлшердегі жетіспеуі өлкенің ішіне ауылшаруашылық салығының заттай бөлегін қалдыру, одан кейін Қырғызияның ауыр жағдайына орай ауыл шаруашылығы бойынша алынатын барлық салықтың өлкенің өз ұйымдарына, соның ішінде жартысынан молы жергілікті бюджетке қалдырылуы, өлкелік ұйымдарға орталыққа ауыл шаруашылығы жинауға кеткен шығындарды қайтаруы керек”, [3] – деген ұсыныс шығарылып, ауылшаруашылығы өнімінің көлемді бөлегін Қазақстанда қалдыру мәселесі атап көрсетілді.

Мақсаты мен міндеттері: Кеңестік Ресей мемлекеті тарапынан қамтамасыз етілген нақты жұмыстардың нәтижесіндегі 1922 жылдың аяғынан ашаршылықтың беті қайта бастауына орай “Аштыққа көмектесудің Орталық Комитеті және оның жергілікті органдары таратылды. Осымен бірге БОАК орталықта және жергілікті жерлерде аштықтың зардаптарын жою туралы жаңа комиссия құрды (БОАК аштық зардаптарын жоюдың ОК).

Материалдар мен әдістер. 1922 жылдың 22 желтоқсанында ҚАКСР өкіметінің республиканың кейбір губернияларына көмек беру туралы ұсынысын талқылай келе бұл комиссия 454500 тұрғындары бар Бөкей және Орал губернияларын аса мұқтаждыққа ұшырағандар деп жариялады және оларға 35 мың пұт астық жіберуге қаржы бөлді. РКФСР өкілдігіне және БОАК балалар комиссиясына осы губерниялардағы балаларды тамақпен қамтамасыз етуді ұлғайтуға ұсыныс жасалды.

(Аштыққа азырақ ұшыраған губерниялардағы, - Б.Ж.) ... егістік жерлері және шаруашылықтары жоқ тұрғындар мен көшпенділерге 30 мың пұт астық босатылды. 1923 жылы республикаға 250 мың пұт астық, 110 мың пұт тұқым қарызға, 1,5 миллион рубль мал сатып алуға босатылды”. [1.457-458]

Негізгі бөлім. Көрсетілген мерзімде Кеңес өкіметі дағдарысқа ұшырап, өнімділігі құлдырап, тоқырауға ұшыраған экономиканы аяғынан тұрғызу және оны одан ары дамыту шараларын қолға алды. Сонымен бірге бұл аса маңызды қадамды қысқа мерзімде аяқтау жоспарланды. Большевиктік мемлекетке экономикалық қайта құруларды ешқандай шетел мемлекеттерінің көмегіне іске асыру керек болды. Себебі осындай күрделі тоқырау жағдайындағы халық тұрмысының барынша нашарлауы, жаппай жұмыссыздық, осының негізіндегі аштық пен жоқшылықтың тереңдеуі социалистік жүйенің өзіне қауіп төндіре бастаған еді. Шетел капиталистерінің социалистік Ресейді экономикалық оқшаулау саясаты да жағдайды болмаған дәрежеде қиындатты. Кеңес өкіметі барынша экономикалық құлдырау сатысына аяқ басқан еді. Ал оның арты жаңа толқулар, төңкерістерге алып келетіндігі айғақтана түсті.

Оқиғаның осындай тұрғыда қалыптасуына орай экономиканы жүргізудің капиталистік, социалистік, т.б. түрлерін жақсы білетін В.И. Ленин мемлекетте аралас жаңа экономикалық саясатты енгізуге шешім қабылдады. Соның ішінде негізінен капиталистік қатынастарға баса назар аударылды.

Егер де орын алған нақты шындыққа тоқталатын болсақ: “Азамат соғысындағы жеңіске қарамастан 20-жылдардың басындағы елдегі әлеуметтік, экономикалық және саяси жағдай шиеленісе түсті. “Оннан астам қалалар және жүзден астам селолар күйретіліп, тоналды.

Мыңдаған өнеркәсіп орындары талқандалды немесе шикізат пен отынның жетіспеуінен тоқтатылды. Экономикалық тоқыраудың зардаптарынан өнеркәсіп өнімі 7 есе азайып, 1921 жылы соғысқа дейінгі деңгейдің 14% ғана құрады. Ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 2 есеге азайды” [4].

Нақтылап айтқанда: “1920 жылға қарай Қазақстанда мұнай өндіру 1913 жылмен салыстырғанда төрт есеге қысқарды, Успенск кен орны мен Спасск мыс қорыту зауытындағы мыс кенін өндіру мен мыс балқыту мүлдем тоқтатылды. Қарағанды көмір өндіру орындары көмір өндіруді 5 есеге азайтты. Алтын өндіру 92 есеге азайды. Мақта тазалау өндірісінің өнімі 20 есеге, жүн жуу - 256, сантонино - 9, ұн-жарма - 1,5 есеге азайды”[1.318].

Елдің азамат соғысында жеңіске жетуінде басты тұтқа болған “Соғыс коммунизмі саясаты” жағдайында жүргізілген тікелей мемлекеттік міндеттеу тәртібі және ең бастысы азық-түлік салғырты шаруалардың өздеріне ең қажеттісін өндіруден басқаға ұмтылушылықтарын тудырмады, себебі одан артықтарының барлығы мемлекет пайдасына өткізілуге тиіс болды.

1921 жылға үш есеге азайған барлық жиналған астық көлемі мен шаруалардың тұқымға, малға азыққа және тамаққа пайдалануға тиістімен арадағы айырмашылық 358 млн пұт қана болды. Дайындау отрядтарының күштеу әдістері деревняның ашық қарсылықтарын тудырды. Елде 50-ден артық ірі шаруалар көтерілісі орын алды.

... Бұлармен қатар социалистік жүйеге сенімсіздік, шаруашылықты жүргізудің большевиктік әдістеріне қарсылық саяси бағыт қимылы күшейе түсті. Кеңестік әскери-коммунистік бағытқа қарсы болушылардың қатары артты. Әсіресе мұндай ахуал Кеңестік Ресейдің орталық аймақтарында орын алды. Осылардың қатарындағы ең ірісі Кронштадт бүлігі болғандығы белгілі.

Елде шаруашылықты ұйымдастыру, экономиканы қалпына келтіруде шұғыл шаралар қолдану кезек күттірмейтін міндетке айналды.

Азамат соғысы аяқталғаннан кейінгі мерзімдегі Қазақстандағы қалыптасқан жағдай оның әлеуметтік-экономикалық артта қалуынан және негізінен ауылшаруашылықты болғандықтан күрделене түсті.

Мемлекеттің қарамағына алынған 307 өндіріс орындарының 250-жұмыс істемеді. Мұнай өндіру 1913 жылмен салыстырғанда 4 есе, көмір - 5 есеге қысқарды. Өндіріс орындары көрсеткіші 1920 жылғы жалпы өнімінің 6,3% - ғана құрады.

Экономикалық дағдарыстың терең зардаптары толық күйреу жағдайына тұрған ауыл шаруашылығына да әсер етті. Егістік алқабының соғысқа дейінгі мерзімінен 2 млн. десятинаға дейін қысқаруы және әр десятинадан алынатын өнімнің 38,7 пұттан 18,7 пұтқа дейін азаюы; 1920-1922 жылдардағы құрғақшылық астықтың жалпы түсімінің 3 есе кемуіне әкеліп соқты.

Мал шаруашылығында аса ауыр жағдай қалыптасты. Малды соғыс мүддесіне алу, ет дайындауға өткізу, шаруалардың әскери салтатты және жүк тасу міндеттерін атқаруы, 1920-1921 жылдардағы аштық, сонымен бірге тұрғындардың басқа елдерге қоныс аударуы соғыс жылдарындағы мал санының әр 100 басқа есептегенде 10,8 басқа қысқаруына әкелді.

Нәтижелерді талқылау. Шаруашылықтың құлдырауы, астық пен малдың мүлдемге жетімсіздігі, үнемі аштыққа ұшыраған тұрғындарды азық-түлік салғырты арқылы ең соңғы өмір сүру мүмкіндігінен айырған күштеу шаралары саясатының одан ары жалғастырылуы еңбекшілердің жаппай наразылықтарының негізгі себебіне айналды. Ашық қарсылықтар Қостанай, Ақмола, Орал, Семей губернияларында (Сапожковтың бүлігі (1920 жылдың шілде-қыркүйегі), Есіл-Петропавловск көтерілісі 1921 жылдың ақпан-наурызы), Гурьев көтерілісі (1921 жылдың наурызы) және тағы басқа өңірлерде орын алды.

Бүкіл елдегі қалыптасқан дағдарысты жағдай қазіргі әскери-әкімшілік бағыттың болашағының жоқтығын және жаңа экономикалық саясатқа көшу қажеттігін айқындады.

1921 жылдың күзіне Ленин ЖЭС-ты ұзақ мерзім көлемінде социалистік бағыт социалистік емес шаруашылық түрлерін біртіндеп ығыстыра бастайтындықтан социализмді құрудың түрлерінің бірі ретінде қарастыру туралы шешімге келді, сондықтан да “ЖЭС – бұл қажетті және ұзаққа арналады, алайда мәңгілікке емес” деген қорытынды жасады.

ЖЭС басқарудың ескі әскери-коммунистік әдісінен бас тарту және басқарудың жаңа экономикалық әдістеріне көшуді білдірді.

... Қазіргі зерттеулер негізінен алғанда ЖЭС-тің келесі басты бағыттарын айқындайды:

- саяси-идеологиялық бағытта - қатал авторитарлық жүйе;

- экономикада - әлемдік экономикамен аздаған көлемдегі байланыс орнатылған (мемлекеттік монополия негізіндегі сыртқы сауда) әкімшілік-нарықтық жүйе;

- ірі, едәуір дәрежедегі орта өнеркәсіп пен саудаға, темір жол транспортты мемлекет меншігіне алу;

- трестер негізінде шектеулі тұрғыда қызмет атқарып отырған мемлекеттік кәсіпорындарындағы шаруашылық есеп; ...

ЖЭС-ке көшудің нақты шаралары жанұя мүшелеріне, мал саны мен жиналған астықтың көлеміне орай азық-түлік салғырты көлемінен 30-50% азайтылған азық-түлік салғыртын нақты ақша салығымен ауыстырған РК(б)П-ның X съезінде (наурыз 1921 ж.) айқындалды. Нақты салық тұрақты түрде болып, шаруаларға алдын ала, астық себілгенге дейін жарияланатын болды.

Астықтан басқа салықтың тағы да 12 түрі белгіленді. Шаруаларға өнімдерінің артығын тікелей ауыстыру ұсынылды (РКФСР ХКК 24 мамыр 1921 жылғы “Айырбастау туралы” декреті). Алайда елдегі азық-түлік тапшылығы, кооперативті сауданың әлсіз дамуы, 1921-1922 жылдардағы аштық өкіметті 1921 жылғы тамыз-қыркүйекте астықты еркін сатуға рұқсат бере отыра, тауар-ақша қатынастарын дамытуға мәжбүр етті.

... Қазақстан 1923 жылы бірыңғай заттай салыққа көшті. Салық төлеуден жартылай мал шаруашылығымен айналысатын 6 бастан кем малы бар ұсақ шаруашылықтар босатылды.

... ЖЭС жағдайында жерді пайдалану жүйесі өзгертілді. ... Жерге орналастыру шараларын одан ары жүргізудің құқықтық негізі “Еңбек тұрғысындағы жерді пайдалану туралы негізгі заң” (1922 ж.), “РКФСР жер кодексі” (1923 ж.) және БОАК-тың 1921 жылдың 21 наурызындағы Қаулысы болды. Кемінде 9 жыл мерзімге жерді қайтадан бөлуге тиым салынды; шаруалар жерді пайдаланудың түрлерін таңдау құқығына ие болды; жерді жалға алуға және жалдамалы еңбекті пайдалануға рұқсат берілді. Мемлекет тарапынан тұрғындардың кедей бөлігіне едәуір тұрғыда көмек көрсетілді. Ресей өкіметінің шешімімен қазақ шаруаларына 1921 жылы ауыл шаруашылығы машиналарын және еңбек құралдарын сатып алуға 25 млн. рубль, мал алуға 2 млн. 113 мың рубль бөлінді.

Зерттеу нәтижесі. ЖЭС-ке көшуге орай елде қызметтері кооперативтік және коммерциялық банктер арқылы қаржыландыратын әртүрлі кооперация түрлерінің – тұтыну, жабдықтау, қаржылық, кәсіптік, ауыл шаруашылық, өндірістік, тұрғын үйлік, және басқа дамуына жағдай жасалынды. Біртіндеп кооперацияның мәні де өзгере бастады: егер де ЖЭС-ті жүргізудегі алғашқы айларда шаруашылықтың жекелеген түрлері (тұтыну, кәсіби, ауыл шаруашылық) экономиканың мемлекеттік-капиталистік секторына жатқызылса, содан кейінгі кезеңде олар шаруашылықты жүргізудің социалистік түрі ретінде қарастырыла бастады.

... Атқарылған шаралардың нәтижесінде ауыл тұрғындарының әлеуметтік құрамы едәуір тұрғыда өзгеріске ұшырады. ЖЭС жылдарында ауылдардағы кедейлердің саны 4 есеге азайды, орта ауқатты шаруашылықтардың саны үш есеге артып, барлық шаруа аулаларының 76,3% құрады.

... 1921-1923 жылдардағы шаруашылық реформасы өнеркәсіпке басшылық жасаудың түрлері мен әдістеріне өзгерістер енгізуді қарастырды.

Қорытынды. Жекелеген ұсақ және орта кәсіпорындарды (жұмысшылар саны 20 адамға дейін) мемлекет иелігінен шығарудың нәтижесінде жеке меншік кәсіпкерлік дами бастады. Мемлекеттік кәсіпорындарды жеке тұлғаларға жалға немесе шетел кәсіпкерлеріне концессияға беру дамыды. Шығынды және пайдалары аз кәсіпорындардың бір бөлегі жабылды немесе жұмыстары тоқтатылды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бейсембаев С. *Ленин и Казахстан (1897-1924.)* Издательство “Казахстан”. – Алма-Ата-1968. – С.535.

2. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 4-том. – Алматы: “Атамұра”, 2010, 752 бет, суретті, карталы
3. ҚРОММ, Қор 5, тіркеме 4, іс 61а, п.6
4. Алексеенко А.Н., Жаксылыков А.Ф. Курс лекции по Истории Казахстана. – 1998. – 384 б.

Paydalanılған adebïetter tizimi:

1. Beysembaev S. Lenin i Kazaxstan (1897-1924.) İzdatelstvo “Kazaxstan”Alma-Ata-1968. – S.535
2. Qazaqstan tarixi (köne zamannan büginge deyin). Bes tomdıq. 4-tom.– Almatı: “Atamura”, 2010, 752 bet, swretti, kartalı
3. QROMM, Qor 5, tirkeme 4, is 61a, p.6
4. Alekseenko A.N., Jaksılıkov A.F. Kwrs lekcii po İstorii Kazaxstana - 1998. – 384 б.

ӘӨЖ 374(11)
МРНТИ 03.20

<https://doi.org/10.51889/2021-3.1728-5461.03>

¹Тулбасиева С.К.*

¹ т.ғ.к., аға оқытушы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Тарих және құқық институты, Алматы қ., Қазақстан Республикасы,
E-mail: saule-kt@list.ru

XX ҒАСЫРДЫҢ 20-30 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ КЕҢЕСТІК ӨКІМЕТТІҢ КҮШТЕП ҰЖЫМДАСТЫРУЫНА ҚАРСЫ КӨТЕРІЛГЕН ХАЛЫҚ КӨТЕРІЛІСТЕРІНІҢ ТАРИХЫНАН

Аңдатпа

Мақалада Қазақстандағы кеңестік үлгідегі күштеп ұжымдастыруға қарсы өріс алған бұқара халық өкілдерінің бас көтерулерінің тарихын зерттеу XX ғасырдың соңындағы 80-жылдардан бастап қолға алына бастап, тәуелсіздік алған кезеңнен бастап кең өріс алған болатын. Советтік кезеңде антисоветтік, Кеңес үкіметі жауларының ұстанған әрекеттері антисоветтік бандитизм деп айдар тағылған халық көтерілістері, соның ішіндегі бірегейі болған Созақ көтерілісі өз бағасын тек тәуелсіздікке қол жеткізген жылдар ғана зерттелген соң ғана ала алған болатын.

Созақ көтерілісі жайында Мұрағат құжаттарындағы сақталған ресми құжаттармен қатар халық жадында сақталған деректік мәліметтерде мол. Тарихи оқиғаларды бастан кешіріп, көзбен көрген адамдардың оңаша түндерде күбірлесіп, мұң шерткен әңгімелерінің куәсі болған қария естеліктеріне тоқталынады. Мақалада кеңестік үлгідегі ауыл шаруашылығының күштеп ұжымдастырылуымен заңды түрде сотталған, яғни жер аударылған қазақ шаруаларының тарихына қатысты зерттеушілер пікірлері мен тарихнамалық еңбектеріне сыни талдауларда жасаған. Атап айтқанда Созақ көтерілісі жайлы Талас Омарбековтен бөлек Мұхамеджан Рүстемов, Жақсылық Рсымбеков, Сүлеймен Тәбірізұлы, Дулат Тұрантегі, Жарылқасын Боранбаев, Өтеш Қырғызбаев секілді осы тақырыпқа қалам тартқан ғалымдар мен азаматтардың еңбектерінде қамтылған.

Сонымен қатар, мақалада XX ғасырдың 1920-1930 жылдары орын алған саяси, әлеуметтік және экономикалық даму процестеріне толық қанды жауап бере алатын қомақты зерттеу жұмыстарына талдаулар жасалынады.

Кілт сөздер: Кеңестік Қазақстан, ұжымдастыру, шаруалар көтерілісі, XX ғасырдың 20-30 жылдар тарихы, Созақ көтерілісі.

¹Тулбасиева С.К.*

¹к.и.н., старший преподаватель Института истории и права Казахского национального педагогического университета им. Абая, Республика Казахстан, г. Алматы.

E-mail: saule-kt@list.ru

ИСТОРИЯ ВОССТАНИЙ ПРОТИВ НАСИЛЬСТВЕННОЙ КОЛЛЕКТИВИЗАЦИИ СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ В 20-30 годах XX ВЕКА

Аннотация

В статье исследуется история народного восстания против насильственной коллективизации в советском стиле в Казахстане, которое началось в конце 1980-х годов и обрело независимость в конце 1980-х годов. Антисоветские, антисоветские восстания советской эпохи, в том числе уникальное Сузакское восстание, не изучались до периода независимости.

Информации о восстании Сузаков много как в архивах, так и в официальных документах. Он вспоминает воспоминания старика, который был свидетелем исторических событий и был свидетелем печальных историй тех, кто был их свидетелем наедине. В статье дается критический анализ мнений и историографических работ исследователей истории депортированных казахстанских крестьян, осужденных за принудительную коллективизацию сельского хозяйства советского образца. В статье дается критический анализ мнений и историографических работ исследователей истории депортированных казахстанских крестьян, осужденных за принудительную коллективизацию сельского хозяйства советского образца.

В частности, анализируются работы Таласа Омарбекова, Мухамеджана Рустемова, Жаксылыка Рымбекова, Сулеймена Табиризовича, Дулата Турантеги, Жарылкасына Боранбаева и Утеш Кыргызбаева.

А так же, в статье анализируется значительная исследовательская работа, которая может полностью отвечать процессам политического, социального и экономического развития, имевшим место в 20-30-е годы XX века.

Ключевые слова: Советский Казахстан, коллективизация, крестьянское восстание, история 20-30 годов XX века, Сузакское восстание.

¹Tulbasieva S.K.*

¹Candidate of Historical Sciences, Senior Lecturer

Abay Kazakh National Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, Almaty

E-mail: saule-kt@list.ru

THE HISTORY OF RISES AGAINST THE FORCED COLLECTIVIZATION OF THE SOVIET POWER IN THE 20-30s of the XX CENTURY

Abstract

The article examines the history of the popular uprising against violent collectivization in the Soviet style in Kazakhstan, which began in the late 1980s and gained independence in the late 1980s. Anti-Soviet, anti-Soviet uprisings of the Soviet era, including the unique Suzak uprising, were not studied until the period of independence.

There is a lot of information about the Suzakov uprising both in the archives and in official documents. He recalls the memories of an old man who witnessed historical events and witnessed the sad stories of those who witnessed them in private.

In addition, the article analyzes significant research work that can fully correspond to the processes of political, social and economic development that took place in the 20-30s of the twentieth century. The article provides a critical analysis of the opinions and historiographic works of researchers of the history of deported Kazakhstani peasants convicted of forced collectivization of Soviet-style agriculture.

In particular, the works of Talas Omarbekov, Mukhamedzhan Rustemov, Zhaksylyk Rymbekov, Suleimen Tabirizovich, Dulat Turantegi, Zharylkasyn Boranbaev and Utesh Kyrgyzbaev are analyzed.

Keywords: Soviet Kazakhstan, Soviet Kazakhstan, peasant uprising, history of the 20-30s of the twentieth century, Suzak uprising.

Кіріспе. Қазақ Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасының (ҚАКСР) Халық Комиссарлар Кеңесінің Қаулысымен 1928 жылдың 3-қыркүйегінде Қазақ өлкесінде көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшы аудандарды белгілеу жөніндегі нұсқаулығына сәйкес аудандар құрылады. Соның бірі Түркістан өңіріндегі, Сырдария губерниясының құрамына кірген Созақ ауданы құрылады. Созақ ауданында қолында бір миллионнан астам мал басы бар 12 мыңнан астам шаңырақ болған.

Өзектілігі. 1930 жылғы Созақтағы көтерілісі кеңестік жүйенің озбырлығын барынша тартқан аяусыз қаналған, күштеп бостандыққа ұмтылған бұқара халықтың үні болып табылды.

Көтерілістің болуына түрткі болған жағдай күштеп ұжымдастыру кезіндегі жергілікті жерде кеңестік үлгідегі құрылған аудан халқынан мал-мүлкінің тәркіленуі және жер аударылулары кулактар мен жартылай кулактар орналастырылған еңбекпен түзеу лагерлерінің ашылуы және түрткі болған оқиға мұсылман халықтары үшін қасиетті болып саналатын Рамазан айында діни салт жоралғыларымен мұсылмандық шарттарды орындаған халық өкілдеріне кеңестік үкіметтің құқық қорғаушы органдарының қысым көрсетулері түрткі болып табылды. Жиырмасыншы ғасырдың 1920-1930 жылдарындағы Қазақ өлкесін қамтыған 372 өңірде ірі, оның ішінде 367 жерде ұсақ топтық қарсылықтар орын алған.

Мақсаты мен міндеті. Кеңестік Қазақстандағы кеңестік үлгідегі күштеп ұжымдастыруға қарсылық көрініс тапқан бұқара халық наразылығын зерттеу мен зерделеу ХХ ғасырдың соңындағы 80-жылдардан бастап қолға алына бастап, тәуелсіздік алған кезеңнен бастап кең өріс алған болатын.

Академик М.Қозыбаевтың Қазақ өлкесіндегі кеңестік үлгідегі күштеп ұжымдастыру тарихына, қазақ халқының күштеп ұжымдастыру мен тәркілеуге қарсы бас көтерулерінің тарихына қатысты жазған ғылыми еңбектерінің қатарында ғалымның «Ақтаңдақтар ақиқаты» атты еңбегін атауға болады [1].

ХХ ғасырдың 1920-1930 жылдары орын алған саяси, әлеуметтік және экономикалық даму процестеріне толық қанды жауап бере алатын қомақты зерттеу жұмысы ретінде ғалым-профессор Т.Омарбековтың «20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті» атты ғылыми еңбегін атауға толыққанды болады. Еңбекте ғалым: «Кіші Қазан» саясаты, байлардың мүліктерін тәркілеу, көшпелі халықты отырықшыландыру және ұжымдастыру, 1931-1933 жылдардағы аштық туралы жарық көрген әдебиеттердің бір қатар кешеніне кеңінен тарихнамалық шолу жасаған [2, 23-41бб.]. Еңбекте ғалым-профессор кеңестік үлгідегі ауыл шаруашылығының күштеп ұжымдастырылуымен занды түрде сотталған яғни жер аударылған қазақ шаруаларының тарихына қатысты зерттеушілер пікірлері мен тарихнамалық еңбектеріне сыни талдауларда жасаған.

Сонымен қатар, Қазақстандағы кеңестік күштеп ұжымдастыру мен оған қарсы көтерілген бұқара халық көтерілістерінің тарихына қатысты М.Қозыбаев, Т.Омарбековтермен қатар, М.Тәгімовтың, Ж.Абылхожинның ғылыми зерттеулік еңбектерін толық қанды атауға болады [3]. Ғалымдар ғылыми еңбектерінде бұқара халықтың қарулы бас көтерулері туралы мәселені де назардан тыс қалдырмаған. Бірқатар округтер мен аудандарда орын алған ірі қақтығыстар мен жанжалдардың бірнешеуін көрсетіп бере отырып, зерттеушілер сол жылдардағы партиялық құжаттарда бұл оқиғаларды тек тап күресінің ашық көрінісімен және ішкі және сыртқы жауларды іздеумен түсіндіруге талпыныс жасағандығы байқалады деп дәл көрсетеді. Бұл мақаланың барынша кеңейтілген түрі 1991 жылы жарық көрді.

Бұл басылымды сипаттасақ, мұнда ең алдымен ұжымдастырудың қарқынына саяси-идеологиялық реттеулердің ықпал ету механизмі дәл көрсетілген, бұның нәтижесінде 1931 жылдың күзінде Қазақстанда барлық шаруашылықтың 65% ұжымдастырылды. Сонымен бірге

күш көрсету жағдайында төтенше режимде жүрген ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындау науқанының тәжірибесі мен идеологиясы да барынша суреттелген.

Материалдар мен әдістемесі. Кеңестік кезеңде сақталған Архив құжаттарына сүйенсек, Кеңес үкіметіне қарсы антисоветтік қарулы бандиттік қарсылық танытулар ретінде бағаланған. Шын мәнінде бұл көтерілістер Тұрар Рысқұловтың И.Сталинге, Ф.И. Голощекинге жазған хаттарында атап нақтыланғанындай, күштеп ұжымдастыру көшпелі дәстүрлі қоғамның тәртібін өрескел бұзуы арқылы жүзеге асырғандығы белгілі. Күштеп ұжымдастыру кезеңіндегі жиналған алым-салықтардың ауыр болғандығы соншалық, қазақтар ит терісі мен жылқының жалы мен құйрығын алым ретінде өткізуге мәжбүр болған. Қазақтардың өмір сүру салтында болмаған осындай жағдайлар халықттың жаппай наразылық білдіруне алып келген. Көтерілген бұхара халық аудан орталығы болған Шолаққорғанды басып алады, аудандағы он сегіз басшыны өлтіреді, кеңселерді өртейді, құжаттардағы қара тізімдерді жояды. Көтерілістің жай жапсары жайында осы уақытқа дейін қалам тартып, зертеулер жүргізген ғалымдарымыз аз емес. Солардың бірі Өтеш Қырғызбаев «Созақ көтерілісі» жайындағы еңбегінде: Көтеріліс стихиялық түрде емес, көтерілісті ұйымдастырушылардың алдын-ала бірнеше рет кездесіп, өз әрекеттерін байыппен ұйымдасқан түрде жүзеге асырғандарын тілге тиек етеді. Оған дәлел болатын нәрсе көтерілісшілердің өз көсемдерін сайлаулары, яғни Созақ көтерілісшілері өз араларынан Сұлтанбек Шолақовты хан етіп сайлауы, ханның дін істері жөніндегі көмекшісі етіп Асадулла Ыбрайымұлын, ал көтерілістің сардарбегі ретінде Сағындық Шілманбетұлын сайлаулары дәлел [4,31]. Бұлардан басқа көтерілісті ұйымдастыруға Әлібайұлы Иманбек, Өтеміс Досжан Әжіұлы, Базыкенұлы Мырзахмет ат салысқандығы еңбекте көрсетіледі.

Негізгі бөлім. Жиырмамыншы ғасырдың 1930 жылының ақпан айында Созақ ауданының орталығы болған Шолаққорғанға 400 жуық адам жиналады. Бір деректерде халықтың Сарт Сауранбай деген жерге жиналғандығы да айтылады. Халық өз наразылығын қарулы көтеріліске шығумен білдіруге шешім қабылдайды. Көтерілген халық ішінде «Халық билігі жасасын», «Кеңес үкіметі жойылсын!» деген сияқты ұрандар мен плакаттар көтеріледі. Көтерілген халықтың қамтыған аймағы кеңиді, тіпті Сыр бойындағы Жаңақорғанға дейін жетеді. Көтерілген шаруалар мен бұхара халықты басу үшін Кеңес үкіметі 300-ге жуық қарулы әскерді Ташкенттен жібереді. Оларға жергілікті жерлердегі Кеңес үкіметінің милициялық жасақтары да қосылады.

Көтеріліске шыққан бұхара халық пен кеңес үкіметінің әскерлері арасындағы қақтығыс 1930 жылдың 12-ақпанында Созақ түбінде жүзеге асады. Күштің тең еместігіне байланысты әлсіз қаруланған бұхара халық екіге бөлініп, шегінуге мәжбүр болады. Бірі Ташкент бағытына қарай шегінсе, екіншісі Шуға қарай шегініседі. Кеңес үкіметінің әскерін Біріккен Саяси партиялық Басқарма басшысы Олшанский басқарады. Ол және жазалаушы отряд өкілдері көтеріліске қатысқан жандарды қолға түскен жағдайда сотсыз, тергеусіз атуды жүзеге асырады. 1930 жылдың көктемінде стихиялық түрге көшкен Созақ шаруалары көтерілісінің негізгі бөлігі жеңіліс табады. Ал көтеріліске қатысушыларды қудалау кеңес үкіметі тарапынан 1938 жылға дейін жалғасады.

Шолаққорғанға қарай шегінген топ ішінде болған көтеріліс көсемі-Сұлтанбек хан өлтіріліп, 200-ге жуық көтерілісшілер тұтқынға алынады.

Ө.Қырғызбаев пен Б.Тайжановтың еңбектерінде шешуші шайқас Созақтың «Жаңа базар» деген жерінде болған. Осы шайқаста көтеріліске қатысушылардың басым бөлігі оққа ұшады, тұтқынға түсіп, жеңіледі. Нәтижесінде Созақ көтерілісіне қатысқан 130 ға жуық шаруалар, 200 жуық қатысы бар деген күдікпен айыпталғандар атылып, 390-ға жуық адам тұтқындалған екен. Архив деректері бойынша 1930 жылдың көктемінде көтеріліске қатысқан бұхара халықтан 290 жылқы малы, 20-ға жуық түйе, 150-ге жуық отты қару, тәркіленеді.

Жамбыл Облысының мемлекеттің Архивінің 11,778 қорларында, сонымен қатар Түркістан Облысының Мемлекеттік архивінің 74-фондтарында Созақ шаруалар көтерілісі жайында құжаттық материалдар сақталған. Онда Созақ көтерілісінің барысы, Чимкенттен Алма-Атаға, тіпті Мәскеуге жолданған жедел телеграммалық хаттар сақталған [5.14].

Совет кезеңінде антисоветтік, Кеңес үкіметі жауларының ұстанымдық әрекеттері антисоветтік бандитизм деп айдар тағылған халық көтерілістері, соның ішіндегі бірегейі болған Созақ көтерілісі өз бағасын тек тәуелсіздікке қол жеткізген жылдар ғана зерттелген соң ғана ала алған болатын. Бұл тұрғыда Тұрантегі Дулат ағамыз: « Созақ көтерілісі 60 жыл кешігіп болсада дәл бағасын енді, сексенші жылдардың соңына қарай алған бұлтарыссыз шындық. Ендігі ұрпақ Созақ оқиғалары арқылы бүкіл қазақ даласына «Кіші қазан» деп аталған сұрапылдың қаншалықты қасірет әкелгенінен хабардар болса, аға ұрпақ енді ол шақты күрсіне еске алуда»-деп баға берген болатын [6]. Нақтылап тұжырымдаса, Созақ бұхара халық көтерілісі 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістермен үндескен азатшыл рухты көтеріп, сес берген халық мінезінің көрінісі деп баға беруге болатын тарихи оқиға болғандығын ұғынғанымыз жөн деп ойлаймыз.

Талқылау. Архив құжаттарында: Созақ ауданындағы конпескелеу ісіне жауапты Қызылқожаев, оның үстінен Губерниялық комитетінің басшысы, Губерниялық атқарушы орган басшысы Макин бақылап бастан аяқ қатысады. Барлық іс-шараларға хаттамалар толтырылып Саяси Мемлекеттік Партиялық Басқарма тәртібінен бақыланып отырылады» [7]. Құжаттық хаттамаларда Созақ ауданына қатысты халық санының 300-ге жуық жан ұя болғандығы, күн тәртібіне қойылған мәселелер бойынша, әрі байлардың мал-мүліктерін тәркілеу туралы қабылданған шешімдер көрсетілген. Хаттамалардың бірінде: 1928 жылы, 2 қараша, номері 6 хаттама. Созақ ауданы. Жиынға нөмірі 7, 15 ауылдардан шаруалар, партия жастар комсомол мүшелері қатысқан. Қатысушылар саны-274. Қаралған мәселе. Ірі байлардың мал-мүлкін тәркілеу. Хаттама қаулысы бойынша Д.Абақовтан 819 ірі қара малы, Д.Тіленшиевтен 166 ірі қара мал, К.Оспановтан 17 ірі қара малы, Ж.Исаевтан 55 ірі қара малы тәркіленеді де, ал өздері жан-ұяларымен бірге сотталып, жер аударылады [8].

Созақ көтерілісі жайында Мұрағат құжаттарындағы сақталған ресми құжаттармен қатар халық жадында сақталған деректік мәліметтерде мол. Тарихи оқиғаларды бастан кешіріп, көзбен көрген адамдардың оңаша түндерде күбірлесіп, мұң шертіскен әңгімелерінің куәсі болған қария естеліктеріне тоқталсақ. Нақтырақ айтқанда, Бексейітов Әжібек, Жүсіп Оспанов молда болған Сейділда Мұстафаев сияқты ақсақалдардың естеліктерінде Созақ көтерілісіне қатысты адамдардың сол кездегі өмірі мен тұрмыс-тіршілігі жайында тың деректер береді. Себебі қариялар тарихтың тірі куәгерлері. Естелік деректерден үзінді келтірсек: М.Рустемов өзінің «Созақ қасіреті» атты еңбегінде Созақ өңірінде қазіргі таңда Созақ көтерілісіне қатысып қаза болған бір адам аты сақталған. Ол дауан қария есілмі. Кеңес кезі болсада ауыл аты, мектеп оның атымен аталған. Ел жадында сақталған тарихи деректерге қарағанда Қаңлыбаев Дуан 1902 жылы Түлкібас ауданындағы 6 ауылда дүниеге келіп, төрт кластық біліммен Ташкентке оқуды жалғастыру мақсатында рабфакта білім алған сол кезде қазақ жастарының бірі. Оқып жүрген кезінен бастап белсенді қазақ жастары қатарында көзге түседі, алғашқыда Сайрам, кейін Түлкібас аудандық болыстың төрағасы, ал 1929 жылы Созақ аудандық атқару комитетінің төрағасы боып тағайындалды. 1930 жылы ақпанда Созақ көтерілісі кезінде көтерілісшілер қолынан қаза табады.

Зерттеу нәтижесі. Созақ көтерілісінің территориялық қамту аймағы кей деректерде көршілес жатқан аудандармен де ұласып кетуі кездеседі. Соның бірінде 1930 жылы Созақ пен Сарысуда, Бостандық пен Қарнақта орын алған қанды қырғын өңірлердің көптеген зиялы қауымын жойып жіберді. Құран оқи алатындардың бәрі атылды, қудалауға түскендігі айтылған [10].

Көтеріліске қатысқан қазақ халқына белгілі ақын, әнші, сал-сері Иман Жүсіп Құтпановтың да аты кездеседі. Иман Жүсіп есімі Созақ көтерілісі ұласқан Сарысу көтерілісінде ұйымдас-тырушылардың бірі ретінде болғандығы тарихи деректерден белгілі.

Міне, осы ерді де сол қанды қырғын жалмаған. Қазақстанның халық жазушысы Шерхан Мұртаза әркез бұрынғы Жамбыл қаласында түрмеде азапты күндерін өткізіп, ақыры атылған Иман Жүсіптің жерленген жеріне ескерткіш қою керек екендігін өз кезінде-ақ айтып кеткен.

Қорытынды 1929-1931 жылдар аралығындағы бұхара халықтың қарулы көтерілістері Қазақстанның тарих ғылымында қомақты орын алатын тарих кезең болып табылады. Ол отандық тарихшылармен дайындалған көп санды зерттеулер мен басылымдарда, аса бай деректанулық базасы мен бір бірінен ажыратылатын түрлі тұжырымдары бар еңбектерде көрініс тапты. Тақырыпты одан әрі зерттеу соңғы жылдары жаңа деңгейге шықты. Ғылыми айналымға бұрын белгісіз болған мұрағат құжаттарының үлкен көлемі жарық көрді.

Дегенмен, жиырмамыншы ғасырдың 20-30 жылдарындағы қарулы көтерілістердің тарихын зерттеу әлі де өзекті болып қала беруде.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қозыбаев М.Қ. *Ақтаңдақтар ақиқаты*. Алматы: «Қазақ университеті», 1992. – 272 б.
2. Омарбеков Т. *20–30 жылдардағы Қазақстан қасіреті: Көмекиші оқу құралы*. – Алматы: Санат, 1997. – 320 бет.
3. Абылхожин Ж.Б., Козыбаев М.К., Татимов М.Б. *Казахстанская трагедия // Вопросы истории*. – 1989. – № 7. – С. 53–71.,
4. Абылхожин Ж.Б., Козыбаев М.К., Татимов М.Б. *Новое о коллективизации в Казахстане // История Казахстана: белые пятна. Сб.ст./ сот. Ж.Б.Абылхожин*. – Алма-Ата: Казахстан.-1991. – С. 183-217.
5. Омарбеков Т. *Зобалаң (Күштеп ұжымдастыруға қарсылық): Оқу құралы*.-Алматы: «Санат», 1994. – 272 б.
6. ҚРОМА II-қор, *Опись-1, 2-іс., ЖОМА 778-қор, Опись-1, 286-іс, 14 бет*
7. *Тұрантегі Д. Жанайқай (Созақ көтерілісіне – 85 жыл) 16 Наурыз, 2015.*
[//http://kazgazeta.kz/news/26699](http://kazgazeta.kz/news/26699)
8. ҚРОМА ф-93, 74, 3-іс, 1928-1930жж. 14 бет.
9. ҚРОМА 29-қор, *Опись-1, 608-іс 42 бет.*
10. Мұхантегі Д. «Сарысу-Созақ» көтерілісі жайлы мұрағат деректері сыр шертеді.
<https://qamshy.kz/article/9100-sarysu-sozaq-koterilisi-zhayly-muraghat-derekeri-syr-shertedi>. 11.08.2021

Paydalanılğan adebietter tizimi:

1. Qozibaev M.Q. *Aqtañdaqtar aqıqatı*. – Almatı: «Qazaq wniwersiteti», 1992. – 272 b.
2. Omarbekov T. *20–30 jıldardağı Qazaqstan qasireti: Kömekşi oqw quralı*. – Almatı: Sanat, 1997. –320 bet.
3. Abılxojin J.B., Kozıbaev M.K., Tatimov M.B. *Kazaxstanskaya tragediya // Voprosi istorii*. – 1989. – № 7. – S. 53-71., Abılxojin J.B., Kozıbaev M.K., Tatimov M.B. *Novoe o kollektivizacii v Kazaxstane // İstoriya Kazaxstana: belie pyatna. Sb.st./ sot. J.B.Abılxojin*. – Alma-Ata: Kazaxstan.-1991. – S. 183-217.
4. Omarbekov T. *Zobalañ (Küştep ujımdastırwğa qarsılıq): Oqw quralı*. – Almatı: «Sanat», 1994. – 272 b.
5. QROMA II-qor, *Opis-1, 2-is., QROMA 778-qor, Opis-1, 286-is, 14 bet*
6. *Turantegi D. Janayqay (Sozaq köterilisine – 85 jil) 16 Nawrız, 2015.*
[//http://kazgazeta.kz/news/26699](http://kazgazeta.kz/news/26699)
7. QROMA f-93, 74, 3-is, 1928-1930jj. 14 bet.
8. QROMA f-93, 74, 3-is, 1928-1930jj. 14 bet.
9. QROMA 29-qor, *Opis-1, 608-is 42 bet.*
10. Muxantegi D. «Sarısw-Sozaq» köterilisi jaylı murağat derekeri sır şertedi.
<https://qamshy.kz/article/9100-sarysu-sozaq-koterilisi-zhayly-muraghat-derekeri-syr-shertedi>. 11.08.2021

¹Н.Д. Нұртазина*, ²Ж.А. Әкімбек

¹т.ғ.д., профессор қ.а., әл-Фараби атындағы Қазақ ҰУ
Қазақстан, Алматы қ. E-mail: nazira.nurtazina@mail.ru
²әл-Фараби атындағы Қазақ ҰУ-нің 2-курс магистранты
Қазақстан, Алматы қ. E-mail: akimbekzhanibek@gmail.com

ОРЫС ПАТШАЛЫҒЫНЫҢ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ МИССИОНЕРЛІК САЯСАТЫНЫҢ СӘТСІЗДІККЕ ҰШЫРАУЫНЫҢ СЕБЕПТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада авторлар XIX ғ. соңы және XX ғ. басындағы Дала өлкесіндегі орыс патшалығының миссионерлік саясатының сәтсіздікке ұшырауының әлеуметтік себептерін қарастырады. Дала өлкесіндегі миссионерлік саясаттың іс-шараларын айқындау, осы бағыттың әдіс-тәсілдерін анықтау және алынған нәтижелерді зерделеу мақсатында тарих ғылымында кең қолданысқа ие болған тарихи-генетикалық, тарихи салыстырмалық, нақты-тарихи секілді методологиялық әдістерді қолдану арқылы жіті талдайды. Ресей империясының шенеуніктерінің миссионерлік саясатты бастауға негіз болған жалпыимпериялық саяси курс, әлеуметтік, этникалық және т.б. секілді факторлер анықталады. Епархиялар басшыларының есептері сынды империялық құжаттарды пайдалану арқылы империяның конфессиялық саясатын үкімет тарапынан қаншалықты деңгейде қолдау тапқаны зерделенеді. Сондай-ақ, жоғары билік пен зиялы қауымының қарастырылып отырған саясатқа қатысты ұстанымы қарастырылады. Кедейленген қазақтарды өзге дінді қабылдауға Қазақ Даласында аграрлық мәселенің ушығуы себеп болды, алайда миссионерлік саясат толық жүзеге аспады деген қорытынды жасалады. Неофиттердің жер телімдерімен қажетті деңгейде қамтамасыз етілмеуі және жаңа ортаға бейімделу барысында туындаған қиыншылықтарды шешу бойынша билік тарапынан атқарылған шаралардың деңгейі олардың арасында шоқынуды деген ынтасының төмендеуіне ықпал етті.

Кілт сөздер: Ислам, Дала өлкесі, конфессионалды саясат, миссионерлік, отаршылдық

¹ Нуртазина Н.Д.*, ² Акимбек Ж.А.

¹д.и.н., и.о. профессора КазНУ им. аль-Фараби
Казахстан, Алматы. E-mail: nazira.nurtazina@mail.ru
²магистрант 2 курса КазНУ им. аль-Фараби
Казахстан, Алматы. E-mail: akimbekzhanibek@gmail.com

ПРИЧИНЫ ПРОВАЛА МИССИОНЕРСКОЙ ПОЛИТИКИ РУССКОГО ЦАРИЗМА В КАЗАХСКОЙ СТЕПИ

Аннотация

В статье авторы рассматривают социальные причины провала миссионерской политики русского царизма на территории Степного края в конце XIX и XX начала вв. В целях определения мероприятий миссионерской политики в степном крае, выявления методов и приемов данного направления и изучения полученных результатов анализируются с применением таких методологических методов, как историко-генетический, исторический сопоставительный, конкретно-исторический, которые получили широкое применение в

исторической науке. Определяются такие факторы, как общеимперский политический курс, социальный и этнический, послужившие основанием для начала миссионерской политики русскими чиновниками. Использование таких имперских документов, как отчеты глав епархий, позволяет изучить степень поддержки конфессиональной политики со стороны властей. Также уделяется внимание позиции высшей власти и интеллигенции относительно рассматриваемой политики. Делается вывод о том, что принятию обнищавшими казахами иной религии способствовало обострение аграрного вопроса в Казахской степи, однако миссионерская политика не была реализована в полной мере. Необеспеченность неопитов земельными участками на должном уровне и степень правительственных мер по предотвращению проблем адаптации к новой среде снизили мотивацию к крещению.

Ключевые слова: Ислам, Степной край, конфессиональная политика, миссионерство, колониализм.

¹ Nurtazina N.D. *, ² Z.A. Акимбек

¹ Doctor of History, Associated Professor, Al-Farabi KazNU
Kazakhstan, Almaty. E-mail: nazira.nurtazina@mail.ru

² 1st Master Student Al-Farabi KazNU
Kazakhstan, Almaty. E-mail: akimbekzhanibek@gmail.com

THE REASONS FOR THE FAILURE OF THE MISSIONARY POLICY OF RUSSIAN TSARISM IN THE KAZAKH STEPPE

Abstract

The article analyses the objective reasons of the failure of the missionary policy of Russian Tsarism on the territory of the Kazakh Steppe. In order to determine the activities of missionary policy in the steppe region, methodological methods are used, such as historical-genetic, historical comparative, concrete-historical, which have been widely used in historical science. This paper identifies factors that influenced the implementation of missionary policy tasks in the region. The use of imperial documents, such as reports of the heads of dioceses, allows us to study the degree of government's support for confessional policy. In the paper, attention is also paid to the position of the highest authorities and the intelligentsia regarding the policy in question. It is concluded that the reason for the adoption of a foreign religion by the poor Kazakhs was the aggravation of the agrarian problem. However, the missionary policy didn't achieve what it wanted. The lack of sufficient land plots for the neophytes and the extent of government measures to prevent problems of adaptation to the new environment reduced the motivation for orthodoxy.

Keywords: Islam, The Steppe region, confessional policy, missionary activity, colonialism.

Кіріспе. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап Ресей империясының конфессионалды саясаты күрделі өзгеріске ұшырай бастады. Негізгі себебі – Қазақстан, Орта Азия мен Кавказ жерін империя құрамына қосуы. Империяның жаңа тұрғындары бодан халыққа айналса да, өздерін, бірінші кезекте, мұсылман үмметіне жатқызудан бас тартпады. Сондай-ақ, ішкі жағдаймен қатар сыртқы факторды да ескеру қажет. Сол замандағы күллі мұсылмандардың рухани басшысы – Осман империясының сұлтаны Ресейге қарсы түркі-мұсылман халықтарын қарсы шығуға үндеуге мүмкіндігі туды. Нәтижесінде «ақ патша» және оның маңындағылар туындаған жаңа тенденцияларды ескере келе, конфессионалды саясатты түбегейлі өзгерту қажеттігін түсінді.

Алайда қолға алынған жаңа діни саясат жүйесіз болды, әрі өңірдің ерекшеліктеріне сай өзгеріп отырды. Түркістан жерінде орыс әкімшілігі мұсылмандардың ішкі істеріне араласпау саясатын ұстанса, Қазақстанның «далалық» өңірлерінде мұсылмандарға едәуір қысым көрсетумен қатар ашық миссионерлік саясатты жүзеге асыра бастады.

Мақсаты. Дала өлкесіндегі миссионерлік саясаттың іс-шараларын арнайы қарастыра отырып, осы бағыттың әдіс-тәсілдерін анықтау және алынған нәтижелерді зерделеу.

Материалдар мен әдістер. Жұмыста Омбы епархиясының «Омбы епархиялық хабаршысы» («Омские епархиальные ведомости») басылымының нөмірлерінде жарияланған миссионерлердің есептері мен мақалалары пайдаланылды. Бұл деректер топтамасындағы мәліметтер империя субъектілерінің көзқарасы мен жеке пайымын жеткізетіні сөзсіз. Дегенмен, олар Дала өлкесіндегі миссионерлік әдіс-тәсілдерге қатысты құнды ақпарат бере алады.

Зерттеу барысында объективтік пен тарихилық принциптері, сол сияқты тарих ғылымында кеңінен қолданылатын тарихи-генетикалық, тарихи салыстырмалық, нақты-тарихи секілді методологиялық әдістер қолданылды. Бұл ғылыми әдістер негізгі зерттеу пәні болып табылатын Дала өлкесіндегі патша өкіметінің миссионерлік әдіс-тәсілдерін жалпыимпериялық саяси курс, әлеуметтік, этникалық, т.б. факторлармен тығыз байланыста қарастырып сәтсіздікке ұшырау себептерін ашуға қол жеткізді.

Нәтижелерді талқылау. Орыс патшалығы Қазақстан және Орта Азияны толықтай өзіне қосқан сәттен бастап ауқымды империя кеңістігін құра басталды. Осының нәтижесінде империя құрамына қосылған жаңа халықтарды осы кеңістікке тарту бойынша талпыныстар көпбағытты саясат аясында іске асырыла бастады. Соның ішінде конфессионалды саясатқа жіті көңіл бөлінді. Шенеуніктер ислам дінінің қазақтар арасында аса қатты тамыр жаймағандығын алға тарта отырып, православ миссионерлерін қазақ даласына жіберуді мақсат етті [1, с. 44]. Алайда авторитарлық, монархиялық жүйесінде қазақ жеріндегі діни саясат тікелей генерал-губернаторларға тәуелділігімен ерекшеленеді.

Мәселен, Орынбор және Батыс Сібір генерал-губернаторлықтарының басшылары Орта және Кіші жүз қазақтарының арасында ислам дінінің таралуына толықтай қарсы болды. Олар ХІХ ғасырдың 20-60 жылдары осы аумақта жүргізілген әкімшілік-территориялық реформалар арқасында қазақ даласы империя кеңістігіне интеграциялау үдерісінің іске асырылып жатқан жағдайда ислам дінінен, керісінше, дезинтеграциялық фактор туындауы ықтималдығын алға тартты. Осылайша, қазақ халқын империяның өзге мұсылман халықтарынан бөліп, оқшаулау мақсаты көзделді.

Жергілікті билік өкілдерінің позициясын ХІХ ғасырдың 60-жылдары енгізілген Уақытша Ережелердің мазмұнынан байқауға болады. Осы ережені дайындау барысында Орынбор өлкесінің генерал-губернаторы Н.А. Крыжановский қазақ даласында мемлекеттік білім моделін енгізуді ұсынып, білім бағдарламасы орыс тіліне негізделуі жоспарланды [2, с. 45]. Оқу орындарының сыныптарына қазақ пен орыс балаларын бірге оқыту көзделіп, православ шіркеу қызметкерлері мұғалім болуға тиісті еді.

Сонымен қатар, Н.А. Крыжановский жергілікті басқару орындарына орыс тілін жақсы меңгерген, әсіресе, мектеп түлектерін алу және қазақ жерінде діни фанатиктердің тұруына тыйым салу ұсынысын жасады.

Сол сияқты танымал шығыстанушы В.Григорьев Ресейдің Азиядағы позициясын берік орнату үшін исламды шектеу қажеттігін атап кетті. Осы орайда, татар «мұғалімдер мектептерінде» мұсылманша пәндерді қысқарту керектігін айтты. Қазақстанда әскери колониялар мен орыс қоныстарын құру арқылы орыс-православ мәдениетінің бастамасының пайда болуына мүмкіндік жасай отырып, қазақ халқының орыстануына қолайлы жағдайдың туындау мүмкіндігін алға тартты [3, с. 279].

Зерттеу нәтижесі. Бастапқы кезеңде миссионерлер үгіт-насихат жұмыстарын әскери казактар және орыстармен жақын араласатын қазақ халқының арасында жүргізді. Екі халықтың байланысының негізгі түрі экономикалық қарым-қатынас болды. Орыс-казактардың басым уақыты әскери жаттығулармен өткендіктен, ауыл шаруашылығымен қажетті деңгейде айналыса алмады. Осы орайда, малынан айырылған қазақтарды жалдамалы еңбекке тартты. Ғылыми әдебиеттерде қазақ қоғамының бұл өкілдері «жатақ» деп аталады. Жатақтар малынан айырылып, дәстүрлі қоғамдық ортадан байланысын үзген маргиналды топ өкілдеріне жатқызылады.

Дегенмен, жатақ тобының пайда болуына Ресей империясының қазақ халқына тиесілі дәстүрлі жайылымдық жерлерін тартып алуымен байланысты.

Жатақтар мәселесі өте ауқымды және өзекті болып келеді. Екі халықтың әлеуметтік-мәдени байланысқа түсуі, әлсіз этностың ассимиляцияға ұшырауына алып келер еді. Алайда жатақтар орыс-казак сословиесіне өтуге асыққан жоқ. Өйткені сословиеге өту жаңа міндеткерліктің пайда болуына алып келді. Орыс-казактар ең алдымен әскери борышкерлікті атқаруға міндетті болды. Осындай субъективті фактор екі халық арасына тосқауыл қойды.

Қазақтар орыс-казактарға жалданып, мал және егін шаруашылығына байланысты жұмыстарды жасаса, қазақ әйелдері үй жұмыстарына тартылды [4, с. 22]. Катанаевтың пайымдауынша, әр орыс-казактың үйінде бірнеше қазақ жұмыс істеген және қызмет ету – кейбір қазақтардың ата кәсібіне айналып үлгірген.

Шекара маңында өмір сүретін қазақ халқының санын анықтау өте қиын. Катанаевтың пайымдауынша, 1899-1900 жылдары Бийск шебінде 285 қазақ болса, Семей облысында 2936 және Ақмола облысында 2403 тіркелген [4, с. 22]. А.Н. Алексеенко дерегі бойынша, 1842 жылы Өскемен, Оба және Колыван болыстарында 3450 адам тұрса, Қарасұқ болысында 1325 қазақ тіркелген. 1852 жылы Алтай таулы өлкесін 16 мыңға жуық қазақ мекендеген [5, 87-90]. Мұнда жатақтармен қатар көшіп жүрген қазақ ауылдарын да ескерген жөн. Жатақтар орыс халқының өмір салтымен және тілімен таныс болғандықтан, Дала өлкесінің генерал-губернаторы Г.А. Колпаковский миссионерлік жұмыстарды ең алдымен осы топтың арасында жүргізу керектігін алға тартты.

Этносаралық байланыс экономикалық ара қатынаспен шектеліп қойған жоқ. Екі халық бір-бірінің материалдық және рухани жетістіктерімен алмаса отырып, екі тілдік феноменнің пайда болуына алып келді. Осы орайда, Н. Ядринцев былай деп жазады: «Шеп бойындағы орыс-казактар ана тілінен бас тартып, қырғыз (қазақ) тілінде сөйлеседі. Қазақтармен жиі байланысып отырғандықтан, тұрмыстық өмірінде де осы тілге көшіп кеткен. Станицаларда қазақ тілі француз тілінің орнын басқан. Өйткені орыс-казак шенеунігінің қызы барлық бұйрықтарды осы тілде орындатады. Қазақ даласынан Омбыға келген орыс-казак шенеунігі есепті қазақ тілінде жеткізгендігін естідік» [6, с. 284]. Қазақ тілінің шеп бойындағы тұрғындардың арасында кең таралуына аралас қазақ-орыс некелері де әсер етті.

Сондықтан жергілікті билік өкілдері жатақтар мен орыс-казактардың арасындағы қарым-қатынасты пайдаланып, діни-христиан құндылықтарының үгіт-насихат жұмыстарына қолайлы уақыт екендігін жеткізеді. Сондай-ақ, қазақ халқы ислам ережелерін толық бойына сіңірмегендігі жайлы үстірт пікір сол кезде кең тараған [2, с. 143]. Шоқан Уәлихановтың пайымдауынша, исламның қазақ халқының өмірінде толықтай орнықпағандығын атай отырып, бақсылардың қазақ даласында беделі жоғары екендігін жазғаны білгілі [1, с. 71].

Расында да, XIX ғасырдың 80-жылдары Қырғыз миссиясының қызметкерлері өздерінің алғашқы жұмысын жатақтардың арасында бастап, алғашқы миссионерлік стандарты Сібір орыс-казак әскерінің қоныстарында орналастырды. Большенарым, Дөлен Бөкен, Шүлбі секілді елді мекендер этномәдени байланыстардың негізгі орталықтары болды. Тек XX ғасырдың басында ғана миссия қызметкерлері қазақ даласының ішіне қарай ене бастады.

Орыстар мен шоқынған қазақтардың бір қоныста тұруы қажетті және оң нәтижесін беретін шара ретінде қарастырылды. Бұл әлеуметтік-мәдени бейімделу және орыстандыру саясатының бір бөлшегі болып табылды. Осы арқылы жаңа дінге өткен қазақтар орыстардан егін шаруашылығын жүргізуге, орыс халқының тұрмыс-салтына және отырықшы өмірге үйренуге тиісті еді.

Шоқынған қазақтың көршісі ретінде орыс болу шарты аталды. Мәселен, Алтай діни миссиясының қызметкері былай деп жазады: «Шоқынған бұратана үшін орыс адамы – христиандық өмірдің нағыз үлгісі. Сондай-ақ, өз патшасы, Отаны мен орыс мәдени өмірінің өнегесі. Бұл талаптарға нақ орыс православ адамы ғана сәйкес келе алады» [2, с. 144]. Орыс шаруалары мен орыс-казактарды көшпелі қазақ халқы арасында үгіттеуші ретінде қолдана отырып, олардан миссия қажеттіліктеріне қайырым түрінде қаржы жинау көзделді.

Дегенмен, христиан миссионерлерінің үміттері ақтала қойған жоқ. Осы орайда, Омбы епархиясының миссионерлері орыс-казактардың дінге немқұрайлы қарап, діни ғұрыптарды орындамайтындығын жеткізеді [7, с. 297]. Оларға арналған шіркеулер діни мейрамдар кезінде де бос тұрып, шіркеу қызметкерлерінің ықпалы төмендігі аталады [8, с. 9]. Сонымен қатар, орыс-казактар шоқынған қазақты емес, мұсылман қазақты жұмыспен қамтыған [9, с. 8]. Өйткені христиан дініне өткен казактар жексенбі күні демалыс талап етіп, құқықтарының бұзылуына қарсы келді.

Сонымен қатар, миссионерлер орыс-казактардың казак халқының дәстүрлі шапанын киіп, бірге тамақтанады деп жазады. Осылайша, ұлтаралық өзара мәдени ассимиляция нәтижесінде орыс-казактардың кей топтары жат дінге төзіммен қарағандығын байқауға болады. Алайда казактар мен орыс шаруаларының («кара шекпендер») арасындағы қарым-қатынас мүлдем басқа, күрделі болды. Қоныстанушылар жаңа стандарттың пайда болуына қарсы болуы, жерге бәсекелестіктің болуымен түсіндіріледі. Шоқынған казак отырықшы өмір салтына үйренуге міндетті болғандықтан, оларға жер телімін беру қажет болды.

Омбы епархиясының миссионері Стефан Борисов осындай текетіректің бір көрінісін өз жазбаларында қалдырған. 1894 жылы Черно-Ануйск станында қоныстанған шоқынған казактар орыстардың осы елді мекеннен кетуін сұрады. Миссионер бұл талаптың еш негізі жоқ деп, сонымен қатар, Алтай өңірінде орыстардың қоныстануы азаматтық биліктің нұсқауы бойынша жүзеге асырылатындығын жеткізді. Христиан казактар бұл жайтты өздеріне қарсы жасалған әрекет ретінде танып, шіркеу қызметкерін соққыға жықты.

Стефан Борисовтың хабарлауынша, 1906 жылы бұратана халық пен орыстар арасында жерге қатысты дау туындайды. «Турату жайлауына көз тіккен орыс шаруалары казактар мен қалмақтарға қарсы арыз түсіреді. Шіркеуде орыстар тарапынан қысым көрген шоқынған казактар ғибадатханаға барудан бас тартты. Орыстар казактардың мұсылман ғұрыптарын әлі де орындайтындығын алға тартып, бұрынғы дініне қайта оралсын деп және қоныстан куды. Нәтижесінде, Черно-Ануйға шоқынғандар арасына татарлар мен казактар келе бастап, ислам дінін қайта қабылдауына шақыра бастады. Орыстар приходты казактардан тазарту мақсатында күш қолдануға дейін барды», - деп жазады миссионер.

Миссия қызметкерлері туындаған кедергілерді шешу үшін, шоқынған казактарды орыс-казак және шаруалар сословиесіне тіркеу шарасын орындауды жоспарлады. Осыған орай, 1887 жылы Дала өлкесінің генерал-губернаторы Г. Колпаковский Бөкен станында болып, шоқынған казактарды орыс-казак сословиесіне еркін түрде тіркеу ұсынысын жасады. Егер орыс-казактар сословиесіне өтсе, әскер міндеткерлігінен босатып, әскери немесе бос жатқан казактардың жер қорынан белгіленген мөлшердегі жер десятинасын үлестіру жоспарланды [10, сс. 20-21]. Бұл ұсыныс арқылы екі маңызды мәселені шешу көзделді. Біріншіден, христиан дініне өткен казакты орыс-казактар сословиесіне өткізудің негізінде жаңа мәдени ортаға қиындықсыз бейімдеу мүмкіндігі туатын болды. Екіншіден, империя заңына сәйкес орыс-казактар сословиесіне өтсе, кісіге жер телімі берілу тиісті болды. Осы арқылы казактарды жермен қамту жоспарланды.

XIX ғасырдың бірінші жартысында Орта және Кіші жүз казактары арасында өздерінің әлеуметтік мәртебесін жоғарылату үшін православиені қабылдаған жағдайлар тіркелген. Қазактар орыс-казак әскеріне тіркелу немесе шеп бойындағы шаруашылық жұмыстарда қызмет атқара алды. Алайда XIX ғасырдың ортасынан бастап империяның барлық халықтары, оның ішінде казак халқы да деревня тұрғындары немесе мещандар қатарына жатқызылды. Нәтижесінде, православиені қабылдағандар үшін қолайсыз жағдай туындады. Өйткені жаңа сословие оларға экономикалық тұрғыдан тиімсіз болды. Жаңа статус салық төлеуге міндеттеді. Осылайша, Дала генерал-губернаторлығында миссионерлік жұмыстардың құрылуы кешеуілдеп, жаңа дін қолайлы жағдайлардың туындауына кепілдік бере алмады.

Уақытша Ережеге сәйкес мұсылман дініндегі казактар 1,5-3,75 рубль көлемінде түтін салығын ғана төлеуге міндетті болды. Ал христиан дініндегілер болса бір десятина жерге 15 тиын төлеуге міндетті болды. Бұл салықтың көлемін аз сома құраса да, миссионерлер

мұсылмандардың артықшылығын байқауға болатыны туралы сөз қозғады [11, с. 116]. Өздері кедейленген топтардан шығып, шоқынға бел буған қазақтардың нашар экономикалық жағдайы мұндай соманы төлеуге мүмкіндік бермеді. Сондықтан жаңа дінге өткен қазақтардың басым бөлігі ауылдық қоғамның құрамына кіруге құқығы болмай, жер телімін алуға үміттен алмады.

Ю. Лысенконың пікірінше, шоқынған қазақтарға мемлекет тарапынан төленетін жәрдемақы біркелкі болған жоқ [2, с. 154]. Бір кісіге 25 рубль берілсе, басқасына 100 рубль төленді. Мұндай салғырттықтың әсерінен шоқынғандар арасында наразылық туындады. Бюрократиялық қағаз-бастылыққа байланысты жәрдемақыны алу ұзақ уақытқа созылып жатты. 1891 жылдан бастап Мемлекеттік кеңестің шешімімен Дала өлкесінің бұратана халықтары әскери міндеткерліктен босатылды. Қала немесе деревнялық қоғамға тіркелген шоқынған қазақтар әскери міндетті болып саналды [11, сс. 167-168]. Бұл қаулы христиан дініне өтуге тағы бір кедергінің туындауына алып келіп, миссионерлер өз қызметтерінің күрделенетіндігін ескертті.

Шоқынған қазақтарды жаңа қоғам талаптарына ұтымды бейімдеу үшін, жермен қамтамасыз ету шараларын орындау керек болды. XIX-XX ғасырлар аралығында жер мәселесі Қырғыз миссиясымен қатар Дала генерал-губернаторлығына қоныс аударған орыс шаруалары үшін де маңызды болды. Әдеттегідей, жердің басым бөлігі Орынбор, Орал және Сібір орыс-казактары мен Қоныс аудару жер қорында болды. Осылайша, христиан қауымына қосылған жаңа мүшелері үшін бос жер телімі табылмады. Орыс-казактар мен орыс шаруалары өз жерлерін бөліп беруге қарсы болды. Большенарым станының орыс-казактары шоқынған қазақтардан қоныста тұрып жатқаны үшін ақша талап етті.

Осыған қатысты 1887 жылы Томск епархиясының мерзімдік басылымында жарияланған мақалада мынадай оқиға баяндалады. «Шоқынған қазақтарға жер телімін үлестіру туралы мәселенің туындағанына 2 жыл болды. Миссия басшысының сұранысымен генерал-губернатор (Г.А. Колпаковский) облыстық губернатор арқылы Өскемен уезінің басшысына миссионер сұраған өңірден бос жерді қарастыруға бұйырды. Уез басшысы аталған екі өңірден бос жер таба алмай, басқа аумақта 600 десятина бар екені туралы облыс губернаторын хабардар етті. Алайда егіншілікке аталған жердің 10-15 десятинасы ғана жарайды. Өйткені кішігірім жер телімі таудың етегінде орналасқан. Облыстық әкімшілік уез басшысының ұсынысымен келісіп, Дала генерал-губернаторына жердің жарамсыздығын айтпай, өлке басшысының келісімін алды. Миссионер осы хабарды естіп, миссия басшысына болған жайтты баяндап берді. Миссия басшысы Санкт-Петербурда жүрген генерал-губернаторға жерді ауыстыру қажет екенін жеткізді. Генерал-губернатор егіншілікке қолайлы 600 десятина бөлу қажеттігін атап, әр шоқынған қазаққа 15 десятина беруін бұйырды. Дегенмен, бұл бұйрық орындалмай қалды. Шілде айының соңында Өскемен уезінің басшысы миссионермен бірге таулы жердің құнарсыз екендігін көріп, Бөкенге жақын маңайдан құнарлы 600 десятина жер тауып берді. Дегенмен, игеруге ниет танытқан шоқынған қазақтарға ғана аталған жерді иемдене алады» [10, с. 17].

«Қырғыз миссиясына» қарасты елді мекендерді жермен қамту міндеті жергілікті әкімшілік өкілдеріне жүктелді. Өлкедегі этносаралық ахуалдың қиындығын ескеріп, арнайы бөлінген жерден автономды қоныстар құру туралы шешім қабылданды. Бұл арнайы қоныстар орыс шаруаларының елді мекендері мен орыс-казактардың станицаларынан шалғайда орналасты.

1895 жылы Дала өлкесінің генерал-губернаторы Г.А. Колпаковскийдің бұйрығымен Дөлен станына 1500 десятина жер берілді. 1896 жылы аталған жердің орнында Преображенск қонысы құрылды. Дөленде тұратын шоқынған қазақтардың басым бөлігі жаңа елді мекенге көшіп, егіншілікпен айналысты. Әр отбасы 2 десятина жерге егін егіп, отбасы мүшелерінің санына қарай егіншілікке қажетті дән берілді. Сондай-ақ, қыс мезгілінде қазақтар Дөлен немесе Семейге отын сатса, етікшілік қолөнермен айналысты [12, сс. 5-6]. 1913 жылы елді мекендегі қазақтардың саны 100-ге жетіп, тұрғындар саны бойынша Орталық миссиясынан кейінгі екінші орынға жайғасты.

1895 жылы императорлық Кабинеттің рұқсатымен Тумараш жерінен егіндік және шабындық 1000 десятина жерді Қырғыз миссиясының Большенарым станына берілді. Осылайша, жермен қамтылған арнайы елді мекендер саны 2-ге жетті. Дегенмен, бұл қоныста 13 казак

отбасы ғана өмір сүрді [13, с. 11]. Шоқынған қазақтардың басым бөлігі көрші елді мекендерде уақытша жұмыстармен айналысуды жөн деп ұйғарып, өздеріне берілген жерді православ сектанттарына жалға берді. Осылайша, 1905 жылы Большенарым қонысы таратылғандықтан, Тумараш тұрғындары Преображенскке көшірілді.

Осылайша, Семей және Ақмола облыстарында орналасқан 9 станның екеуі ғана жер телімімен қамтылып, Тумараш және Преображенск секілді арнайы миссионерлік елді мекендер құрылды. Алайда бөлінген жер телімдері егіншілікке қолайсыз және су көздері тапшы болғандықтан, шоқынған қазақтарды егін шаруашылығына баулу жоспары нәтиже бермеді.

Қырғыз миссиясының қызметкерлерінің пікірінше, жер мәселесін шешу арқылы миссионерлердің қазақ даласындағы жұмыстарын тездететіні туралы ескертті. Сондай-ақ, қазақ халқының өмір салтының ерекшеліктерін есепке ала отырып, жер телімін нақты мөлшерде бөлу қажеттігі айтылды. Мұсылман қазақтар мен шоқынғандарға жер телімін бірдей көлемде беру арқылы миссияның қазақ даласындағы беделі күшейе түсетіндігін алға тартты [11, с. 115]. Орыс шаруалары мен христиан қазақтарына бірдей 15 десятина берілсе, ислам дініндегі қазақ халқы одан еке есе жер көлеміне ие болып отыр деп жеткізді.

Әрине, сол кезеңде жердің басым бөлігі көшпелі қазақ халқының қолында шоғырлануы тарихи заңдылық еді. Номадизм шаруашылығы жайылымдар үшін өзіндік талаптарға сай жер көлемін талап етеді. Алайда, кейінгі кезеңдерде, XX ғ. бас кезінде, керісінше, жерінен айрылып, жаппай кедейшілік пен босқыншылыққа ұшыраған «қара шекпен» де, орыс-казак та, шоқыншы қазақ та емес, мұсылман қазақ көшпелі қауымы болды. Ал миссионерлердің жерді «әділ» бөліп беру ұсынысы Ресей империясының отаршылдық және ассимиляциялық саясаттарын бүркемелеу мақсатында жасалды. Осындай ұсыныстар мен диспуттар соңында қазақ халқының дәстүрлі жайылымдық жерлерін жаппай заңсыз тартып алуға алып келді.

Сөйтіп, діни-миссионерлік қызмет аясында қызықтырушы фактор болған жер мәселесі көптеген кедергілерге тап болып, Қырғыз миссиясына қарасты қоныстардың басым бөлігі жер телімдерімен қамтамасыз етілмеді. Дала өлкесінің генерал-губернаторы мен әскери губернаторлар бастаған жергілікті билік өкілдері орыс-казактар сословиесінің меншігіндегі жерді тартып алуға сескенгендіктен, христиан миссияларын жермен қамтамасыз ету шаралары ақырын жүрді. Жер мәселесін көпшілік қауымның көмегімен шешу талпынысы да сәтсіз аяқталды. Алайда әділдік үшін бізге белгілі бір жайтты атап өту жөн. 1902 жылы есаул М.Барановтың жесірі 635 десятина көлеміндегі жерді Қырғыз миссиясының Татар станына қайырымдылық ретінде сыйға тартты.

Шүлбі станының қызметкері Г.Латкин қағаз бетіне жазып алған шоқынған қазақтардың жергілікті билік басшылығына жолдаған өтініші олардың қиын жағдайда екендігі туралы хабарлайды. «Біз, Шүлбі станының жаңа христиандары, шоқынған уақыттан бастап Томск губерниясы мен Семей облысының көптеген елді мекендерінде болсақ та, өзімізге пана болатын орын мен жер телімін таппадық. Осы орайда, әр жердің жыртысы мен отын үшін ақша төлеуге міндеттіміз», – деп жазылған миссионер жазбасында [8, с. 6]. Жер мәселесі шешілмеуі, шоқынғандардың тұрмыстық жағдайының нашарлауына соқтырды. Нәтижесінде, миссионерлер ұдайы өз паствасына материалды көмек көрсетуге мәжбүр болды. Миссия бюджетінде әлеуметтік көмекке қатысты арнайы бөлім қарастырылды. Сонымен қатар, әр станда қайырымдылық көрсететін бөлімдер құрылды.

Миссияның әр станында приходтық қамқоршылық мекемелері орналасты. Дегенмен, қаржылай көмек көрсету көлемі мардымсыз болғандықтан, христиан-қазақтардың материалдық жағдайын жақсарту алмады. Сондықтан миссия тұрғындары Алтай, Семей, Өскемен және Павлодар қалаларында орналасқан өнеркәсіп орындарына жұмыс істеуге кете бастады. Бұл жағдай миссионерлердің өз паствасын бақылауда ұстауын қиындатты. Омбы епархиясының мерзімдік басылымының беттерінде жарияланатын Қырғыз миссиясының жылдық есептерінде 200-500 аралығындағы шоқынған қазақтар миссионерлік елді мекендерден тыс жерлерде тұратыны баяндалады.

Осылайша, христиан дінін қабылдаған қазақтардың әлеуметтік жағдайының төмендігі (қызықтырмауы) және ең бастысы – жер мәселесінің түбегейлі шешілмеуі Қазақ даласындағы

миссионерлік жұмыстарға кедергі жасады. Бұл жағдай өз кезегінде жаңа діннің қазақ халқының арасында кең тарала қоймай, православиені қабылдаған қазақтар санының жылдық көрсеткіші төмен деңгейде болуына себеп болды.

Алайда, бұл көбінесе миссионерлер мен империялық шенеуніктердің сыңаржақ пікір екенін байқаймыз. Шын мәнінде, әлеуметтік-экономикалық ынталандырудың әлсіз болуымен қатар қазақ халқының ислам дінінен бас тартпауына негізгі себеп ол рухани себептер болғаны сөзсіз. Отарлық дәуірде қандай қиындықтарды басынан кешсе де, қазақ халқының өзегі «ата-баба дінінен безгенді» үлкен күнә деп санап, дәстүрлі құндылықтарды көзінің қарашығындай сақтап келді.

Қорытынды. Қорытындылай келе, аталмыш дәуірде Ресей үкіметі тарапынан басталған миссионерлік насихат қазақ халқының белгілі бір әлеуметтік топ өкілдерінің арасында өз мақсатына жетті. Кедейліктен тауқымет көріп, келімсек үстем топтарға малай болып зарыққан қазақтар Ресей империясымен шекаралас өңірде өмір сүріп, орыс халқымен тығыз экономикалық және мәдени қарым-қатынастары орнату негізінде «жатаққа» айналып, ақыры шоқындыруға көнді, себебі одан белгілі әлеуметтік дивидендтер күтті.

Әскери казактар мен орыс шаруаларының қоныстарында құрылған миссионерлік стандартар (тұрақтар) христианданған бұратаналарды өз нысанына алды. Миссионерлер жаңадан шоқынған қазақтар мен орыстар бір елді мекен аумағында бірге тұрғызуды көздеді. Бұл тұжырымдама өз нәтижесін берген жағдайда жаңа дінді қабылдаған қазақтардың жаңа әлеуметтік ортаға бейімделуі жеңілдейді деп күтілді.

Алайда жаңа діннен «жаңа үміт» күткен қазақтарды жаңа әлеуметтік ортаның талаптарына бейімдеу іс-шаралары көптеген кедергілерге тап болды. Осы жерде Ресей империясының, яғни әскери-бюрократиялық сипаттағы ескі монархиясының заңнамалық жүйесінің жетілмегендігін еске алу қажет. Өйткені қазақ даласында миссионерлік жұмыстардың қолайлы жағдайда іске асырылуына мемлекет тарапынан атауға тұрарлықтай заңнамалық жүйе жасалмаған еді. Әскери казактар мен орыс шаруаларының өздері православие дінінің парыздарына немқұрайлы қарады. Осыған байланысты оларды Қырғыз миссиясының жұмыстарына қосымша көмек ретінде пайдалану мүмкін болмады. Сондай-ақ, шоқынған қазақтарды жер телімімен қамтамасыз ету мәселесінің шешімін таппауы (іс жүзінде өкіметтің оларды алдап түсіруі), миссионерліктің одан әрі дамуын қиындатты. Сол сияқты, ғасырлар бойы қанға сінген мұсылман әдеттердің күші де қазақтардың жаппай христиан дініне өтуіне кедергі болған сияқты.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

- 1 *Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений: в 5 т. Т. 1. – Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1985. – 464 с.*
- 2 *Лысенко Ю.А. Миссионерство Русской православной церкви в Казахстане (вторая половина XIX – начало XX в.). – Барнаул, 2010. – 195 с.*
- 3 *Батунский М.А. Россия и ислам: в 3 т. Ч. 2. – М.: Прогресс-традиция, 2003. – 596 с.*
- 4 *Катанаев Г.Е. Киргизский вопрос в Сибирском казачьем войске: Исслед. ген-м. Г.Е. Катанаева. – Омск: Тип. Окр. штаба, 1904. – 201 с.*
- 5 *Алексеенко А.Н. Взаимосвязи казахского и русского населения в Восточном Казахстане (XVIII – первая половина XIX вв.). – Усть-Каменогорск: «Медиа-Альянс», 2003. – 140 с.*
- 6 *Семилужский Н. Чокан Валиханов и культурные взаимосвязи народов // Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений: в 5 т. Т.5. – Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1985. – 528 с.*
- 7 *Тасмагамбетов А.С. История конфессии Казахстана в конце XVIII-начале XX вв. (по материалам ислама и православия). – Уральск: Издат. центр и СМИ ЗКТУ им. М.Утемисова, 2010. – 376 с.*
- 8 *Отчет Киргизской миссии за 1899 г. // Омские епархиальные ведомости. – 1900. – №17. – 15 сентября.*

9 Отчет о состоянии Киргизской миссии за 1902 г. // Омские епархиальные ведомости. – 1903. – №10. – 15 мая.

10 Из Семипалатинской области. // Томские епархиальные ведомости. – 1887. – №1. – 1 января.

11 Елисеев Е. Меры для лучшей постановки и более успешной деятельности миссии среди киргизов // Православный благовестник. 1899. Т. II. № 11. Кн. I.

12 Отчет Киргизской миссии за 1899 г. // Омские епархиальные ведомости. – 1900. – №20. – 15 октября.

13 Герасимов Б.Г. Старинные церкви Семипалатинской области // Избранные труды. – Усть-Каменогорск: Шыгыс баспа", 2000. – 335 с.

References:

1. Valikhanov Ch. Ch. Sobraniye sochineniy: v 5 t. T. 1. [Collected works: in 5 volumes. Vol. 1.]. – Alma-Ata: Glavnaya redaktsiya Kazakhskoy sovetskoy entsiklopedii, 1985. – 464 s. [In Russian].

2. Lysenko YU.A. Missionerstvo Russkoy pravoslavnoy tserkvi v Kazakhstane (vtoraya polovina KHÍKH – nachalo KHKH v.). [Missionary work of the Russian Orthodox Church in Kazakhstan (second half of the 19th - early 20th century)]. – Barnaul, 2010. – 195 s. [In Russian].

3. Batunskiy M.A. Rossiya i islam: v 3 t. CH. 2. [Russia and Islam: in 3 volumes. Part 2.]. – M.: Progress-traditsiya, 2003. – 596 s. [In Russian].

4. Katanayev G.Ye. Kirgizskiy vopros v Sibirskom kazach'yem voyske: Issled. gen-m. G.Ye. Katanayeva. [The Kirghiz Question in the Siberian Cossack Host: The research by the general. G.E. Katanaev]. – Omsk: Tip. Okr. shtaba, 1904. – 201 s. [In Russian].

5. Alekseyenko A.N. Vzaimosvyazi kazakhskogo i russkogo naseleniya v Vostochnom Kazakhstane (XVIII – pervaya polovina KHÍKH vv.). [The relationship of the Kazakh and Russian population in East Kazakhstan (XVIII - first half of the XIX centuries)]. – Ust'-Kamenogorsk: Media-Al'yans, 2003. – 140 s. [In Russian].

6. Semiluzhskiy N. Chokan Valikhanov i kul'turnyye vzaimosvyazi narodov // Valikhanov CH.CH. Sobraniye sochineniy: v 5 t. T. 5. [Chokan Valikhanov and cultural relationships of peoples // Valikhanov Ch.Ch. Collected works: in 5 volumes. T. 5.]. – Alma-Ata: Glavnaya redaktsiya Kazakhskoy sovetskoy entsiklopedii, 1985. – 528 s. [In Russian].

7. Tasmagambetov A.S. Istoriya konfessii Kazakhstana v kontse XVIII-nachale KHKH vv. (po materialam islama i pravoslaviya). [The history of the confession of Kazakhstan in the late 18th and early 20th centuries (based on materials from Islam and Orthodoxy)]. – Ural'sk: Izdat. tsentr i SMI ZKGU im. M. Utemisova, 2010. – 376 s. [In Russian].

8. Otchet Kirgizskoy missii za 1899 g. // Omskiye yeparkhial'nyye vedomosti. [Report of the Kyrgyz mission for 1899 // Omsk Diocesan Bulletin]. – 1900. – №17. – 15 sentyabrya. [In Russian].

9. Otchet o sostoyanii Kirgizskoy missii za 1902 g. // Omskiye yeparkhial'nyye vedomosti. [Report on the state of the Kyrgyz mission for 1902 // Omsk Diocesan Bulletin.]. – 1903. – №10. – 15 maya. [In Russian].

10. Iz Semipalatinskoy oblasti. // Tomskiy yeparkhial'nyye vedomosti. [From the Semipalatinsk region. // Tomsk Diocesan Bulletin]. – 1887. – №1. – 1 yanvaryaya. [In Russian].

11. Yeliseyev Ye. Mery dlya luchshey postanovki i boleye uspeshnoy deyatel'nosti missii sredi kirgizov // Pravoslavnyy blagovestnik. [Measures for a better formulation and more successful activity of the mission among the Kirghiz // Orthodox evangelist.]. 1899. Т. II. № 11. Кн. I. [In Russian].

12. Otchet Kirgizskoy missii za 1899 g. // Omskiye yeparkhial'nyye vedomosti. [Report of the Kyrgyz Mission for 1899 // Omsk Diocesan Bulletin]. – 1900. – №20. – 15 oktyabrya. [In Russian].

13. Gerasimov B.G. Starinnyye tserkvi Semipalatinskoy oblasti // Izbrannyye trudy. [Ancient churches of the Semipalatinsk region // Selected works]. – Ust'-Kamenogorsk: Shygy's baspa, 2000. – 335 s. [In Russian].

ЖАЛПЫ ТАРИХ ВСЕОБЩАЯ ИСТОРИЯ GENERAL HISTORY

УДК 578 -11
МРНТИ 03.20.09

<https://doi.org/10.51889/2021-3.1728-5461.05>

¹*Sohrab Asgari**

¹*Assistant Prof. Faculty of Social Sciences, Payam Noor University, Tehran, Iran, Phone number: 00989188128816, E-mail: s.asgari@pnu.ac.ir*

THE SILK ROAD AS A COMMON PART OF THE HISTORY OF IRAN AND KAZAK

Abstract

Each country has its own history in which the events and ups and downs of that country are recorded. But countries also have parts of history that they have in common. An international incident or a transnational incident in the past caused countries to have common ground in parts of the history. The Silk Road and trade at that time are common points of history between Iran and Kazakhstan. The Silk Road, which started in the east of China, went west, and divided into two major international routes, one passing through Iran and the other passing through Kazakhstan. The Silk Road in Iran and Kazakhstan had structures that facilitate the passage of caravans, including caravanserais. Iranian cities had an acceptable performance in this particular case. One of the most important tools needed to create an efficient administrative structure and oversee the country's affairs has been to build communication channels. The royal road is an example of this communication route that was created in the Achaemenid period to connect different parts of the country.

Keywords: Iran, Kazakhstan, Silk Road, Caravanserai

¹*Сохраб Асгари**

¹*Паяме Нур университетінің әлеуметтік ғылымдар факультетінің профессор ассистенті, Тегеран, Иран, Тел: 00989188128816, E-mail: s.asgari@pnu.ac.ir*

ЖІБЕК ЖОЛЫ – ИРАН МЕН ҚАЗАҚ(СТАН) ТАРИХЫНЫҢ ОРТАҚ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ РЕТІНДЕ

Аңдатпа

Әр елдің өз тарихы бар, онда осы елдің әртүрлі оқиғалары, жетістіктері мен құлдырауы жайы жазылады. Бірақ елдердің тарихта ортақ сәттері бар. Бұрын болған халықаралық оқиға немесе трансұлттық оқиға елдерді тарихтың кейбір бөліктерінде ортақ тіл табуға мәжбүр етті. Жібек жолы мен сол кездегі сауда - Иран мен Қазақстан арасындағы тарихтың ортақ нүктелері болып табылады. Қытайдың шығысынан басталған Жібек жолы батысқа қарай жүріп, екі негізгі халықаралық бағытқа бөлінді: бірі Иран арқылы, екіншісі Қазақстан арқылы. Иран мен Қазақстандағы Жібек жолында керуендердің, оның ішінде керуен сарайлардың өтуін жеңілдететін құрылымдар болды. Бұл жағдайда Иран қалалары үшін айтарлықтай қолайлы болды. Тиімді әкімшілік құрылымды құруға және елдің істерін бақылауға қажет маңызды құралдардың бірі – байланыс арналарын құру. Корольдік жол – бұл Ахеменилер билігі дәуірінде елдің әртүрлі бөліктерін байланыстыру үшін жасалған қатынас жолының нақты мысалы бола алады.

Тірек сөздер: Иран, Қазақстан, Жібек жолы, керуен сарай.

¹Сохраб Асгари*

¹Ассистент профессора факультета социальных наук
Университета Паяме Нур, Тегеран, Иран,
телефон: 00989188128816, E-mail: s.asgari@pnu.ac.ir

ШЕЛКОВЫЙ ПУТЬ КАК ОБЩАЯ ЧАСТЬ ИСТОРИИ ИРАНА И КАЗАХСТАНА

У каждой страны есть своя история, в которой записаны события, взлеты и падения этой страны. Но у стран также есть общие моменты в истории. Международный инцидент или транснациональный инцидент в прошлом заставили страны найти точки соприкосновения в некоторых частях истории. Шелковый путь и торговля того времени – общие точки истории между Ираном и Казахстаном. Шелковый путь, который начинался на востоке Китая, шел на запад и разделился на два основных международных маршрута: один проходил через Иран, а другой – через Казахстан. На Шелковом пути в Иране и Казахстане были сооружения, облегчающие проход караванов, в том числе караван-сараев. В данном случае иранские города показали приемлемую производительность. Одним из наиболее важных инструментов, необходимых для создания эффективной административной структуры и надзора за делами страны, является создание каналов связи. Королевская дорога является примером этого пути сообщения, который был создан в период Ахеменидов для соединения разных частей страны.

Ключевые слова: Иран, Казахстан, Шелковый путь, Караван-сарай.

Introduction

The identity of each nation has different aspects and the history of each country forms a significant part of the identity. History is the ups and downs of every nation in which bitter and sweet events are recorded. Identity and history are particularly intertwined. History forms a large part of identity, and identity represents history. The concept of history is a general concept, but the components and elements that make it up are very diverse and countable. Any material and cultural achievements of a nation play a role in the creation and construction of history in a geographical context. These elements may start from a simple symbol and go to complex innovations, even in the frustration and defeat of a nation or in its victory and glory. In other words, history includes the bittersweet, the ups and downs, the honors, the defeats, the victories, and so on. The most important function of history is to show the strengths and weaknesses of the people so that they do not walk again and do not repeat the mistakes of the past.

The people of Asia have an ancient history. The roots of human civilization are in the lands that have appeared in the form of countries on the map of the planet today. Countries whose historical role has led to the evolution of civilization. The presence of countries such as Iran and Kazakhstan in important historical events can be examined. One of these events is the formation of the Silk Road, which passed through both Iran and Kazakhstan.

To live on a relatively dry plateau, Iranians have made great efforts throughout their thousands of years of history to overcome difficulties by applying creative ideas. In this respect, they are among the leading nations. The ancient Iranians had special types to compensate for the shortcomings of nature. The most important of these innovations is in water supply and has evolved with the invention of the aqueduct.

The set of actions of Iranians over thousands of years has been mainly to create the important infrastructures needed to continue and improve life in the past. All the actions that have been taken, represent Iranian arts. Combining architecture with philosophical attitudes to the nature and spiritual world, considering social, economic and political conditions in the field of innovations is an initiative of Iranian civilization. All of writings and documents about the former mentioned issues were destroyed in Arab invasion, so significant parts of them have been lost, but the monuments and relics of the past can be the biggest reason to prove such a claim.

Remains of historical monuments in Kazakhstan confirm that the country has played a special role in connecting the East and the West through the Silk Road. The northern Caspian route passed through

Kazakhstan and the southern Caspian through Iran. The two countries were the junction of the Silk Road and the link between East and West. From the geographical point of view the territory of modern Republic of Kazakhstan is situated in the middle of historical corridors of the Silk Roads. From the commonly known beginning of the history of the Silk Roads in the III-II century BCE the territory of modern Republic of Kazakhstan was one of the first areas, which experienced the influence of the first commercial and cultural contacts with civilizations situated far from the Central Asian region [1;UNESCO, 2021].

In order to take a role in the Silk Road, acts such as road construction had to be done. Road construction in Iran has a long history. The Iranians considered the construction of roads and communications to connect cities and villages with each other and with the center of government. Without such fulfilments, proper communication would not have been established in the great country of Iran and the Iranian rulers could not have been aware of the status of their territories. They also needed means of communication to confront the enemy and send troops to defeat them at the right time. Roads in the past had other facilities such as caravanserai so that travelers, tourists, businessmen and government officials would face the least problems in their travels. The complex of roads and inns as one of the most important human phenomena in Iran and Kazakhstan can be studied.

This article, which is done in a library method and is of analytical type, examines the history of Iran and Kazakhstan on the Silk Road and considers the elements of the Silk Road, including the caravanserai.

Theoretical concepts of research: road, silk road and caravansaries

Road is a Pahlavi word and the distance traveled to reach a place is called (Moshiri, 1999: 886). Road is the name of a geographical phenomenon that human beings realized its value from the very beginning of the formation of civilization and expanded it until today. In Avesta, the way is called ratya (ratya) which has been followed later [2;Nayer noori, 1996: 492] Today we see the construction of the best and most equipped roads in developed countries.


The peak period of road constructions in ancient Iran dates back to the Sassanid era, as a result of which the largest number of caravanserais were built during this period. Road construction and the existence of several caravanserais in one route showed the commercial and economic prosperity in that area. Just as the Silk Road and its prosperity at some point in history gave rise to many caravanserais along the way, many of the buildings now known to archaeologists as caravanserais are on the road that stretched from China to Egypt [3;cgie.org.ir, 2021].

Silk road

The [Silk Road](#) was an ancient network of [trade](#) routes, formally established during the [Han Dynasty](#) of [China](#), which linked the regions of the ancient world in commerce between 130 BCE-1453 CE[4;worldhistory, 2021). This road began from east, in the city of Chang-an, Xi'an today, the ancient capital of China, and continued northwest along the Great Wall of China (Solaimanian, Zand Moghadam, 2010).

The Silk Road was the name of the caravan trade routes that existed from the second century BC and was considered the passage of merchants and traders west and east. The road, which connected the ancient China to the Roman Empire, had many side roads, and depending on the route chosen, ranged from 6,400 to 10,000 kilometers, equivalent to a quarter of the Earth's circumference. The Silk Road was the longest and, from the point of view of the history of civilization and culture, the most important link in the chain that connected tribes and nations from all over the world, and we certainly do not know of a more important trade route than the Silk Road.

The European explorer [Marco Polo](#) (1254-1324 CE) traveled on these routes and described them in depth in his famous work but he is not credited with naming them. Both terms for this network of roads were coined by the German geographer and traveler, Ferdinand von Richthofen, in 1877 CE, who designated them 'Seidenstrasse' (silk road) or 'Seidenstrassen' (silk routes). Polo, and later von Richthofen, make mention of the goods which were transported back and forth on the Silk Road.



The Main Silk Roads

Caravanserai:

Caravanserai is a compound word that consists of two words caravan (karban) and sarai meaning house and place. The compound word refers to a place where caravans (a group that traveled together) used to rest and sometimes sell their wares.

The establishment of the government, paved the way to construct Caravanserai. the rulers' attention to trade and the huge profits that resulted from it, led to its further prosperity, and therefore the construction of caravanserais along the way and the establishment of caravanserais and docks in cities and regulation of commercial activities and taking measures to protect caravans along the route were considered [5;Varjavand, 1991: 11]. Caravanserais were built either inside the cities or outside the cities. Suburban caravanserais were at least a day away from large and historic cities. It is said that the first caravanserais in Iran were built during the Achaemenid period. Herodotus, a Greek historian, on a trip to Iran during the Achaemenid period, mentions buildings built between Susa and Sardis, and says that these buildings were located on a route that travelers traveled through for three months. However, no explanation has been given for the name chosen for this building, and this may raise the suspicion that Herodotus meant the place for horsemen that existed on the royal road, the ancient Achaemenid highway. But what is certain is that the Achaemenids had built buildings for the short passage of travelers on the royal road [6;cgie.org.ir, 2021].

The caravanserai also had other names. Rabat, which is an Arabic word, is used for it. In addition, in some cities of Iran, Chaparkhaneh is used for caravanserais. Chaparkhaneh is one of the ancient Persian words. Caravanserais were house of government agents and chapars to take the courier to the main destinations. The Chaparkhaneh was considered a governmental place.

Discussion

Silk Road in Kazakhstan

From the geographical point of view the territory of modern Republic of Kazakhstan is situated in the middle of historical corridors of the Silk Roads. From the commonly known beginning of the history of the Silk Roads in the III-II century BCE the territory of modern Republic of Kazakhstan was one of the first areas, which experienced the influence of the first commercial and cultural contacts with civilizations situated far from the Central Asian region. Caravan routes or the corridors of the Silk Roads were a unique instrument of transmission of economic, linguistic, cultural, religious, military and political values and innovations between different civilizations across the Eurasian continent. Only military conquests and migrations of nomadic communities on the territory of Eurasia have a comparable short-term influence on these types of inter-civilization exchanges until the modern era of globalizations.

On the territory of [Kazakhstan](#) the Silk Road started from the borders of China. Merchants of Celestial Empire carried silk, weapons, medicines, rice, exotic goods such as tusks across Kazakh steppes to the West, to Europe. Steppe governors offered their services of safety provision for trade caravans; in exchange they demanded a share of the goods or cash. That was how quitrents or taxes and customs duties emerged.

The main line of the Silk Road on the territory of Kazakhstan lay across the country's south; from the border with China trade caravans moved through the cities of [Sayram](#), [Yassy](#), [Otrar](#), [Taraz](#) and further to Central Asia, Persia, to the Caucasus and from there to Europe.

The reason that all those cities emerged is that the merchants traveling across the enormous Kazakh steppes made stops which turned into caravanserais and those in turn grew into settlements which further became cities [7;advantour, 2021).]

From hundreds of thousands historical and cultural sites situated on its huge territory, the Republic of Kazakhstan has proposed several of the most important and valuable ancient and medieval urban centers for the nomination as a part the Serial Transnational Nomination "Silk Roads" for UNESCO World Heritage List. All these sites are the remains of ancient settlements and necropolises. Eight sites from the initially proposed list were included into UNESCO World Heritage List in 2014 as part of the Serial Transnational Nomination Silk Roads: the Routes Network of Chang'an – TianShan Corridor. All other sites were originally separated among four categories (Syrdarya Corridor, Saryarka Corridor, Mangyshlak or Ural – Caspian Sea Corridor and Prehistory of the Silk Roads), which were all included into UNESCO World Heritage Tentative List of the Republic of Kazakhstan [8;UNESCO, 2021]

Silk Road in Iran

The Silk Road in Iran is an important part of the road that connected east to west and vice versa. The existence of this way made international trade durable. The expansion of road construction in Iran during the Achaemenid period and the construction of the royal road paved the way for the role of ancient Iran in the Silk Road. The road has a special place in Iranian civilization, without it, formation of Iranian civilization would not have been possible. The beginning of road construction in Iran is related to the Achaemenid dynasty. During that era, some people were put in the forefront of the troops to determine the passage of the roads or to pave the route. staking made it possible to travel on those roads.

These people may be considered the first group of road engineers. But the basic strategy in the construction of these roads was for war and defense, and most of the roads in this period were built for military purposes and for the development of military campaigns. At the same time, the proper administration of the country was also considered in the construction of these roads. After the Achaemenids, the Sassanids considered the construction of long and large roads. In fact, road construction was one of the most brilliant works of the kings during these two periods which Iranian culture and civilization spread to other parts of the world, such as North Africa.

One of the most important means of communication in ancient Iran was the royal road. The main function of this way was to create connections between different regions of the country. The construction of the royal road dates back to the Achaemenid period. The royal road formed the western part of the Silk Road. This road had a special role in consolidating the Achaemenid domination [9;Reza, 1997)].

During the Achaemenid period, the main roads connecting central Iran to distant states were called the royal road. One of the most important highways of the Achaemenid period was the road that started from the city of Ephesus along the Aegean Sea and led to Karkheh through Turkey and northeastern Iraq and then to Susa [10;Beig Mohammadi, 2003: 97] This distance was traveled by caravans in 111 days and passengers in almost 90 days, but the royal couriers who were traveling day and night traveled this way in much less time [11;Nayer Nouri, 1996: 491].

This road was one of the best and most equipped roads in that time and played a prominent role in proper control of the country. Historians, including Herodotus, have mentioned this road. It is well known that good houses and guest houses were prepared on these roads and Chaparkhaneh were established that had enough good horses. In places where these roads passed through the mountains, warehouses had been made [12;Pirnia, 2010: 95]. It is said that the royal road was between 2500 to

2800 kilometers long. At a distance of 22 km, guest houses were built in all important places to establish order and security. In each caravanserai and home, government officers and soldiers were ready to leave as soon as the courier, letter, or order arrived, and to move quickly to the next home. Chapars(horsemen) were moving day and night so that the orders and directives of the government could reach different parts of the country in time [13;Asgari, 2020: 60].

Other communication roads were built along the royal road. The construction of such roads was due to the geographical extension of the of Persia and the need to properly establish the administrative-political system and the establishment of national sovereignty throughout Iran. With the expansion of the conquests, the creation of roads was also considered. In the following years, other roads were built in Iran and its eastern conquests, including Afghanistan. The eastern part was the road inside Iran and went from Susa to Ekbatan, Rey and Parth and the eastern parts of the kingdom. Along this road, there were numerous caravanserais, gates and barracks, and the road was full of security and health, and through the royal road, the representatives of the court and the people traveled.

Many of these roads were built with efficient engineering methods in their time, for example, the road from Susa to Persepolis, which was paved and parts of it still remain in Behbahan. In addition to security, these roads served other purposes. Other purposes of this route were to develop culture and trade and transportation of goods and passengers. These routes were not very crowded and most of the chapars who delivered the decrees and letters of the emirs were passing through it. After the Achaemenids, the expansion of roads and its development strategy depended entirely on the power of governments. It can be said that in the Achaemenid and Sassanid eras, the main strategy for the development of roads was defense, trade and culture.



The royal road in the Achaemenid

Caravanserais: an important infrastructure of silk road

The word caravanserai is a combination of caravan (karaban) meaning a group of travelers who travel in groups, and Sarai means house and place. Both words are derived from the Pahlavi language. An inn is a place or building that houses a caravan. The caravanserais were divided into two categories: inner-city Caravanserais and outer city Caravanserais. In-town caravanserais were built in a special location so that caravans could enter the caravanserai without much effort and without the need to enter the main residential areas. The end margin of living within cities was usually considered for this purpose [14;Asgari, 2020: 65]

The plan of the caravanserais was usually square or rectangular in shape with a large, tall, unmarked entrance, with walls sometimes fitted with windbreaks at the end. The evolution and expansion of Iranian caravanserais in different periods depended on the social, economic, religious and ... situation. The basis of the architecture of Iranian caravanserais, like other buildings, has been a function of the common style, tradition and style of the time. The architectural style of the place and region, building materials and geographical location played an effective role in creating such buildings [15;Kiani, Kleis, 1983: 8]

In the caravanserais, the passenger rooms were usually built around the courtyard and behind them were stables, the entrance door of the stables was located in the four inner corners of the building and sometimes it was opened in the entrance veranda of the courtyard.

Based on historical documents, the caravanserai foundation in Iran dates back to the Achaemenid period. This is confirmed by historians such as Herodotus, a Greek historian. He speaks of buildings built by the Achaemenids between Susa and Sard. Herodotus mentions one hundred and eleven buildings resembling a caravanserai (Chaparkhaneh), which were built about 2,500 km between the Achaemenid capital and Sard.

The study of communication routes and commercial and military roads and the results of archaeological research and excavations show that from the distant past, there was a great need for stations between the road and the safety and well-being of caravans. Although the building or structure of such caravanserais has not been left from the Achaemenid era, but scientific excavations in the future will identify such centers and communication stations and will clarify the way of their architecture.

With the rise of the Safavids in the Islamic Middle Ages, development of Iran was considered. Very positive steps were taken during this period which helped to rebuild the identity of the Iranians. Magnificent artifacts have survived from this period that have not been carefully explored. Roads and caravanserais are among these positive measures. Caravanserais were good places to relax and do business. Passengers could stay there for as long as they wished without paying. Shah Abbas I tirelessly built caravanserais, which was another essential part of his policy to promote the commercial prosperity of the Safavid Empire, and his relatives, wealthy merchants and local rulers followed his work [16;Savory, 2006: 187]. Shah Abbas caravanserais are the best in all Iranian caravanserais in architecture and beauty. These caravanserais usually had a large courtyard and had four brick towers at the four corners. Their decorations and tiling were also unique [17;Nezhad Akbari, 2008: 304].



Shah Abbas caravanserai, Ivanaki

The architecture of the caravanserais was diversified and in addition to the four-porch caravanserais, mountainous, circular, octagonal and desert types were built according to the

geographical and spatial location. During the Zandieh, Afshari and Qajar dynasties, the construction of caravanserais continued as before. In terms of design and layout, the caravanserais of the former mentioned periods are generally of the four-porch type and in terms of construction materials, Unlike the earlier period, which was made of brick and stone, clay was often used.



View of a renovated caravanserai

М.Усманов жазба деректер жүйесінде XII-XIII ғасырлардағы түркі тілдес ескерткіштер ерекше орын алатынын бірнеше рет атап көрсеткен. Оқиғаларды сырттан бақылайтын араб және орыс дереккөздерінің авторларынан айырмашылығы, түркі жазушыларының басым көпшілігі зерттелетін дәуірдің фактілері мен құбылыстарын іштей қамтиды [18]. Махмуд әл-Булғари Аллаға сілтеме жасап, Тәңірі терминін қолданғандығы «Нахж әл-Фарадис» еңбегінде көрініс тапқан. «Нахж әл-Фарадистің» идеологиялық мазмұны Алтын Орда билеушілері жүргізген саясатқа, оның ішінде діни саясаттың ықпалдығы көрсетілген. «Нахдж әл-Фарадис» атауы араб тілінен аударылған «нахж» бірнеше мағынаға ие: жол, әдіс, бағыт және т.б. «Нахдж әл-Фарадис» зерттеушілерінің көпшілігі оны аударуда «жұмаққа апаратын жол» нұсқасымен келіскен. Бұл атау осы кітаптың дүниетанымдық нұсқауларын нақты анықтайды және адам өзін-өзі жетілдіре алатын жолды көрсетеді. Демек, «Нахж әл-Фарадис» кітабында Махмуд әл-Булғари өзінің Аллаға көтерілу жолын немесе сопылық ілімін сипаттаған.

Қазіргі уақытта бұл шығарманың 11 қолжазбасы белгілі. 1360 жылғы ең көне қолжазбалардың бірі профессор Заки Валиди Тоғанмен Стамбулдағы Яни-Джами мешітінің кітапханасынан табылған. Ол 4 тараудан және 40 бөлімнен тұрады. Бірқатар ғалымдардың пікірінше Е.Н. Наджип, Х.Ю. Миннегулов және т.б. бұл көшірме Алтын Орданың Сарай қаласынан Мысыр арқылы Стамбулға келген. Ең көне қолжазбалардың бірі 1360 жылы жазылған «Нахдж әл-Фарадис» Египетте Мұхаммед бей кітапханасында болған. «Нахдж әл-Фарадис» әр түрлі халықтардың, елдердің тарихынан алынған қызықты және ғибратты астарлы әңгімелер, аңыздар жанры екендігін Р.М. Әмірханов жазды. Исламның «халықтық» нұсқасы көркемдік жағынан өте танымал және тәрбиелік әсерге пайдалы болып шықты [15, 148 б.].

Е.Наджип Кардар қаласы түркі әлемі теологиясының орталықтарының бірі болғанын жазады, сондықтан автордың теологиялық білім алған жерінің көрсеткіші ретінде ал-Кардар деген бүркеншік атты қарастырған жөн деп жазды. Алайда, Петербург тізімінің материалдары бізге тағы бір гипотезаны ұсынуға мүмкіндік береді. Ол, қазақтың көптеген рулары мен тайпалары сол кезде Алтын Орда құрамында болды. Кіші жүз тайпалары Еділдің төменгі жағындағы мемлекеттің мәдени орталықтарына жақын жерде жүрді. Олар өз кезегінде «Әлім ұлы», «Бай ұлы» және «Жеті ру» тайпасынан тұрды. Соңғысы жеті үлкен рудан тұрды, олардың бірі Күрдер руы болды. Бұл болжам бізге «Нахдж әл-Фарадис» авторының шығу тегін қазақ руы Күрдермен байланыстыруға мүмкіндік береді, дейді [19].

Р.М. Әмірханов Құрылымдық тұрғыдан алғанда, «Нахдж әл-Фарадис» Абу Хамид әл-Газалидің «Yhia ulum ad-din»-«Иман ғылымдарының қайта тірілуі» еңбегінің үлгісі бойынша жазылған, ол өз кезегінде жанашырлық туралы айтады деп жазды. Өйткені, әл-Газалидің жұмысы «рубаг» деп аталатын төрт бөліктен тұрады, олардың әрқайсысы он кітапқа бөлінеді, олар өз кезегінде кішірек құрылымдық бірліктерге бөлінген, дейді.

Б.А. Яфаров «Нахдж әл-Фарадистің» негізгі бөлігі мистикалық жолдың төрт негізгі кезеңінің тұжырымдамасына сәйкес салынғанына назар аударады. Бұл шығарма төрт тараудан тұрады. Олар: шарифат, тарика, хакика, магриф. Мұның әрқайсысы 10-ға бөлінген, барлығы 40. Демек, Махмуд әл-Булғари кітабы сопылық идеологияда істер мен әрекеттердің бөлінуіне сәйкес құрастырылған деген пікір айтады.

Х.Ю. Миннегулов өзінің жанрлық және композициялық құрылымы жағынан «Нахдж әл-Фарадис» «қораптық композиция» деп аталатын шығармаларға жатады деп есептейді. Олардың барлығы әр түрлі халықтық, салыстырмалы тәуелсіз композициялық бірліктерден тұрады - хикаяттар. Оларда келтірілген әңгімелер өмірлік материалды қолдана отырып, хадис идеясын, оның даналығы мен ақиқатын көрсетті [20].

«Нахдж әл-Фарадис» кітабы 3 бөлімге бөлінеді: кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды. Негізгі бөлім 4 тараудан тұрады, олардың әрқайсысы 10 бөлімге бөлінген. Бірінші тарау Мұхаммед пайғамбардың өміріне арналған. Екінші тарауда төрт әділ халифаның: Әбу Бәкірдің, Омардың, Османның, Әлидің Мұхаммед пайғамбардың туыстары - оның қызы Фатима, немерелері Хасан мен Хусейннің ізгі қасиеттері туралы айтылады. Үшінші тарауда Құдайға ұнамды істер туралы айтылады: білімге ұмтылу туралы, намаздың керемет қасиеттері туралы, садақа мен зекеттің артықшылығы туралы, оразаның, қажылықтың, әке мен шешеге бағынудың қасиеттері туралы. Тек рұқсат етілген тамақты ғана қабылдау, жақсы істер жасау, жамандыққа тыйым салу, күндіз-түні дұрыс жүру мен бақытсыздыққа шыдамдылық таныту туралы айтылған. Төртінші тарау адамды Алладан алыстататын амалдарға арналған. Яғни кісі өлтіру, неке адалдығы, мас болу қаупі туралы, тәкаппарлық, өтірік пен сырттай ғайбат айту, екіжүзділік, реніш пен қызғаныш сияқты.

Махмуд әл-Булғари өз дәуірінің әдеби дәстүрлеріне сүйене отырып, жинақ кітабының кіріспесінде кітапты құрудың негізгі идеясы баяндалып, әрі қарай: «Егер бір Құдайға сенетін, сенушілерден біреу менің кітабымнан осы қырық хадисті естімегендерге жеткізсе, оларға бұл хадистерді үйретсе, онда құдіреті шексіз ғалымдарды бұл одаққа тіркейді және сенім үшін өлгендермен бірге тіріледі. Бұл кітап «Нахдж әл-Фарадис» деп аталды, ол «жұмаққа ашық жол ...» дегенді білдіреді [21]. «Нахдж әл-Фарадистің» негізгі мазмұны өзіндік ерекшеліктері бар хадистік мәтін. Әртүрлі мазмұндағы хадистер жинақтары, хадистер тарихнамасы бойынша үлкен әдеби кешенді құрайды. Хадистік зерттеулердің сенімділігі байыпты мәтіндік және дереккөздік зерттеулерге негізделген анықтамалық аппараттың сенімділігіне негізделген. «Нахдж әл-Фарадисте» кейбір жағдайларда дереккөзге сілтеме мүлдем жоқ екенін және бұл дәстүрлі теологтардың сынына ұшырайтынын атап өту маңызды, олар үшін иснад хадистің ажырамас құжаттық бөлігі болып табылады. Бұл кейде көп мәтіннің өзіне қарағанда маңызды. Бірақ «Нахдж әл-Фарадис» авторы шынайы таратушылар туралы ақпараттан гөрі, хадистің өзін білдіру үшін маңызды болды. Осылайша, «Нахдж әл-Фарадис»-сол кезде өте кең тараған синтетикалық форманың дидактикалық композиция жанрының үлгісі, діни-этикалық ілімнің оны бейнелеудің, өңдеудің көркемдік формасының бір түрі.

Жоғарыда айтылғандар «Нахдж әл-Фарадис» туындысын құру кезінде Алтын Ордадағы ішкі саяси жағдай біршама түсініксіз болды деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Махмуд әл-Булғаридің билеушінің жоғарғы билік институтын қарастыруында. Пайғамбар Мұхаммед қайтыс болғаннан кейін, билік еткен алғашқы төрт халифаның өмірін суреттеуге арналған. «Нахдж әл-Фарадис» авторы билік басына келген осы билеушілердің тарихқа дейінгі кезеңі мен олар Аллахтың кітабы мен пайғамбарының сүннетін ұстануы керектігі туралы айтады.

Махмуд әл-Булғари өз шығармасын «төрт халифтің де әділдігі» қағидасына негіздейді. Құжаттық фактілерден аулақ бола отырып, ол оларды үлгі етуге лайық халифаттың ең әділ

билеушілері ретінде көрсетуге тырысады. Ол сопылық туралы өзіндік тұжырымдамасын дамытты, бірақ олар Құдай белгілеген қарапайым адамдар болды. Бұл бөлімдерді құру кезінде Махмуд әл-Булғари дәл осы тұжырымдаманы ұстанған сияқты, өйткені олар Құдайдың уахиімен тікелей байланыстылығын куәландыратын оқиғаларды нақты көрсетеді. «Нахдж әл-Фарадис» басқа да осы тәрізді еңбектер сияқты алғашқы ислам тарихының дереккөзі ретінде де, оны жасаушы Мұхамед пайғамбардың дәуірі мен нақты дүниетанымын көрсететін шығарма ретінде де зерттелуі тиіс. Махмуд әл-Булғари билік мұсылмандық дәстүрлерді сақтаумен тікелей байланысты болуы керек деп есептеді [21, 75 б.]. Діни және саяси функциялардың бірлігін сақтау билік пен адам біріккен жағдайда ғана мүмкін болады, дейді. Билікті күшпен жою арқылы басып алу кезінде көрініс тапқан, өздерінің мүдделерін ғана ойлайтын билеуші топтардың дүниелік ұмтылыстарында ислам дәстүрлері ұмытылып кетті деп алаңдады.

Алтын Ордада исламның қабылдануы жаңа мәдениет ошақтарының пайда болуына үлкен серпін берді, араб, парсы жазуы мен әдебиетінің таралуына себеп болды. Шығыс авторларының туындылары түркі гуманист ақындарына XIV ғасырда жоғары дамыған түркі тілді жеке әдебиет жасауға шабыт берді. Дәл осы кезеңде Рабғузи, Булғари және т.б. сияқты ортағасырлық түрік-татар әдебиетінің ескерткіштері жазылды. Эстетикалық идеалдың негізін, арман мен шындықтың арақатынасын XIV ғасырдағы түркі тілдес ақындар адамның ішкі және сыртқы әлемі арасындағы үйлесімділік немесе дисгармония қатынасы ретінде қарастырады. Эстетикалық идеалдың тасымалдаушысы-идеалды кейіпкердің бейнесі ғана емес, сонымен қатар образдар жүйесі, сюжеттік-композициялық құрылым. Бұл шығарма мінез-құлықтың моральдық-этикалық нормаларын бекіту ретінде көркемдік бейнелеудің жоғары формасымен сол кезеңдегі діни - дидактикалық мазмұнның өте кең тараған жанрына айналды [5, 35-36 б.].

Рабғузи мен Махмуд әл-Булғари сияқты жалпы адамзаттың өркениет қазынасына өз үлестерін қосқан ғұламалардың мәдени және ғылыми мұраларын зерттеу – ғасырлар тереңінде жатқан қазақ халқының өзіне тән бай мәдениетін толыстырады. Алтын Орда дәуіріндегі түркі ойшылдары әлемді Көк пен қара Жердің арасындағы байланысты ислам дінінің негізінде түсіндіруінен, түркі халықтарында тәңірге сенім мен тотемдік ұғымдардың кең орын алуын байқаймыз. Рабғузи мен Махмуд әл-Булғари шығармаларындағы табиғат, дүние құбылыстары туралы мифологиялық әңгімелер, қазақтың ежелден сақталып келе жатқан ауыз әдебиетіндегі мақал-мәтелдермен мазмұндас. Авторлардың қиссаларындағы көркем образдар түркілер дүниетанымындағы рухани мәдениетпен орайлас, яғни ортақ шығыстық үлгі сақталған. Оның үлгісінде қазақ халқының әдебиетінде халықтық дүниетанымының негізін құраған аңыздар, ертегілер, дастандар, батырлар жырлары қалыптаса бастады. Келер ұрпаққа рухани тәрбие беруде, адам бойындағы адамгершілік қасиеттерінің, білімділігінің, ақылдылығының негізінде өмірде өз бойындағы кемшіліктермен күресуде рухани күш беретіндігі түркі дәуірінің ойшылдары Рабғузи мен Махмуд әл-Булғари еңбектері кеңінен талданғандығы дұрыс түсіндірілуі тиіс. Елбасының халықтың тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды деп отыруы осында.

Әлемдегі әр ұлт өкілі өзінің ұлттық коды, дүниетанымы, бойында қалыптасқан ұлттық санасы арқылы әлемдік өркениетті қабылдайды және оны өз ұлтының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарына сәйкес, икемді етіп дамытуды көздейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Назарбаев Н.Ә. *Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. //Егемен Қазақстан, №70, 12 сәуір 2017 жыл, 1-2 беттер*
- 2 Жақсылықов А.Ж. *Образы, мотивы и идеи с религиозной содержанием в произведениях казахской литературы. – А.: Қазақ унив-ті, 1999. – 422 б.*
- 3 Келімбетов Н. *Ежелгі дәуір әдебиеті. – А.: Атамұра, 2005. – 225-253 бб.*
- 4 Қыраубаева А. *Тамыр жайған бәйтерек. //Егемен Қазақстан. 2000. – 20 қазан*
- 5 Аманжолов А. *Түркі филологиясы және жазу тарихы. – А.: Санат, 1996. – Б. 102, 74*

- 6 Миннегулов Х.Ю. *Сэйф Сарай. Гулистан. Лирика. Дастан. Казань: Татар китабы нәшр. 1999. – 296 б.*
- 7 Қыраубаева А. *Тамыр жайған бәйтерек. //Егемен Қазақстан. 2000. – 20 қазан*
- 8 *Рукопись XIY века «Нахджел-фарадис» // Духовное наследие: поиски и открытия/ под. ред. И.Г. Гумерова Казань: ИЯЛИ, 2017 Вып. 4. С 131*
- 9 Кемаль Я. *Тюркско-татарская рукопись XIY века «Нехджу аль-Фарадис». Симферополь, 1930. С. 13*
- 10 *Амирханов Р.М. Татарская социально-философская мысль Средневековья «XIII-середина XII вв.) Казань, 1993. Кн. 2. – С. 75-81*
- 11 *Ахунув А.М. Арабский источник средневековой тюрко-татарской литературы: на материале трудов ат-Табари. Казань, 2001. – С. 12*
- 12 *Давлетишин Г.М. Очерки по истории духовной культуры предков татарского народа. Казань, 2004. С. 218*
- 13 *Усманов М.А. Состояние и перспективы источниковедения истории Улуса Джучи. //Источниковедение истории Улуса Джучи 1223-1556 гг. – Казань, 2002. – С. 5*
- 14 *Наджиш Э.Н. О памятниках XIY века «Нахдж ал-Фарадис» и его языке. //Советская тюркология. 1971. №6. С.63*
- 15 *Миннегулов Х.Ю. Татарская литература и восточная классика: Вопросы взаимосвязей и поэтики. Казань, 1993. – С. 243*
- 16 *Сайфетдинова Э.Г. Источники религиозной мысли в Золотой Орде. – Казань: Институт истории им. Ш.Маджани АН РТ, 2018. – 164 с.*

Paydalanılğan ädebietter tizimi

- 1 *Nazarbaev N.Ä. Bolaşaqqa bağdar: rwxanı jañğırw. //Egemen Qazaqstan, №70, 12 säwir 2017 jil, 1-2 better*
- 2 *Jaqsılıqov A.J. Obrazı, motivi i ideı s religioznoy soderjatelnostyu v proizvedeniyaх kazaxskoy literaturı. A.: Qazaq wniw-ti, 1999. – 422 b.*
- 3 *Kelimbetov N. Ejelgi däwir ädebieti. A.: Atamura, 2005. – 225-253 bb.*
- 4 *Qırawbaeva A. Tamır jayğın bäytetek. //Egemen Qazaqstan. 2000. – 20 qazan*
- 5 *Amanjolov A. Türki filologiyası jäne jazw tarixı. – A.: Sanat, 1996. – B. 102, 74*
- 6 *Minnegwlov X.Yu. Säyf Saray. Gwlistan. Lirika. Dastan. Kazan: Tatar kitabı nәşr. 1999. – 296 b.*
- 7 *Qırawbaeva A. Tamır jayğın bäytetek. //Egemen Qazaqstan. 2000. – 20 qazan*
- 8 *Rwkoopis XIY veka «Naxdjel-faradis» // Dwxovnoe nasledie: poiski i otrkritiya/ pod. red. İ.G. Gwmerova Kazan: İYaLİ, 2017 Vıp. 4. S 131*
- 9 *Kemal' YA. Tyurksko-tatarskaya rukopis' KHİY veka «Nekhdzhu al'-Faradis». Simferapol', 1930. S. 13*
- 10 *Amirkhanov R.M. Tatarskaya sotsial'no-filosofskaya mysl' Srednevekov'ya «KHİİİ-seredina KHİY vv.) Kazan', 1993. Kн. 2. S. 75-81*
- 11 *Akhunov A.M. Arabskiy istochnik srednevekovoy tyurko-tatarskoy literatury: na materiale trudov at-Tabari. Kazan', 2001. S. 12*
- 12 *Davletshin G.M. Ocherki po istorii dukhovnoy kul'tury predkov tatarskogo naroda. Kazan', 2004. S. 218*
- 13 *Usmanov M.A. Sostoyaniye i perspektivy istochnikovedeniya istorii Ulusa Dzhuchi. //Istochnikovedeniye istorii Ulusa Dzhuchi 1223-1556 gg. Kazan', 2002. S. 5*
- 14 *Nadzhip E.N. O pamyatnikakh KHİY veka «Nakhdzh al-Faradis» i yego yazyke. //Sovetskaya tyurkologiya. 1971. №6. S.63*
- 15 *Minnegulov KH.YU. Tatarskaya literatura i vostochnaya klassika: Voprosy vzaimosvyazey i poetiki. Kazan', 1993. – S. 243*
- 16 *Sayfetdinova E.G. Istochniki religioznoy myslı v Zolotoy Orde. Kazan': Institut istorii im. SH.Madzhani AN RT, 2018. – 164 s.*

АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ АРХЕОЛОГИЯ И ЭТНОЛОГИЯ ARCHAEOLOGY AND ETHNOLOGY

FTAM 21.21.31
ӘӨЖ 908(574-25):2-13

<https://doi.org/10.51889/2021-3.1728-5461.13>

¹ Т.Т. Далаева *, ² А.К. Нурғалиев

*т.ғ.к., академик Т.С. Садықов атындағы Қазақстан тарихы кафедрасының доценті
Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ., Қазақстан*

E-mail: tenliktd@mail.ru

*Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Тарих және құқық институты
Дінтану мамандығының 2-курс магистранты*

E-mail: almatnurgaliyev@gmail.com

КИЕЛІ ОРЫНДАРДЫҢ ТАРИХИ ЗЕРДЕДЕГІ ДІНИ-ЭВРИСТИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫ: «АРАСАН-ҚОРАСАН»

Аңдатпа

Жалпы ғылымда «киелі», «қасиетті» ұғымдары туралы дін феноменологиясы жан-жақты қарастырады. Дін феноменологиясы бұл ұғымдарды талдай келе, келесідей анықтамаларды береді. Киелі деп – Жаратушы тарапынан берілген немесе жасалған құндылық, яки іс-әрекет. Яғни, «киелі» – Құдайылық, құдыреттілік деген мағынаны береді. Ал «қасиетті» ұғымын, осы Құдайылық құндылықтарды, яки іс-әрекеттерді жүзеге асыруда пайдаланады. Әдетте бұл ұғымды діни салт-жоралғыларда, әдет-ғұрыптарда қолданады. Қасиеттілік көбінесе тазару, аластату рәсімі жасалынып жатқан кезде сипат алады, мысалы, дем салу, адраспанмен емдік өсімдігімен аластату секілді, т.с.с.

Мақалада «киелі», «қасиетті» ұғымдарының қазақ халқы үшін кең мағынаға ие екендігі туралы анықтама беріледі. Осының негізінде зерттеу жұмысы, Жетісу өлкесінің ерекше киелі жерлерінің бірі Алматы облысы Жамбыл ауданы Бесмойнақ ауылындағы «Киелі Арасан – Қорасан» мекенінің тарихын, зияратшылардың діни ғұрыптық зиярат ету жолдарын, ол жердегі бұлақ көздерінің сакралдылығын және емдік-сауықтырудағы маңыздылығын, туризмді дамытудағы алатын орнын, жалпы киелі мекен атауының зерттеу нәтижелерін ұсынады. Ғылыми әдебиеттерде Киелі Арасан мекені туралы, ондағы жер асты бұлақ көздерінің қасиеттері туралы деректердің жарыққа шығуы, осы мекеннің Қазақстанның өңіраралық, оның ішінде Жетісудың қасиетті нысандар тізіміне еніп, мемлекет тарапынан қорғауға алынуына зор ықпалын тигізді.

Кілт сөздер: Арасан, Қорасан, киелі, қасиетті, тарихи зерде, сакралды, минералды бұлақтар, үңгірлер.

¹ Далаева Т.Т. *, ² А.К. Нургалиев

¹ к.и.н., доцент кафедры истории Казахстана им. ак. Т.С. Садыкова
Казахского национального педагогического университета имени Абая,
Республика Казахстан, г. Алматы, E-mail: tenliktd@mail.ru

² Магистрант 2 курса спец. «религиоведение» Института истории и права
Казахского национального педагогического университета имени Абая,
Республика Казахстан, г. Алматы
E-mail: almatnurgaliyev@gmail.com

РЕЛИГИОЗНО-ЭВРИСТИЧЕСКОЕ ЗНАЧЕНИЕ САКРАЛЬНЫХ МЕСТ ИСТОРИЧЕСКОЙ ПАМЯТИ: «АРАСАН-КОРАСАН»

Аннотация

В спектре гуманитарных наук понятия «святое», «сакральное» подробно рассматриваются феноменологией религии. Феноменология религии, анализируя эти понятия, дает следующие определения в следующей аддикции: сакральное – это ценность (аксиология) или действие, данное или созданное демиургом. То есть сакральное может интерпретироваться как в категориях божественного, теистического, так и аксиологического, в том числе и при осуществлении деятельности. Обычно это понятие используют при описании религиозных обрядов, ритуалов и обычаев. Сакральность часто достигается при совершении обрядов очищения, искупления, иногда при лечебных практиках (с помощью адраспана) и в исцеляющих местах, одно из которых исследуется в настоящей статье.

Понятие «сакральное» имеют важное и интересное значение для казахского народа. Исследовательская работа представляет историю одного из уникальных сакральных мест Жетысу – «Сакральный Арасан-Корасан» в селе Бесмойнак Жамбылского района Алматинской области, места религиозного паломничества, лечебно-оздоровительного туризма и т.д. Сделана попытка проблематизировать народную этимологию его названия. Свойства подземных источников способствовали тому, что этот объект вошел в межрегиональный список сакральных объектов Казахстана, в том числе Жетысу (Семиречья), и был взят под защиту государством.

Ключевые слова: Арасан, Корасан, историческая память, святилище, сакральное, минеральные источники, пещеры.

¹ Dalayeva Tenlik, Nurgaliyev Almat²

¹ Candidate of Historical Sciences, Associate professor of Abai KazNPU,
Republic Kazakhstan, Almaty.
E-mail: tenliktd@mail.ru

² Master's student of the 2nd year of the special «Religious studies» of the Institute of History and Law
Kazakh National Pedagogical University named after Abai, the
Republic of Kazakhstan, Almaty
E-mail: almatnurgaliyev@gmail.com

RELIGIOUS AND HEURISTIC MEANING OF SACRED PLACES OF MEMORY: «ARASAN-KORASAN»

Abstract

In general science, the concepts of "sacred" and "sacred" are comprehensively considered by the phenomenology of religion. The phenomenology of religion, analyzing these concepts, gives the following definitions. A saint is a value, or an action, given or created by the creator. In other words, it means sanctity, sanctity. And the concept of holiness is used in the implementation of these divine values, or actions. This concept is usually used in religious rituals and Customs. Sanctification is often

characterized by the process of purification, removal, for example, exhalation, removal with a healing plant with adraspan, etc.

The article provides a definition of the broad meaning of the concepts of "sacred" and "sacred" for the Kazakh people. Based on this, the research paper presents the results of the study of the history of the sacred place "sacred Arasan – Korasan" in Besmoynak village of Zhambyl District of Almaty region, the ways of religious and ritual pilgrimage of pilgrims, the sacral nature of springs, their importance in healing and healing, their place in the development of tourism, the name of the sacred place in general. The publication in the scientific literature of information about the sacred place of Arasan, about the properties of underground springs in it, contributed to the fact that this place was included in the list of sacred objects of interregional Kazakhstan, including Semirechye, and was protected by the state.

Key words: Arasan, Korasan, historical memory, sacred place, sacred, mineral springs, caves.

Кіріспе

Кең байтақ туған еліміздің қай өңіріне көз салсаң да аңыз-ақиқатқа толы қасиетті, киелі орындар жетерлік, мұндай жерлер халықтың тарихи жадында да өзіндік орнын алып жақсы сақланған. Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық тарихында еліміздің киелі, қасиетті орындарын түгендеп, келешек ұрпаққа насихаттау жолында ауқымды істер атқарылып келеді. Солардың бірі, «Мәдени мұра», «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасы аясында еліміздегі тарихи-мәдени нысандар қайта жаңғыртылды.

Өзектілігі:

Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық құжатында жалпыұлттық қасиетті нысандардың ерекшелігіне баса назар аударып келе, Елбасы өз сөзінде: «Қазақстанның қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеуі – неше ғасыр өтсе де, бізді кез келген рухани жұтандықтан сақтап, аман алып шығатын символдық қалқанымыз әрі ұлттық мақтанышымыздың қайнар бұлағы. Ол – ұлттық бірегейліктің басты элементтерінің бірі» - деп атап өткен болатын [1].

«Рухани жаңғыру» бағдарламасында екі бағыт - «Туған жер» және «Қазақстанның қасиетті географиясы» бағдарламалары аясында Қазақстан аймақтарындағы киелі жерлерді зерттеуге белсенді көңіл бөлінуде.

Мақсаты мен міндеттері:

Жетісу өлкесінің ерекше киелі жерлерінің бірі Алматы облысы Жамбыл ауданы Бесмойнақ ауылындағы «Киелі Арасан – Қорасан» мекенінің тарихын зерттеу мақсаты қойылған.

Міндеттері:

- ғылыми әдебиеттерде Киелі Арасан мекені туралы, ондағы жер асты бұлақ көздерінің қасиеттері туралы деректерді талдау;
- зияратшылардың діни ғұрыптық зиярат ету жолдарын атап өту;
- ол жердегі бұлақ көздерінің сакралдылығын және емдік-сауықтырудағы маңыздылығын қарастыру;
- туризмді дамытудағы алатын орнын, жалпы киелі мекен атауын зерделеу;

Материалдар мен әдістемесі:

Мақалада киелі мекен туралы жергілікті тұрғындар арасындағы аңыз әңгімелер, бұқаралық ақпарат құралдарындағы, өлкетану сабақтарындағы, сондай-ақ туристік ақпарат арналары арқылы таратылатын ақпараттар, сакрализациялаудың ауызша дәстүрі сынды бір-бірін толықтырып отыратын деректер қолданылды. Деректердің тағы бір түрі – емдік-сауықтыру ортасына айналған киелі жер туралы ел аузындағы аңыз, әңгімелер. Бұндай аңыз әңгімелердің айтылуы зерттеліп отырған Арасан – Қорасан атауының мағынасын ашу үшін өте маңызды. Этнографтар мен тарихшылар ежелгі және қазіргі мәдениеттерде «ойдың айшықты дәлелдерін» қалдырған мәдени нысандардың генеалогиясы мен эволюциясын бақылауға мүмкіндік беретін жеткілікті артефактілер мен жазбаша ескерткіштерді анықтады. Зерттеліп отырған Киелі Арасан-

Қорасан мекеніне қатысты қызықты дерек оның қолданыстағы тілдік құралдармен халықтық этимологизациясының түпнұсқа еместігі. Мұндағы маңызды әдіс – бұл бұлақ көздері туралы мифологеманы құрылымдық тұрғыда зерттеу.

Негізгі бөлім:

Қазақстан қоғамының тарихи жадында діни бірегейлік, ең алдымен, исламмен байланысты («діни кітаптар», авраамиялық діндер) кез келген этникалық топтан өзінің әлеуетті жақтаушыларына дәстүрлі ашықтықтан түбегейлі ерекшеленетініне қарамастан, этнодифференциялау функциясын орындайды. Алайда, Ислам көбінесе мәдени, символдық және кейде саяси капиталдың ажырамас бөлігі ретінде, этноұлттық сәйкестіктің маңызды элементі ретінде көрінеді. Бастапқыда Ислам Қазақстан аумағына VIII ғасырдан бастап араб экспансиясының толқынымен бірге кірген. Орта ғасырлар мұнда діни ғимараттар мен мемориалдық кешендердің құрылысымен ерекшеленді, олардың сәулеті жергілікті және импортталған дәстүрлердің синкретикалық моделі болды. Жерлеу құрылыстары мен салттық-мемориалдық кешендердің арасында осы аймақ халқының материалдық мәдениетінде бейнеленген синкретизмнің үлгілері де жиі кездеседі. Материалдық іске асырылуына қарамастан, ислам діни идеялар, канондар, рәміздер, тыйым салу және мінез-құлық үлгілері жүйесі ретінде кең массаға таралды, оған догматикалық деңгейде енбестен, "халықтық діндермен", жергілікті нанымдармен, мағыналар мен практика жүйелерімен біріктіріліп, "халықтық исламды" құрады. Исламмен халықтық өзара әрекеттесуді жандандыратын ойлау механизмдері мен алгоритмдері фольклорлық ойлау заңдылықтарына сәйкес жұмыс істеді және жұмыс істейді, ең догматикалық исламда семиттік демонологияның кейіпкерлері заңды түрде өмір сүреді және әрекет етеді.

Талқылау:

Қазақстан тарихнамасының дискурсы (посткөненестік өңірге тән сценарий), Қазақстан аумағындағы діндер туралы сөз қозғағанда, ежелгі заманнан бері бейбіт сүйгіш діндер қатар өмір сүріп, бірін-бірі толықтырып, өзара байытып келе жатқанын растай отырып, қазіргі заманғы толерантты пост-секулярлық қоғамды сипаттаудың үлгісін өткенге аударып, анахронизмге жол береді. Мұнда айта кету керек, дін ілімі немесе өзіндік космологиясы, теогониясы, әлеуметтік моделі, нормативтік каноны және т.б. бар идеялардың қалыптасқан тұтас жүйесі ретінде анықтама бойынша, оған қайшы келетін барлық басқа модельдерді жоққа шығаруға болмайды, әйтпесе оның шекаралары бұлыңғыр болады және өз жақтаушыларын бақылауды жоғалтады.

Егер заманауи дәуірдің постсекулярлық мәдениетінде, секулярлықтың өтпелі кезеңін жіберіп алған онтологиялық деңгейде дін этиканың монополисі болса, мұндай монополизацияның генезисін әмбебап құбылыс ретінде қысқаша сипаттау қажет. Архаикалық қоғамдарда дін (оның алғашқы формалары, мифопоэтикалық идеялары, сиқырлы праксис) өмір сүру мен әлауқаттың прагматикалық мақсатымен қоршаған шындықпен диалог әдісі болып табылады (аң аулау, ауруды емдеу, сәтті босану, құнарлылық рәсімдері, күнтізбелік рәсімдер арқылы әлемдік тәртіпті сақтау). Осы мақсатта мифологияға сәйкес құрылған, адамға ең қарқынды экзистенциалды кернеу нүктелерінде көмектесетін символдық жүйелер мен тыйым салу жүйелері жасалады. Сонымен, архаикалық діни жүйелер абстрактілі нормативтік канонға емес, архаикалық микро және макрокосмос ғаламының табиғи тәртібіне жүгіну арқылы адам тағдырын басқарады, өйткені "бұл жақсы немесе жаман болғандықтан қажет". Бұл діни қызметкерлердің аппараты білім мен шындықты басқаруға діни монополияны қолдана отырып, дамып келе жатқан мемлекетпен үйлескенге дейін жалғасады, уақыт өте келе қоғамның моральдық өмірін реттеуге айналады. Осылайша, қазақ қоғамындағы постсекулярлық дәуірдегі дін туралы айтқанда, біз біріншісінің болу мүмкіндігін айқындайтын мәдениет мәтінімен және контекстпен сөйлесеміз.

Қазақ халқының тұрмысында «қасиетті», «киелі», сөздерін жиі кездестіруге болады. «Киелі», «Қасиетті» ұғымдарының діни феноменологияда алар орны жоғары. Бұл ұғымдардың халықтың санасында күдіреті мол ғажайыпқа толы құбылыс болып қалыптасуы ата-бабаларымыздың өздерінің тұрмысында биік деңгейге көтеріп жоғары бағалап атадан балаға мирас болып

қалыптасуы. «Киелі», «қасиетті» ұғымдары көшпенді ғұмыр кешкен қазақ халқының тұрмысында, салтында үлкен мәнге ие болған. Мәселен, киіз үйге қатысты: «киелі шаңырақ», «киелі босаға», «киелі бесік»; дәстүрлі музыкалық аспаптар: қобыз, домбыра, асаяқ, т.б. киелі деп төрге іліп қою; шаруашылықта: киелі жануар; аңшылықта: «киелі аң»; табиғатта «қасиетті жер», «қасиетті тау», «қасиетті жер» деген ұғымдарды әрдайым қастерлеп бағалап отырды. Бұл ұғымдар сол көне уақыттан бері қалыптасып өз маңыздылығын жоймай бүгінгі күнге дейін жетіп отыр. Оның дәлелі бұл ұғымдар табиғатымыздағы жер-су атауларына, өсімдіктер мен жануарларға да қатысты қолданылып келеді. Әсіресе, табиғат құбылыстарынан пайда болған ерекше жерлерді сол жердің табиғи ерекшелігіне, құпияға толы тылсым сырына, көнекөз қариялардың айтып кеткен аңыз-әңгімелеріне байланысты киелі жер деп таныған. Көшпелі тұрмыс кешкен қазақ халқы қасиетті жерлердің қадірін біліп, сол жердің аса ерекше құдыреттілігіне қарап деніне шипа, жанына тыныштық іздеп сиынып көптеген діни рәсімдерді орындап құрбандық шалып отырған. Өздерінің ата кәсібіне айналған мал шаруашылығымен айналысқан ата-бабаларымыз мұндай жерлердің басына, маңайына мал басын жібермей, тапталмай, қастерлеп бүгінгі ұрпаққа аманат етіп сақтап келді. Басына іс түскенде, қауіпті бір пәлеге тап болған адамдар киелі жерлердің басына барып құрбандық шалып сол жерге түнейді. Ата-баба әруағына тағзым етіп, Құдайдан медет сұрайды. Мұндай жерлерді адамдар өздерінің қолдаушысы, құтқарушысы ретінде қарайды. Туған жердің топырағын қастерлеп кие тұту қазақ халқының дүниетанымында ерекше жоғары мәнге ие. «Туған елдей ел болмас, туған жердей жер болмас», «Туған жер тұғырың» деген ұлағатты сөздерді келешек ұрпақтың өскен жерінің киелілігін, қасиеттілігін бағалап өтсін деген мағынада айтып өткен.

Жазушы, журналист Есболат Айдабосынның «Арасан» тақырыбындағы эссесінде киелі жер туралы: «Арасан – Алатаудың батыс сілемдерінің бірі, бір-бірімен қол ұстасып жатқан Суықтөбе мен Қоңыртөбе тауларының түйісен тұсында орналасқан шипалы бұлақ». Қазақстан энциклопедиясында «Жаманты қайнарлары» деген атаумен енген [2]. Бұл киелі мекен Жаманты өзенінің жағасында орналасқандықтаннақты географиялық атауы «Жаманты минералды бұлақтары» деп тікелей байланыстырып отыр. Осы өңірдегі Әліби Жангелдин атындағы орта мектептің тарих пәнінің оқытушысы, Жамбыл ауданының үздік тарихшысы, өлкетанушы Жанұзақ Нұқановтың пікірінше: «Киелі мекеннің бір тылсым құпиясы бар. Бұл жерге көбінесе бала көтере алмай жүрген жандар келеді. Киелі жердегі судың, ол жердегі таза ауаның әсерінен, жалпы бұл мекеннің қасиеттілігі тұрғысынан көп адамдар нәрестелі болып жатады. Оның бір дәлелі ретінде осы өңірден «Киелі Арасанға барып нәрестелі болдым деген апа-аналарымызды кездестіруге болады» дейді. Ш.Керім, А.Альмухаметов мақалада [7, 25 б.] Қорасан атаға байланысты хикаят жанрының өзіндік агиологиялық сипаты әулиенің киелілігінің маңызды құрамды бөлшегі ретінде сакралдықты қалыптастыруға септігін тигізетіндігін көрсетеді.

Зерттеу нәтижесі:

Киелі Арасан-Қорасан мекені

Көшпелі мәдениеттегі негізгі трансформациялық белгі «жеті ата» жүйесі. Бұл жүйенің бастапқы құрылымы – проективтік жазықтықпен немесе кеңістікті модельдеу көрінісімен біріктірілген дамудың уақытша түрі ретінде түсіндіріле отырып, көшпелі қазақ қауымы туралы ақпарат берудің, оны сақтаудың өзегі «ата қоныс» болып табылады. Қазақ мәдениетімен кодтау шеңберіндегі семиосфера қағидаттарының пайымдауы «жеті ата» + «ата қоныс» құрылымдық-символикалық кеңістіктік концептінің «ойлаушы құрылым»- өндіруші құрылым және өзінің «нысандарын» жасауға қабілетті көлемді табиғатынан туындайды.

Әрбір адам баласы өзінің туған елінің, жерінің қадыр-қасиетін түсініп, биік деңгейде бағалауы қасиетті де киелі жерлерді анықтаудың түпкілікті мәні болып табылады. Өзінің сұлу табиғатымен талайды тәнті еткен еліміздің қасиетті де киелі өлкелерінің бірі Жетісу өлкесі екені баршамызға аян. «Жер жәннәты Жетісу» деген ұғым бұл өлкенің сұлу табиғатын ғана емес, киелі, қасиетті жер екенін дәлелдейді. Жетісу жеріндегі тылсым құпияға толы, аңыз-ақиқаты аралас киелі жерлердің орны ерекше. Сондай киелі жерлердің бірі – Киелі Арасан-Қорасан

мекені. Бұл киелі мекен Алматы облысы, Жамбыл ауданы Бесмойнақ ауылынан 5-7 шақырым күн батысқа қарай тау шатқалының аңғарларында орналасқан. Жергілікті тұрғындардың санасында бұл қасиетті жер – «Киелі Арасан-Қорасан» деп аталып кеткен. Осы өңірдің тұрғындары үшін бұл жер өзінің емдік қасиеті бар жер астынан шығып жатқан бұлақтарымен ерекше. Қазақстанның көптеген өңірлерінде «Арасан» деген атаумен белгілі емдік қасиеті мол түрлі жерасты бұлақ көздерін кездестіруге болады. Алматы облысындағы емдік табиғи киелі орындардың қатарына халық қастерлейтін 700 жылдан асқан (Панфилов ауданы) «Әулие ағаш», «Мазар терек» (Ұйғыр ауданы) киелі тоғайлары, «Найзатапқан арасаны», Кербұлақ ауданындағы «Шиырбай бастаулары» (Кербұлақ ауданы), «Әулие бастау» (Көксу ауданы) Іле ауданындағы «Әлмерек ата бастаулары» т.с.с. шипалы бұлақ көздерін жатқызуға болады [3, 1 б.].

«Арасан» сөзінің мағынасы Арасан (моңғ. аршан – бұлақ), шипалы су – емдеуге қолданылатын жылы жер асты су көздері. Арасан сулары асқазан ауруларын емдеуге пайдаланылады. Арасан сулары, негізінен жанартаулы жерлерле, артезиан алаптарында пайда болады. [4,421 б.]

Арасан атауы жоғарыда аталған халықтың санасындағы киелі, қасиетті ұғымдарымен сабақтас болып келеді. Тау шатқалында орналасқан киелі Арасан-Қорасан мекені осындай емдік қасиеті бар шипалы бұлақтарға толы. Әр бұлақ бірі-бірінен салқын, жылылығымен, дәмімен ерекшеленіп тұрады. Жаугершілік заманда жаудан жараланған әскер жасағы сол жерге барып шипа табатын болған деседі. Киелі мекенге келетін адамдардың басым көпшілігі табиғи қасиеттілігімен ерекшеленген жер астынан шығатын осы бұлақтармен, бұлақ басындағы саз балшықтармен өздерінің денсаулығын жақсарту үшін келеді. Бұл жерге келген халықтың минералды бұлақтармен өз ағзаларын емдеумен қатар өздерін рухани жағынан да тазартады. Қарпайым халықтың ойлауы бойынша бұл жерде айғайлап дауыс көтеруге, бейә деп сөздер айтуға, кереғар іс-әрекеттер жасауға болмайды. Бұл жерге жандарына тыныштық, ем іздеп келген адамдар діни рәсімдерді де орындайды. Яғни құран бағыштап, намаз оқып, құрбандық шалады.



1-сурет. Киелі Арасан мекеніндегі жер асты бұлақ көздері

[//el.kz/news/puteshestviepage/arasandagi_akisiz_demalis_zhamanti_mineraldi_sui/](http://el.kz/news/puteshestviepage/arasandagi_akisiz_demalis_zhamanti_mineraldi_sui/)

(қаралым уақыты: 15.05.2021ж.)

Белгілі ғалым, дінтанушы А.К. Муминовтың «Родословное древо Мухтара Ауезова» атты, ғылыми еңбегінде «Қасиетті жерлерде, бұлақ бастарына балықтар, кесене ішінде өмір сүретін көгершіндер, оның айналысына өскен ағаштар болады. Оларға қол жұмсауға, ұруға немесе

өлтіруге болмайды. Оларға кері іс-әрекет жасағандарды сол жердің киесі ұрады, қарғысқа ұшырайды, жаман іске ұрынады, болмаса аяқ астынан қайтыс болады» – деп киелі жерлердің ерекшелігіне тоқталып анықтама берген [5, 123 б.]. Бұл көптеген киелі жерлерге тән құбылыс. Дәл осы айшықты сипаттама киелі Арасан-Қорасан бұлақтарының басында да кездесетіні қызықты дерек. Жергілікті тұрғындардың, шырақшылардың айтуынша киелі Арасан жеріндегі бұлақтардың басында да «тәжді жыланның кейбір адамның көздеріне көрінуі ол жердің қасиетті, құдіретті жер екенін айғақтайды. Бұл жерге зиярат етіп келушілер тәжді жылан осы жердің қорғаушысы деп түсінеді. Көздеріне тәжді жылан көрінгендер оған қол тигізбейді. Тіпті, оны көрген адамдар «өміріміз ұзақ болады, тек жақысылықта боламыз» деген жақсы ойларға тоқталады. Киелі жерлерде орын алатын бұндай оқиғалар желісінің ел аузында аңыз-әңгімеге айналып ұрпақтан ұрпаққа жетіп отыруы киелі жерлердің қалыптасуына, жердің өзін-өзі қорғауына түбегейлі негіз болады. Мұндай жерлерге адам баласы ешқашан қиянат жасай алмайды. Сонымен қатар, ел аузында айтылатын аңыз-әңгімелер, тылсым құбылыстар киелі, қасиетті жерлердің шартарапқа кең танылуына зор ықпал етеді.



2-сурет. Киелі Арасан мекеніндегі үңгір
(meuim)/ kozhal.kz/2019/7347-arasan-qorasan-auliege-ziyarat
(қаралым уақыты: 15.05.2021ж.)

Жегісудағы Қорасан түсінігі

Дәстүрлі дінді жеке бастарының табыс көзіне айналдырып, халыққа жалған ақпарат беріп, адастыратындар киелі мекенге де зияндарын тигізбей қоймады. Бұл жердегі Арасан атауымен қатарлас айтылатын Қорасан атауы да бар. Киелі мекенге зиярат етушілердің бастаушысы болып келетін арнайы ағымдар болған. Мәселен, «Ақ Жол», «Ата жолы» сынды халықты адастыратын арнайы топтар ел арасына «Арасан деген ата, Қорасан оның бауыры, екеуі де әулие емші адамдар болған, бұл жер олардың жерленген жері» деп жалған ақпарат таратып, біраз халықты әбігерге салып келеді. Алайда жергілікті ауыл ақсақалдары мен ауыл тұрғындарының айтуынша бұл өңірде Қорасан деген рудың немесе Қорасан есімді әулие емші адам өмір сүрмегенін айтады. Қорасан атауы туралы Ғ.Мүсіреповтың «Ұлпан» повесінде төмендегідей нақты

сипаталады: «Балаларын жерлеп қайтқан күні қара шешек Еснейдің өз денесіне де қаптап білініп келеді екен. Шілденің қайнап тұрған ыстық кезі еді. Өр көкірек батыр адам басқаларда жоқ ірі мінез көрсетті. Атына міне салып қозыкөш жердегі «Әулие сор» атанған тұзды көлге тыржалаңаш секіріп кетті. Артынан келген адамдарға осы араға үй тіккізуге, сусын әкелуге бұйрық берді де суы жылы сор көлге күні-түні шомыла берді, шомыла берді. Қорасан шыққанда дуылдап қыштитын денені қасымауға шыдады. Бақсы-құшнаштарды да маңайына жолатқан жоқ. Сордың суында қорасанға дауа болғандай қандай қасиет бар, оны ешкім білген емес, әйтеуір Есней бар денесіне бармақтай-бармақтай қара таңба түссе де аман қалды». [6, 9 б.]

Демек «қорасан» адам денесіне шығатын жараның бір түрі деуге толық негіз бар. Себебі «Арасан» бұлақтары, ол жердегі саз балшықтар тері ауруларын бірден жойып жіберетінін осы жерге зиярат етіп, ем іздеп келушілердің де пікірі дәлелдейді. Арасан емдік қасиеті мол жер астынан шығатын бұлақ көздері. Ал «Қорасан» атауы ол адам терісіне шығатын қышыма аурудың бір түрі болуы әбден мүмкін. Бұл киелі мекеннің ел аузында «Арасан-Қорасан» деп аталуына жоғарыда келтірілген деректер дәлел бола алады.

Халықтың таным түсінігінде үңгірлердің де алатын орны ерекше. Көптеген тылсым құпияға толы, сыры ашылмаған қасиетті жерлерүңгірлермен де танымал. Түрлі табиғи құбылыстардың әсерінен пайда болған үңгірлер тау шатқалдарында, таудың етегінде орналасады. Ерте кездерде адамдардың тұрақты мекені болған үңгірлер әр түрлі болып келеді. Бірінің ішінде тамшы бұлақ көздері болады. Кейбірінің ішінде адам баласының тіршілігін бейнелейтін адамдардың, жануарлардың, аңдардың үңгір қабырғаларына қашалған суреттерін байқауға болады. Үңгірлер құпияға толы түрлі пішінде болады. Кейбірінде адамның үңгірге кіруіне кедергі келтіретін түрлі формадағы тастар, дененің өтуіне кедергі келтіретін қуыстар болады. Кейбір үңгірлер кең болып келеді. Құпияға толы үңгірлер көп зерттеуді қажет етеді. Ерте кездерде адамдардың тұрақты қонысы қызметін атқарған үңгірлерді ата-бабамыз бүгінгі күнге дейін қасиетті нысан ретінде бағалап келеді. Арасан-Қорасан мекенінің тағы бір ерекшелігі өзен жағасынан жетпіс метр биіктікте шатқал бүйірінде орналасқан үңгір. Жергілікті шырақшылар бұл үңгірді зиярат етіп келушілерге тау шатқалында орналасқан мешіт деп таныстырады. Қасиетті жерге ем іздеп зиярат етіп келушілер үңгірге кіру үшін арнайы сатының көмегімен көтеріліп, одан ары үңгір ішінен қазыққа бектіліп байланған арқанның көмегімен шығады. Арқанмен көтерілгенде адамның үңгірге кіруіне кедергі келтіретін екі тастың ортасынан өту өте қиын. Бұл жердің бір ерекшелігі төбедегі алып тасты адамның үңгірге өтер тұсында кішкентай ғана тастың ұстап тұруы. Келушілерді осы табиғи ерекшелік таңқалдырады. Бұл тау көшкінінен пайда болуы да ғажап емес. Үңгір ішінде адам алақандарының, тізелерінің іздері және қабырғаларда суреттер бейнеленген. Бұл бейнелер осы жерде адамдардың Құдайға құлшылық жасайтын шағын мешіт қызметін атқарғанын дәлелдейді. Шипалы бұлақтары бар тау шатқалында орналасқан бұл үңгірге үңгір ішінде Құдайға құлшылық жасап, намаз оқып түнейді.

Қорытынды

Бүгінгі күні бұл киелі жердің құпиясын ашып танысу үшін денсаулықтарына шипа іздеп келушілердің қатарынан ел тұрғындарын ғана емес, сонымен қатар Жетісу жеріне келетін шетелдіктерді де көптеп кездестіруге болады. Көбінесе көршілес Қырғызстан, Ресей мемлекетінен зиярат етіп келушілер көптеп кездеседі. Әрине, бұл жерге келушілер үшін ешқандай да қонақ үй, адамдардың түнейтін орындары қарастырылмаған. Келушілер өзен жағасына тігілген арнайы маталы шатырларда, сол жердегі бастырмаларда жатады. Бұл бастырмаларды осы жерге ем іздеп келіп жазылған адамдар өз қаражатына салып берген. Бұндай орындардың болуы бүгінгі дамыған заманда адамдар үшін ыңғайлы деуге мүлдем келмейді. Келушілер үшін ең маңыздысы бұл киелі жердің емдік қасиетке ие жер асты бұлақтары, саз балшығы, құпияға толы үңгірі, сұлу табиғаты маңызды болып табылады. Ұлттық мақтанышымызға айналған барша адам баласының денсаулығы мен рухани жан дүниесіне азық болатын еліміздегі осындай Киелі Арасан мекенінің атауының дұрыс аталуы Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандарының ерекше бағаланатын табиғи мұра ескерткіштері қатарына қосылып, сакралды және емдік-

сауықтыру туризмін дамыту мақсатында пайдалану қасиетті нысанның халық санасында ерекше маңыздылығы арта түсуіне зор мүмкіндік береді. Зерттелінген қасиетті нысанның атын шығаратын халықтық этимологизация әрекеттері тарихи сананың және тері ауруынан (қорасан) пайда болатынбастапқы атауды ығыстырудың жарқын мысалы екенін атап өткен жөн, біз көрсеткен дереккөздердіңнәтижесінде адамдар аталған ауру түрлерімен емделу үшін келеді.

Мақала «Қазақстанның қазіргі заманғы тарихнамалық дискурсындағы тарихи жадының бірегейлігі мен поэтикасы» тақырыбындағы ішкі ғылыми жобасы аясында дайындалды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»[Электронды ресурс] // https://www.akorda.kz/ru/events/akorda_news/press_conferences/statya-glavy-gosudarstva-vzglyad-v-budushchee-modernizaciya-obshchestvennogo-soznaniya; (қаралым уақыты: 14.04.2021ж.)
2. Айдабосын Е.«Арасан»[Электронды ресурс]// <https://alauinform.kz/2025;> (қаралым уақыты: 22.04.2021ж.)
3. Селим Л., Токпанов Е.А., Кыдырбаева А.Т. «Алматыоблысындағы табиғи емдік киелі орындардыңортақ белгілері» [Электронды ресурс]//[zhetysu.edu.kz/wp-content/uploads/2021/03/%D0%92%D0%95%D0%A1%D0%A2%D0%9D%D0%98%D0%9A-%E2%84%96294-2020.pdf;](http://zhetysu.edu.kz/wp-content/uploads/2021/03/%D0%92%D0%95%D0%A1%D0%A2%D0%9D%D0%98%D0%9A-%E2%84%96294-2020.pdf) (қаралым уақыты: 27.05.2021ж.)
4. «Қазақстан» Ұлттық энциклопедия./ Бас ред. Ә.Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – 720 б.
5. Муминов А.К. «Родословное древо Мухтара Ауэзова». – Алматы: «Жібек жолы». 2011 г. –123 с.
6. Мүсірепов Ф. «Ұлпан» повесть. [Электронды ресурс]//<https://kitap.kz/book;> (қаралым уақыты: 14.06.2021ж.)
7. Керім Ш., А. АльмухаметовУкаша ата мен Қорасан ата туралы хикаяттар // әл-Фараби атындағы ҚазҰУХабаршысы. Дінтану сериясы. – 2021. - №2 (26). – 25-32 бб.

References:

1. [N.A. Nazarbayev «Bolashakkabagdar: rukhani zhangyru» \[Looking into the future: spiritual modernization\]\[Electronic resource\] // https://www.akorda.kz/ru/events/akorda_news/press_conferences/statya-glavy-gosudarstva-vzglyad-v-budushchee-modernizaciya-obshchestvennogo-soznaniya;](https://www.akorda.kz/ru/events/akorda_news/press_conferences/statya-glavy-gosudarstva-vzglyad-v-budushchee-modernizaciya-obshchestvennogo-soznaniya;) (date of application: 14.04.2021) [in Kazakh]
2. AidabosynE. «Arassan» [Arassan] [Electronic resource]// <https://alauinform.kz/2025;> (date of application: 22.04.2021)[in Kazakh]
3. SelimL., Tokpanov E.A., Kydyrbayeva A.T. «Almaty oblysyndagytabiği emdikkielioryndardyn ortakbelgilery» [Common symptoms of natural healing holidays in Almaty region] [Electronic resource] //[zhetysu.edu.kz/wp-content/uploads/2021/03/%D0%92%D0%95%D0%A1%D0%A2%D0%9D%D0%98%D0%9A-%E2%84%96294-2020.pdf;](http://zhetysu.edu.kz/wp-content/uploads/2021/03/%D0%92%D0%95%D0%A1%D0%A2%D0%9D%D0%98%D0%9A-%E2%84%96294-2020.pdf) (date of application: 27.05.2021) [in Kazakh]
4. Ultykencyclopedia «Kazakhstan»./ Chief Ed. A. Nysanbayev Almaty, main editorial office [Kazakhstan national encyclopedia]" 1998. - 720 pages [in Kazakh]
5. Muminov A.K. «Rodoslovnnoe drevo Mukhtara Auezova». Almaty, «Zhibek zholy». 2011. – 123 p. [in Russian]
6. Musirepov G. «Ulpan» [Ulpan]novel. [Electronic resource] //<https://kitap.kz/book;> (date of application: 14.06.2021) [in Kazakh]
7. Sh. Kerim, A. AlmukhametovUkashaatamenQorasanataturalykhiqayattar (Stories about Ukasha Ata and Khorasan Ata) // Bulletin of Al-Farabi Kazakh National University. Religious Studies Series. - 2021. - №2 (26). - pp. 25-32.

ЖАС ҒАЛЫМДАР ЗЕРТТЕУЛЕРІ ИССЛЕДОВАНИЯ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ RESEARCH OF YOUNG SCIENTISTS

ӘӨЖ 63.00.08.
МРНТИ 03.20

<https://doi.org/10.51889/2021-3.1728-5461.14>

¹ Ж.А. Кусайнова *

¹ Абай атындағы ҚазҰПУ-нің магистр, оқытушы
E-mail: Zhuma_1612@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ПӘНІНДЕ ОТАНСҮЙГІШТІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ БОЙЫНША ТӘЖІРИБЕЛІК ЖҰМЫСТАРДЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада Тарих сабағының тәрбиелік мәні, адамгершілік және патриоттық тәрбие мәселесіне еңбектерін арнаған әдіскер- ғалымдар, отаншылдық сезімді қалыптастыруға ерекше мән беріп, оны ұйымдастырудың тиімді жолдары мен тәсілдерін қарастырылған.

Отаншылдыққа тәрбиелеудің міндеттерін жүзеге асыруда мектепте оқытылатын Қазақстан тарихы пәнінің орны ерекше анықтап, төмендегідей әдістемелік шарттарымен бекітілген. Әдістемелік еңбектерде тарихты оқытуда оқушыларға тәрбиелік әсер ететін әдіс-тәсілдерді ескере отырып, эксперимент сыныпта төмендегідей әдістеме қолдану тиімді екені анықталды. Эксперимент нәтижесі, Қазақстан тарихын оқытуда оқушыларға тәрбиелік әсер ететін, белсенді оқыту әдістері мен жаңашыл технологияның мүмкіндіктерін қолданудың тиімділігін көрсетті.

Эксперимент топта Қазақстан тарихын оқытуда оқушыларға тәрбиелік әсер ететін, оларды ойландыратын, баға бергізетін, осылардың негізінде белгілі бір идеялар мен сенімдер туғызатын тарихи фактілер, идеялар, айқын, нақты фактілер, оқушылардың сезіміне әсер ететіндей материалдар таңдап алынды. Осындай іріктелініп алынған фактілердің әсері оқушылардың ойланып, ой елегінен өткізген сайын күшейе түсетінін көрсетті. Зерттеу барысында, осы ұсыныстарды басшылыққа алып, отаншылдыққа тәрбиелеуде белсенді әдістемелік тәсілдерді үнемі жетілдіріп отыру қажеттігіне ғылыми зерттеу жұмысы барысында көз жеткіздік.

Кілт сөздер: эксперимент, Отан, патриотизм, қанатты ұтқыр, фактілер, идеялар, айқын, нақты.

¹ Kusaynova Zh.A.*

¹Department Of Internal Affairs Of The Republic Of Kazakhstan Master's degree, teacher at Abai Kaznu E-mail: Zhuma_1612@mail.ru the mob number. 87077721731

RESULTS OF PRACTICAL WORK ON FOSTERING PATRIOTISM IN THE SUBJECT OF HISTORY OF KAZAKHSTAN

Abstract

In this article, methodologists - scientists who have devoted their work to the educational essence of history lessons, moral and patriotic education, pay special attention to the formation of a sense of patriotism, consider effective ways and methods of its organization.

In the implementation of the tasks of patriotic education, the place of the subject of the history of Kazakhstan taught at the school is determined and determined by the following methodological conditions. In the methodological works, taking into account the methods and techniques that have an educational impact on students in teaching history, it was found that the use of the following methodology in the experimental class is effective. The results of the experiment showed the effectiveness of using the possibilities of active teaching methods and innovative technologies that have an educational impact on students in teaching the history of Kazakhstan.

In the experimental group, materials were selected that have an educational impact on students in teaching the history of Kazakhstan, make them think, evaluate, and on the basis of which historical facts, ideas, clear, concrete facts, and influence the feelings of students give rise to certain ideas and beliefs. The influence of such selected facts has shown that the more students think and reflect, the stronger the effect. In the course of research, guided by these recommendations, we were convinced of the need for continuous improvement of active methodological approaches to patriotic education.

Keywords: experiment, Homeland, patriotism, winged mobility, facts, ideas, real, real.

¹Кусайнова Ж.А.*

¹ Магистр, преподаватель КазНПУ им.
Абая E-mail: Zhuma_1612@mail.ru

РЕЗУЛЬТАТЫ ПРАКТИЧЕСКОЙ РАБОТЫ ПО ВОСПИТАНИЮ ПАТРИОТИЗМА В ДИСЦИПЛИНЕ "ИСТОРИЯ КАЗАХСТАНА

Аннотация

В данной статье рассматривается воспитательное значение урока истории, методисты - ученые, посвятившие свой труд проблеме нравственного и патриотического воспитания, уделяют особое внимание формированию чувства патриотизма, обсуждают эффективные пути и способы его организации.

Особое место в реализации задач патриотического воспитания отводится преподаваемому в школе предмету История Казахстана, который закреплен следующими методическими условиями. В методических трудах установлено, что с учетом методов и приемов, оказывающих воспитательное воздействие на учащихся при изучении истории, в экспериментальном классе наиболее эффективно применение следующей методики. Результаты эксперимента показали эффективность использования возможностей инновационных технологий и активных методов обучения, оказывающих воспитательное воздействие на учащихся при изучении истории Казахстана.

В экспериментальной группе подобраны исторические факты, идеи, очевидные, реальные факты, которые оказывают воспитательное воздействие на учащихся при изучении истории Казахстана, заставляют их думать, оценивать, на основе которых рождаются определенные идеи и убеждения, влияют на чувства учащихся. Влияние таких отобранных фактов показало, что по мере размышлений и размышлений учащихся становится все сильнее. В ходе исследования, руководствуясь данными рекомендациями, мы убедились в необходимости постоянного совершенствования активных методических подходов в воспитании патриотизма.

Ключевые слова: эксперимент, Родина, патриотизм, крылатый подвижник, факты, идеи, очевидные, реальные.

Кіріспе. Отаншылдыққа тәрбиелеудің міндеттерін жүзеге асыруда мектепте оқытылатын Қазақстан тарихы пәнінің орны ерекше анықтап, төмендегідей әдістемелік шарттар қарастырған.

– тарихты оқытуда оқушылардың дүниеге ғылыми көзқарасын қалыптастыру;

– тарихты оқыту барысында мұғалімнің маңызды идеяларды, фактілер мен ұғымдарды, түсініктерді дұрыс таңдай алуы және оны түсінікті, оқушылар сезіміне әсер ететіндей ашып

көрсетуі, нақты, анық, әсерлі, тәрбиелік, дамытушылық жағынан аса маңызды деректер мен оқиғаларды дәлелді, ұтымды таңдау;

– тарихты оқытудың әсерлігі мен нақтылығын арттыратын әр түрлі әдістемелік құралдарды мұғалімнің тиімді пайдалануы;

– тарихи оқиғалар мен құбылыстарды талдауда және бағалауда оқушылардың белсенділігін, шығармашылығын арттыратын өзіндік жұмыстарға кеңінен тарту;

– тарихты оқыту процесінде және сабақтан тыс жұмыстарда тарих курстарынан алған білім, білік, дағды-машықтарын жүйелі түрде пайдалану;

– оқушылардың білімінің дара дамуын бағдарлау арқылы -тарихи қайраткерлердің, ұлы тұлғалардың және қарапайым адамдардың өмірі мен қызметін олардың сезіміне әсер ететіндей ашып көрсету;

– оқушыларды суреттеуге, талдауға, ізденуге, бағалауға, дәлелдеуге, өзіндік еркін пікір білдіруге т.б. оқу дағдыларын игеруге бағыттау;

– оқушылардың шамасы келетіндей қоғамдық пайдалы қызметке қатысуы, т.б.[1].

Зерттеу мақсаты: Зерттеу барысында, осы ұсыныстарды басшылыққа алып, отаншылдыққа тәрбиелеуде белсенді әдістемелік тәсілдерді үнемі жетілдіріп отыру қажеттігіне ғылыми зерттеу жұмысы барысында көз жеткіздік. Оқу-тәрбие үдерісінде оқушыларды Қазақстан тарихы сабағында отаншылдыққа тәрбиелеудің тиімді әдіс-тәсілдерін таңдап, оны өмір тәжірибесінде белсенді пайдалануда төмендегідей мақсат- міндеттерді белгіледік:

Ғалымдардың зерттеулеріне қарағанда, патриоттық тәлім жоғары деңгейде қалыптасқан оқушының Отанға деген сүйіспеншілік сезімі терең болады; қазақ халқының тарихын танып-білуге ынтасы жоғары; қазақ халқының мәдениетін, ұлттық ерекшеліктерін, салт-дәстүрін зерделеуге үлкен ұмтылыс танытады; өзінің өмірдегі белсенді рөлін түсінеді.

Зерттеу міндеттері: Эксперимент сыныпта Қазақстан тарихы сабағында отаншылдыққа тәрбиелеудің міндеттері:

– Қазақстан тарихы сабағында оқушыларды отаншылдыққа тәрбиелеудің тиімді әдіс-тәсілдерін таңдап, оны өмір тәжірибесінде белсенді пайдалана білу біліктерін қалыптастыру;

– оқушылардың отаншылдық сезімін дамытуда оқу материалының мазмұнына тарихи тұлғалардың ерлігі мен батырлығы туралы тың үзінді пайдалану;

– Қазақстан тарихы сабағында отаншылдыққа тәрбиелеуде белсенді әдіс-тәсілдерді пайдалану арқылы, оқушы-жастарды отаншылдыққа, адамгершілікке және ұлтжандылыққа тәрбиелеудің құралы ретіндегі рөлін анықтау Эксперимент топта Қазақстан тарихын оқытуда оқушыларға тәрбиелік әсер ететін, оларды ойландыратын, баға бергізетін, осылардың негізінде белгілі бір идеялар мен сенімдер туғызатын тарихи фактілер, идеялар, айқын, нақты фактілер, оқушылардың сезіміне әсер ететіндей материалдар таңдап алынды. Осындай іріктелініп алынған фактілердің әсері оқушылардың ойланып, ой елегінен өткізген сайын күшейе түсетінін көрсетті. Оқушылардың фактілерді ойланып қорытуы және оған баға беруі үшін, көпшілік жағдайда сол фактілерді қайтадан айтып беруі, ол жайлы өзінің еркін көзқарасын білдіруі, оны басқа фактілермен салыстыруы эксперимент сынып оқушыларының жетістігі деуге болады. Эксперимент топта пайдаланылған қосымша тарихи материалдар оқушыларға алғашқы баяндаған уақытта, пысықтау, сұрау, қорытып-жинақтап қайталау кезінде, яғни тарихты оқытудың бүкіл барысы тәрбиелік міндеттерді іске асыруға ықпал жасады [2].

Материалдар мен әдістер. Әдістемелік еңбектерде тарихты оқытуда оқушыларға тәрбиелік әсер ететін әдіс-тәсілдерді ескере отырып, эксперимент сыныпта төмендегідей әдістеме қолдану тиімді екені анықталды.

Қазақстан тарихы бағдарламасы мен оқулығында оқушыларды патриотизмге тәрбиелейтін әсерлі мәтін, материалдар шамалы болғандықтан, оқу материалын нақтылау және жандандыра түсу үшін курстың негізгі мазмұнының тәрбиелік әсерін күшейтін, өздігінше тәрбиелік рөл атқара алатын дара-жеке фактілерді, образдарды, детальдарды, тарихи-көркем туындыларды, қанатты ұтқыр, дана сөздерді, мақал-мәтелдерді, нақыл сөздерді тауып іріктеп алып пайда-

ланылды; оқушының кейбір жағдайларда оқиғалар мен адамдарға өзінің жеке көзқарасын еркін білдіруі үшін, материалды оқушыларға нанымды және әсерлі түрде жеткізе білуге назар аударылды; оқушылардың тәрбиелік жағынан маңызды, құнды материалдарды саналы ұғуына көмектесу үшін, жасаған қорытындылары мен бағаларын сенімге, сезімдерін-тұрақты сезімге айналдыра алатын тәсілдерді іріктеп және соларды іске асыру жолдарын іздестіруге назар аударылды[3].

Негізгі бөлім. Эксперимент нәтижесі, Қазақстан тарихын оқытуда оқушыларға тәрбиелік әсер ететін, белсенді оқыту әдістері мен жаңашыл технологияның мүмкіндіктерін қолданудың тиімділігін көрсетті. Сабақта жеке, жұппен және топтық жұмыстар ұйымдастырылды. Әр түрлі тың құжаттармен және ақпарат көздерімен жұмыс жүргізілді. Тәжірибелік жұмыста ұсынылған белсенді оқу әдістері мен инновациялық технологияны пайдалану оқушылардың отаншылдық, адамгершілік сезімін қалыптастыруға және олардың Отан тарихына деген қызығушылықтарын арттыруға мүмкіндік жасады.

Сауалнамаға 10 сыныптан 125 оқушы, 21 педагог қатысты. Сынақ жүргізбес бұрын оқушылармен жүргізілген сұрақтардың нәтижесінде, біз олардың патриот, отаншылдық туралы білім деңгейінің жапылама екенін байқадық[4].

Зерттеуімізде тәрбиелік деңгейлер мен көрсеткіштер туралы шетелдік және отандық ғалымдардың пікірін басшылыққа алып, Қазақстан тарихын оқытуда оқушыларды отаншылдыққа тәрбиелеуге әсер ететін, тарихи білімдер мазмұнын салыстырмалы түрде оқушылардың үш деңгейінің өлшемдері мен көрсеткіштерін төмендегідей анықтадық. Қазақстан тарихынан отаншылдыққа тәрбиелеуге әсер ететін маңызды тарихи оқиғалар мен құбылыстарды, ұғымдардың мәнін, тарихи қайраткерлердің ерлігін білуі, Отанды қорғауға дайындықта белсенділігін жатқыздық. Оның: төменгі деңгейіне отаншылдық туралы түсінігі бар, жалпылама нақты емес, яғни төмен. Орта деңгейіне отаншылдық туралы түсінігі бар, бірақ оның маңызына жете көңіл аудармайды, мазмұнын толыққанды білмейді, яғни орташа. Жоғары деңгейде Қазақстан тарихын бойынша отаншылдыққа тәрбиелеуге ықпал жасайтын маңызды тарихи оқиғалар мен құбылыстарды, ұғымдардың мәні бойынша түсінігі жақсы, ұғымның маңызы мен мазмұнын біледі, өз бойында отаншылдық, ұлтжандылық қасиеттерді шынайы бағалай алатынын, отаным, жерім, елім деген қасиетті ұғымдарды дұрыс пайдалануға ұмтылатыны ескерілді, яғни жоғары болып табылады.[5]

Зерттеу нәтижесі. Тәжірибелік-экспериментке қатысқан 177 оқушының эксперименттің алғашқы кезеңінде тек 39%-ның ғана білімдік, тәрбиелік көрсеткіштері жоғары деңгейде, 36%-ның орташа, ал 25%-нікі төмен болса, эксперименттің қалыптастыру кезеңінде бұл көрсеткіштер 7%-ға, бекіту кезеңінде бастапқы кездегімен салыстырғанда 25% ға-артты, яғни экспериментті бекіту кезеңіндегі нәтижесі 68% оқушы өздерінің тәрбиелік деңгейлерінің жоғары деңгейде екенін көрсете білді. Бұл эксперимент жұмысымыздың оң нәтижесі деп ойлаймын.

2016-2017 оқу жылында жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың қалыптастыру кезеңінде оқушылардың білімдік және тәрбиелік деңгейлерінің біршама өскені анықталынды.

Қазақстан тарихы сабағында отаншылдыққа тәрбиелеуде оқушыларға ауызша (сұрақ-жауап, құзыреттілікке бағытталған тапсырмалар, пікірсайысқа дайындық, т.б.);

- қысқаша жазба жұмыстары (тезистер, конспектілер, эссе, тарихи шығарма, т.б.);
- тест тапсырмалары (жабық тест, ашық тест, мәтіндік тест, көпжауапты тест);

- шығармашылық жұмыстар (рөлдік ойындарға, сахналық көріністерге дайындық), өзара бақылау жұмыстары, кәтемен жұмыс.

Оқушыларға шығармашылық (хабарлама, презентация, т.б.) және жобалық тапсырмалар тақырыптарын алдын ала берілді. Эксперимент топтың мұғалімі осы шығармашылық жұмыс түрінің талаптарымен таныстырды. Оқушы хабарлама даярлаған кезде білімін көрсетіп қоймай, хабарлама (презентация) дайындайтын батырға қатынасын, өз сезімдерін, күйзелісін білдіруі тиіс.

Қазақстан тарихы сабағында отаншылдыққа тәрбиелеуде оқушыларға түрлі деңгейдегі интерактивті тапсырмалар мен хабарлама, рефераттар жазып келу тапсырылды. Сынақ топтағы оқушыларға төмендегідей реферат тақырыптары ұсынылды:

1. Қазақ батырларының ерлігі - жастарға үлгі.
2. Менің Отаным Қазақстан.
3. Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 25 жыл.
4. Қазақ хандығының құрылғанына 550 жыл.
5. Кенесары Қасымовтың басшылығымен болған көтерілістің маңызы.
6. Тарихта із қалдырған дара тұлғалар.
7. Б. Момышұлының еңбектері-жастарды отаншылдыққа тәрбиелеудің құралы. [6]

Оқушылардың отаншылдық сезімдерінің қалыптасу деңгейінің жоғарылағанын Отан тарихына деген белсенділіктерінің артуындағы өзгерістерден байқалды. Оқушылардың отаншылдық қасиеттердің маңызын түсінгендіктерін олардың сабақтағы жауаптарынан және қарым-қатынасынан да байқадық, пәнге деген қызығушылықтары артқанынан пайда болды.

Қазақстан тарихы сабағында отаншылдыққа тәрбиелеу барысында оқушылар әр түрлі ізденістер жасап, жаңа мәліметтер қорын жинақтап, шығармашылық қабілеттерін дамытты. Қазақстан тарихы сабағында отаншылдыққа тәрбиелеудің мазмұнын, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың қорытындысында оқушылардың білімі мен тәрбиелік деңгейлері төмендегідей болды.

- «Қазақстан тарихы сабағында оқушыларға қазақстандық патриотизм идеясын дарыту»;
- «Тарих сабағында жаңышыл технологияларды қолданудың әдістемелік жолдары»;
- «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы Қазақстан тарихын оқытуда оқушылардың отаншылдық сезімін қалыптастырудың құралы»;
- «Қазақстан тарихы сабағында оқушылардың шығармашылық қабілеттерін жетілдіру» т.б.

Қортынды. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың бекіту кезеңіндегі оқушылардың білімдік, тәрбиелік деңгейлерінің сапасының көрсеткіші Қазақстан тарихы сабағында оқушыларды отаншылдыққа тәрбиелеу әдістемесі оң нәтиже берді деген қорытындыға әкелді. Тарихи білім мазмұнын ашып көрсетуде бірқатар тақырыптардың тәрбиелік мәнін ашып көрсету барысында біз дайындаған сабақ жоспарлары бойынша өткізілген тәрбиелік іс-шараларды талдау, бағалау және қорытындылау нәтижесінде төмендегідей тұжырымдар жасаймыз:

• Жалпы білім беретін мектепте Қазақстан тарихы сабақтарында оқушыларға қазақ батырларының ерлігі, қаһармандық қасиеттері арқылы отансүйгіштік қасиеттерін жетілдіруде эпостардың, мақал-мәтелдердің, жұмбақтардың, ертегілердің, батырлық жырларының, шежіренің, бата сөздердің, т.б. алатын орны ерекше болып табылады. Бұлар қаһармандық, ерлік жасау, Отанға деген сүйіспеншіліктің мәнін түсіндіруде оқушылардың отансүйгіштік дүниетанымының кеңеюіне әсерін тигізеді [7].

Мектеп оқушыларына қазақ батырларының қаһармандық бейнесін түсіндіруде батырлар жырының алатын орны ерекше. Эпостық жырларда батырлардың ерлігі шынайылығымен сипатталатынын ескере отырып, тарихи мағлұмат беруде шежіренің маңызы зор екенін негіздедік.

Нәтижелерді талқылау.

• Қазақстан тарихы сабағында отаншылдықтың мәнін, мазмұнын ашып көрсету арқылы, оны Қазақстан тарихын оқытуда пайдалану әдістемесі бойынша жасалған жұмыстар барысында олардың тарихи білімін, елжандылық қасиеттерін, танып білуін және шығармашылықтарын дамытуға мүмкіндіктер туғызылды;

• Қазақстан тарихы сабағында оқушыларды отаншылдыққа тәрбиелеуде жеке, топпен, ұжыммен жұмыс жасау біліктерін дамытуға мүмкіндіктер туғызылды;

• Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың барысында оқушылардың отан, туған өлке, Қазақстан менің Отаным, тарихтағы адамның рөлі, батырлар ел қорғаны, ержүректілік, батырлық, адалдық, қайсарлық сияқты ұғымдар туралы түсініктері кеңіді [8].

• Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың барысында сабақ жоспарларының нәтижесін сараптау қорытындысында оқушылардың Қазақстан тарихы сабағында отаншылдыққа дәріптеу негізінде тәрбиелілік деңгейінің өскенін анықтадық [9].

Сонымен қорыта келгенде, егерде оқушыларға Қазақстан тарихы сабағында отаншылдықтың мазмұнын ашып көрсету арқылы, оны Қазақстан тарихын оқытуда пайдалану әдістемесін кешенді түрде пайдалана білсек, онда оқушылардың өз елі, жері, Отанына деген сүйіспеншілігіне әсер етіп, Отанын қорғауға дайын деген сенімінің артуының нәтижесінде патриоттық қасиеттерінің қалыптасуына ұтымды жағдай туғызуға болатынына тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың нәтижесінде анық көз жеткіздік.

Қазақстан тарихы сабағында отаншылдықтың мәнін, мазмұнын ашып көрсету арқылы, оны Қазақстан тарихын оқытуда пайдалану әдістемесі бойынша жасалған жұмыстар барысында олардың тарихи білімін, елжандылық қасиеттерін, танып білуін және шығармашылықтарын дамытуға мүмкіндіктер туғызылды[10].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әбдіғұлова Б.Қ. Қазақстан тарихын оқытуда оқушылардың өздік жұмыстарын ұйымдастыру жолдары. – Алматы: ЖАК, 2000. – 112 б.

2. Әбдіғұлова Б.Қ. Қазақстан тарихын оқытудың өзекті проблемалары. – Алматы: Ғылым, 2001. – 170 б.

3. Әбдіғұлова Б.Қ. Қазақстан тарихы оқулығы: өзекті мәселелері және оны жетілдіру жолдары. – Алматы, 2002. – 179 б.

4. Әбдіғұлова Б.Қ. Қазақстан тарихы сабағында оқушыларды патриотизмге тәрбиелеу. – Алматы., 2012. – 109 б.

5. Лернер И.Я. Развитие мышления учащихся в процессе обучения истории. – М., 1982.

6. Назарбаев Н. Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына\\ Егемен Қазақстан, 2006 жыл, 27 мамыр. Қазақстан тарихынан әңгімелер: Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық /Әбдіғұлова Б.Қ., Қапаева А.Т., Кенжебаев Ғ.К. – Алматы: Алматыкітап, 2011. – 224 б.

7. Ежелгі Қазақстан тарихы: Жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулық /Төлеубаев Ә., Халидуллин Ғ., Сәрсекеев Б.С. – Алматы: Атамұра, 2007. – 160 б.

8. Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы: Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық / Садықов Т.С., Жолдасбаев С. – Алматы: Атамұра, 2007. – 240 б.

9. Қазақстан тарихы: Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық / Қасымбаев Ж.Қ., т.б. – Алматы: Мектеп, 2004. – 248 б.

10. Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына Жолдауы. – Алматы. – 72 б.

Paydalanılğan ädebïetter tizimi:

1 Abdigwlova B. K. Qazaqstan tarixi stwdiyasında stwdenttiñ täwelsiz opws vias ordinandis opws. - Almatı: JAK, 2000. 112 B.

2. B. k. Äbdigulova Qazaqstan tarixi Doktrinasınıñ özekti mäseleleri. - Almatı: Ğılım, 2001. 170 b.

3. Abdigwlova B. K. Artem Qazaqstan tarixında: ipsa quaestiones et eius mores emendare. Alma-Ata., 2002. 179 P.

4. Abdigwlova B.K. qoғam müddesi üşin bilimi: tülekter arasında Qazaqstan tarixi boyınşa lekcïyalarda. - Almatı., 2012. 109 B. 5. Lerner İ. Ya. tarixti oqw procesinde tülekterdiñ ilgerilewi. - M., 1982.

5. Lerner İ. Ya. Razvitie mişleniya wçaşçixsya v processe obwçeniya istorii. - M., 1982. 6. Nazarbaev N. İnnovaciýalar men oqw-bilimdi jetildirw arqılı bilim ékonomikasına\\ Egeмен Qazaqstan, 2006 jil, 27 mamır. Qazaqstan tarixinan äñgimeler: Jalpı bilim беретin mekteptiñ 5-sınıbına arnalğan oqwlıq /Äbdigulova B.Q., Qapaeva A.T., Kenjebaev Ğ.K. -Almatı: Almatıkitap, 2011. 224 b.

7. Ejelgi Qazaqstan tarixi: Jalpi bilim beretin mekteptiñ 6-sinibina arnalğan oqwliq /Tölewbaev Ä., Xalidwllin Ğ., Särseseev B.S.-Almatı: Atamura, 2007.160 b.

8. Orta ğasırlardağı Qazaqstan tarixi: Jalpi bilim beretin mekteptiñ

9. Qazaqstan tarixi: Jalpi bilim beretin mekteptiñ 8-sinibina arnalğan oqwliq / Qasimbaev J.Q., t.b.- Almatı: Mektep, 2004.- 248 b.

10. Qazaqstan Respwblıkası Prezidentiniñ 2007 jilğı «Jaña älemdegi jaña Qazaqstan" attı Qazaqstan xalqına Joldawı. -Almatı., 72 b.

ӘӨЖ 573-09

МРНТИ 03.01.39

<https://doi.org/10.51889/2021-3.1728-5461.15>

С.Ә. Жұман¹, Б.Р. Оспанова *

¹Абай атындағы ҚазҰПУ–нің т.ғ.к., аға оқытушысы, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, E –mail:sayat_009@mail.ru

²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты.
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, E –mail:baian_80@mail.ru

САЙФ САРАЙИДЫҢ ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Аннотация

Мақалада Сайф Сарайидің «Гүлистан би-түрки» шығармасының, көркемдік, танымдық мәні талданған. Шығармада адамзаттың өмірімен тығыз байланысты әдет-ғұрыптарымен қатар жүретіндігі қарастырылған. Алтын Орда тұсында жазылған Сайф Сарайидің әдеби мұрасында түркі халықтарының ғана емес, басқа да әр түрлі халықтардың әдет-ғұрыптарының адам өміріндегі маңыздылығы айтылған. Мақалада Сайф Сарайидің шығармасы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан рухани тәрбиені жалғастырушы құрал ретінде қызмет ететіндігі баяндалған. Автордың «Гүлистан би-түрки» мәдени құндылығы жағынан жастарға рухани тәрбие беруде өте маңызды шығарма. Онда адам бойындағы рухани мәдениеті, ақылы, жауапкершілігі арқылы жан-дүниені қабылдайтыны және адамның мінез-құлқының қалыптасуына әсер ететін факторлар қарастырылған. Ендеше, осы сезімдерден тұратын адам – өмірі мен оның барысы руханилық құбылыстар жиынтығы болса, бұл кеше, бүгін, ертең де өзінің жалғасын табатыны сөзсіз.

Мақалада, әлемдегі әр ұлт өкілі өзінің ұлттық коды, дүниетанымы, бойында қалыптасқан ұлттық санасы арқылы әлемдік өркениетті қабылдайтындығы және оны өз ұлтының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарына сәйкес, икемді етіп дамытуды көздейтіндігі сараланған. Түркі тілдес халықтарға ортақ әдеби шығармалар, оның ішінде қазақ халқының тілін түсінуде ортақ дерек көздерінің бар екендігі Сайф Сарайидің шығармаларын құнды етеді.

Кілтті сөздер: Алтын Орда кезеңі, рухани мұра, ұлттық құндылық, әдебиет, тарих, мәдениет, рухани мұра.

¹А.С.Жуман, Б. Р.Оспанова *

¹к.и.н., доцент кафедрасы истoрии Казахстана им. ак. Т.С. Садыкова
Казахского национального педагогического университета имени Абая,
Республика Казахстан, г. Алматы, E –mail:sayat_009@mail.ru

²научный сотрудник научно-исследовательского института Казахского национального педагогического университета имени Абая, кандидат филологических наук.
Республика Казахстан, г. Алматы, E –mail:baian_80@mail.ru

ДУХОВНЫЕ ЦЕННОСТИ В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ САЙФА САРАИ

Аннотация

В статье анализируется художественное, познавательное значение произведения Сайфа Сарайи «Гулистан би-тюрки». Она рассматривает, что произведение сопровождается обычаями, тесно связанными с жизнью человечества. В литературном наследии Сайфа Сарайи, написанном при Золотой Орде, подчеркивается важность обычаев в жизни человека не только среди тюркских народов, но и других народов в целом. В статье рассказывается о том, что творчество Сайфа Сарайи служит продолжателем духовного воспитания, которое передается из поколения в поколение. Произведение автора «Гулистан би-турки» по культурной ценности очень значимо для духовного воспитания молодежи. В ней рассматриваются факторы, влияющие на формирование поведения человека и восприятие мира через его духовную культуру, ум, ответственность. Если человек, состоящий из этих чувств, – совокупность явлений духовности его жизни и бытия, то это, несомненно, будет иметь свое продолжение и вчера, и сегодня, и завтра. В статье подчеркивается, что представитель каждой нации в мире через свой национальный код, мировоззрение, устоявшееся национальное сознание воспринимает мировую цивилизацию и стремится развивать ее гибко, в соответствии с обычаями и традициями своей нации. Литературные произведения, общие для тюркоязычных народов, в том числе наличие общих источников в понимании языка казахского народа, делают ценным творчество Сайфа Сарайи. В статье отмечается, что исследование наличия общих источников в изучении этнографии казахского народа в работах Сайфа Сарайи является актуальной на сегодняшний день проблемой.

Ключевые слова: период Золотой Орды, духовное наследие, национальные ценности, литература, история, культура

¹A.S. Zhuman, ²B.R. Ospanova*

¹*Candidate of Historical Sciences, Associate professor of Abai KazNPU,
Republic Kazakhstan, Almaty.
E –mail:sayat_009@mail.ru*

²*Researcher of the Research Institute of the Abai Kazakh National Pedagogical University,
Candidate of Philological Sciences.
Republic of Kazakhstan, Almaty, E –mail:baian_80@mail.ru*

SPIRITUAL VALUES IN THE WORKS OF SAIF SARAI

Abstract

The article analyzes the artistic and cognitive significance of Saif Sarai's work «Gulistan bi-Turki». It is assumed that the work is accompanied by customs closely related to the life of humanity. The literary heritage of Saif Sarai, written during the Golden Horde, emphasizes the importance of customs not only of the Turkic peoples, but also of other common peoples in human life. The article states that the work of Saif Sarai serves as a means of continuing spiritual education, which is passed down from generation to generation. The author's work «Gulistan bi-Turki» is very important for spiritual education of young people in terms of cultural value. It deals with the spiritual culture of a person, the perception of the soul through his mind, responsibility, and factors that influence the formation of a person's behavior. Therefore, if a person consisting of these feelings – his life and its course-is a set of spiritual phenomena, it will certainly continue yesterday, today, and tomorrow.

The article differentiates that each representative of the world's nation perceives the world civilization through its national code, worldview, and national consciousness formed in it, and seeks to develop it flexibly in accordance with the traditions and customs of its nation. Literary works common to Turkic-speaking peoples, including the presence of common sources in understanding the language of the Kazakh people, make Saif Sarai's works valuable. The article notes that the study of the existence of common sources in the study of ethnography of the Kazakh people in the works of Saif Sarai is a topical problem today.

Key words: the Golden Horde period, spiritual heritage, national value, literature, history, culture.

Кіріспе. Алтын Орда әдеби мұралары – әлемдік руханияттың бір бөлшегі. Тегі ортақ, тілі ортақ халықтардың ежелгі кезеңдердегі мәдениетін, әдебиетін, тілін қайта жаңғыртып, қазіргі таңдағы филология ғылымының саласы жеткен жетістіктерді қолдана отырып, жаңа көзқараспен түркі халықтарының бірегейлігіне қызмет жасайтын ортақ әдебиет тарихын жасау – өзекті болуда. Қазақ әдебиеті тарихпен, мәдениетпен, тілмен ұтымды ұштасатындықтан, ұлттық болмыстың көркем үлгісі саналады. Дегенмен ғылыми идеялар мен нәтижелердің жаңалығы бүгінгі кезге дейін өзіне лайықты дәріптеліп, бағаланбай келе жатқан дамыған түркілік әдебиетті әлемдік оқырманға насихаттау, таныстыру да өз дәрежесінде емес. Адамзаттың қалыптасып, дамуы түріктестес мәдениеттің әлемдік өркениетке қосқан үлесін анықтау сияқты ауқымды міндет көзделді. «Рухани жаңғыру» идеясы мазмұндық тұрғыдан ашыла түседі, рухани құндылықтарымыз насихатталады. Қазақтың дүниетанымы мен мәдениетінің ұлттық сипаты туралы жаңа ұғым қалыптасады, тарихи ұлттық жады жаңғырады.

Өзектілігі: Алтын Орда мұрасын зерттеу қазіргі қазақ халқы үшін аса құнды стратегиялық ресурс болып табылады. Сондықтан қазақ әдебиетінде көрініс тапқан тарихи шындықты жаңаша қырынан қарастыру, соңғы зерттеулерді талдау жұмыстың ғылыми маңызының өзектілігін танытады.

Мақсаты мен міндеттері: Орта ғасырлық түркілік әдебиеттегі көркемдік әлем туралы ғылыми негізделген тұжырымдама жасау үшін тарихи, тілдік тұрғыдан Алтын Орда дәуірі әдебиетіндегі әлемнің әдеби және тілдік бейнесін зерттеу.

Зерттеу барысында Сайф Сараи шығармасының материалдарын жазба дерек мәліметтерімен салыстыра қарағанда мынадай міндеттер қойылды:

- тарихи-мәдени, әдеби және биографиялық контекст ретінде байқалған объективті қоғамдық құбылыстар жиынтығы дәуірдің ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің көптеген жанрларындағы әлемнің көркемдік және тілдік бейнесін анықтау;
- тарихи-қоғамдық ойлаудың дамуы мен үрдістеріне байланысты Алтын Орда әдебиетіндегі әлемнің көркемдік және тілдік бейнесінің шарттылығы анықталды, тақырыптардың тарихи негіздері, сюжеттері, көркемдік және тілдік өзіндік ерекшеліктерін талдау.

Материалдар мен әдістемесі: Зерттеу әдістемелері жүйелі, тарихи-типологиялық және салыстармалы-тарихи талдауларды кешенді қолдануға негізделген. Сонымен қатар әдебиеттану, лингвомәдениеттану, теолингвистика, философия және тарих әдістерін қолдану бірлестіре жүргізілген.

Негізгі бөлім:

Қазақ мемлекеттілігінің тарихында Ұлы Ұлыс Алтын Орданың маңызы зор. Алтын Орданың дәуірі қазақ ұлты мен қазақ тілінің қалыптасуында ерекше тарихи белес. Қазақстан Республикасының Тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында Қазақстан – күллі түркі халықтарының қасиетті «Қара шаңырағы». Бүгінгі қазақтың сайын даласынан әлемнің әр түкпіріне тараған түркі тектес тайпалар мен халықтар басқа елдер мен өңірлердің тарихи үдерістеріне елеулі үлес қосты» [1] - деген бай тарихымызды қайта зерделеу туралы мәселені көтерді.

Алтын Орда тұсында жазылған жазба мұралар оғыз-қыпшақ не қыпшақ-оғыз аралас тілде жазылды. Осы кезеңдегі жазба мұралар аралас тілді болса да қыпшақ элементі басым екені көптеген зерттеулерді айтылып жүр. Өйткені Алтын Орданың негізгі халық қыпшақтар болды да, қыпшақ тілі халықаралық тіл дәрежесінде күллі Еуразияның бар қиырынан естіліп тұрды. Тұңғыш Елбасы өзінің мақаласында 5-15 ғасырда түркі тілі Еуразия құрлығында қарым-қатынас тілі болды деді. Яғни Алтын Орда дәуірінің ресми құжаттарымен, сол кезеңге жататын шығармалары басым бөлігі қыпшақ тілінде яғни орта ғасырлық түркі тілінде жазылды.

Талқылау: Ежелгі дәуірлер мен тарихи кезеңдердегі қазақтың рухани-мәдени жүйесінің жаратылысы мен болмысын орта түркілік әдеби, тілдік деректер негізінде саралап тану-

қазіргі тіл білімінде аса өзекті. Себебі ол тіліміздің, әдебиетіміздің көркемдік таным әлемін ғана емес, ұлттық мәдениетіміздің арқауларын анықтап, ұлттық танымның ғасырлар қойнауындағы терең тамырларын жалғастырады. Осы бағытта ұлттың оның мәдениетінің, әдебиетін, тіл тарихы, ділінің, ұлт болып қалыптасу тарихын зерттеу лингвистикада когнитивтік лингвистика ғылымының «әлемнің тілдік және көркемдік бейнесімен» тығыз байланысты. Байырғы қыпшақтардың, оның ішінде қазақ әдебиетінің тарихында Алтын Орда, ХІҮ ғасырдағы әдеби жәдігерліктерге сүйенеміз. Жұмысымыздың нысаны болып табылатын Алтын Орда шығармаларында кездесетін метасюжеттерді, фразеологиялық бірліктер мен мақал-мәтелдерді, афоризмдерді саралау олардың этномәдени сипатын анықтай отырып, әлемнің ұлттық тілдік бейнесі ретінде зерттеу аса өзекті мәселе болмақ. Сондай шығармалардың авторы Алтын Орда дәуірі әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі С.Сараи. Ғұлама ғалым 1320 жылы Сарай қаласында дүниеге келіп, Бейбарыс Сұлтанның әмірі жүріп тұрған кезеңде Мысырда өмір сүріп, 1396 жылы дүниеден өтеді. Сайф Сараи аудармашы, ақын болған. Оның өмірімен еңбектері жайында деректер аз. Оның бүгінгі күнге әдеби мұра болып жеткен еңбегі – «Гүлстан бит-түрки». Аталған шығарма Сағди Ширазидің «Гүлстан» атты шығармасынан еркін аудармасы [2,3].

Аталған шығарманы белгілі түркітанушы ғалым Н.Келімбетовтің айтуы бойынша Ә.Н.Нәжіп зерттеген [3, 257]. Ә.Н. Нәжіп С.Сараи шығармасының тілін, жазылу тарихын, көркемдік ерекшелігін, сол Алтын Орда кезеңіне жататындығын анықтап, «Гүлістан бит-түркиді» кириллица жазуына аударма түрінде берген. Сондай-ақ С.Сараи аудармасының дара ерекшеліктерін ашты, жұмыстың қыпшақ тілінде жазылу нұсқасын толық дәлелдеген. Мұндай әдеби құнды жәдігеріміз көне түркі әдеби тілдерінің арасында қазіргі қазақ тіліне жақынырақ тұрғанын ашып көрсетті деген тың пікірін келтіреді. Жалпы Сараи шығарманы аудару барысында шығарманың құрылысын бұзбай, сол күйінде сақтап қалған.

Аударма мен Сағди Ширазидің шығармасы сегіз тараудан тұрады. Шығарманың тарауларына келсек: ел билеушілер; халық х бұқарасы; қанағатшылықтың әсері, ауыздан шыққан сөзді абайлап сөлеуді; адамзаттың ержігіт кезіндегі көрністері; адам өміріндегі қарттық кезі; тәрбие леу барысы; адамның бір-біріне деген қарым – қатынасы ідеп мәселесі жөнінде айтылған. Жұмыстың нұсқасы ұйқасқа құрылған прозамаен жазылған, ара-арасында өз ойын өлең жолдарымен түйінделген. Саиф Сараи аудармасы да дәл осындай үлгіде. Бірақ Саиф Сараи аударма жолдарын Сағди жырларын сөзбе-сөз аудармай мағынасын сақтап өлең жолдарымен шебер берген. Сәтті аударма шығарманың мазмұнына нұқсан келтірмей, өз дәрежесінде шынайы берілген. «Гүлістан би-түрки» шығармасы негізінен дидактикалық құндылыққа толы, абайлап сөйлеу, қарым-қатынас жасағанда этика мәселесін сақтау, ибалық мәселелері, шүкіршілік, ынсаптылық сияқты жалпы адамзатқа ортақ құндылыққа қатысты хихаяттарға толы. Мысалы, кемеге алғаш отырған құлдың кеме ішіндегі байбаламынан елді әбігерге салуы, байбалам салып жылағанын қойдыру үшін оны суға екі рет батырып алып, өміріне қауіп төндіру арқылы тәубесіне келтіріп тәрбиелеген ғұламаның тапқырлығы туралы оқиғаның [4] өзіндік мәні бар.

Келесі оқиға ауыр заттарды көтеретін палуан жөнінде салмағы бір тонна ауыр тасты қаңбақша көтерген палуанның көршісінің бір ауыз сөзін көтере алмауы жөніндегі оқиға яғни сөздің қасиеті сөз тас жарады, тас жармаса бас жарады деген мақалдың мән - мағынасы толық осы мысал арқылы берілген. Яғни әр бір ауыздан шыққан сөзге мән беруге баулу арқылы өз оқырманын, өсектен, бейбірекет сөйлеуден тыйылуға ой тастаған. Сайф Сараидың «Түркіше Гүлстан» шығармасы мазмұнымен, көркемдік ерекшелігімен әлем әдебиетінде орны бар өзіндік рухани мағынаға бай шығарма. Әсіресе, С. Сараидың аудармасындағы оқиғалар өз оқырманын жалпы адами құндылықтарға тәрбиелеудің негізгі құралына айналған.

Зерттеу нәтижесі: Зерттеуден алынған нәтижелер: Алтын Орда әдебиетіндегі әлемнің көркемдік және тілдік бейнесі түркі ортағасырлық дәуірінің тарихи-мәдени және дүниетанымдық контекстінде зерттелді. Шығармада тағы бір дидактикалық мағынаға толы ой мысалы, «бейнет көрмеген адамның рахаттың қадірін білмес» [2] деген ой қорытындысын екі – ақ ауыз сөзге сыйғызған. Яғни адамды жалқаулықтан сақтандыру мәселесін беру арқылы, рухани тәрбиеге баулуды көздеген. Өмірдегі адам баласының басына түскен ауыртпалықты мойымай көтеруге, әр қиындық тегін келмейтінін қиындықтың артында бір қайыр бар екендігін айтады. Шығармадағы тағы бір адамзат баласына ортақ сюжет достық мәселесіне қатысты оқиға мысалы, достықтың қадірін білу мәселесі, үнемі адам баласы ізгі істер жасауға дайын болу керектігі туралы айта келіп өмірде ақ пен қара, жақсылықпен жамандықтың қатар жүретінін ескертеді мысалы шығармада: Өз жауың қолға түссе кешірме, сен оның қолына түссең сеніде аямайды деген тұжырымдары жасайды. Яғни сен жауыңның қолына түссең сеніде аямайды деген ой түйіндесе. Келесі бір өлең жолында «Кімде-кім құдіретті болғанда кісіге жақсылық қылмаса, басына іс түскенде құтыла алмас» [2,19] деп адамзатты жақсылық жасауға, оны шын ниетімен жасауға, сараң болмауға, әдепті болуға шақырады. жақсылық жасауға адамның сараңдығы болмауы керек екендігін төмендегі сөздерден ұғынамыз. Мысалы, Лұқман әкім туралы хикаятта данышпанға әдепті кімнен үйрендіңіз деген сұрақ қоя отырып данагөйдің «әдепсіздерден үйрендім» жауабын береді.

Бұл жауап арқылы ақын өмірде әр бір адам өмірінде кездесетін қиындықтардан, жаманшылықтардың тек жақсылық, сабақ алуы қажет деген ой түйіндейді.

Ақынның аудармасында көтерген мәселелер жалпыадамзат тарихында өмір бойы кездесіп келе жатқан метосюжеттер арқылы тәрбие, парасаттылық, руханилық, адам жан дүниесінің тазалығы мәселесі. Адам баласының өмірінде тәрбие мәселесіндегі ең маңызды нәрсе – өзін-өзі жетілдіруге ұмтылуы болып табылады. Әр ұлттың өсіп өркендеп гүлденуі үшін тәрбие ең алғашқы орында тұруы қажет бұған мысал С.Сарайдың шығармасындағы негізгі идея тәрбие мәселесі бұдан шығатын қорытынды Алтын Орда кезеңінің өзінде тәрбие ең алғашқы орында тұрғандығын байқатады. Яғни тәрбиеден нәтиже болмаса ұлттың құлдырауына акеп соғуы мүмкін деген ой түйіндеуге болады. Мысалы қоғамда жеке тұлға тәрбиеленіп қалыптасса оның даралығы анықталады. Өкінішке орай қазіргі әлеуметтік желідегі қаптаған тренингтер адамды өзімшілдікке баулайды, ол ертенгі ұлтқа деген қауіп төнуге әкелуі мүмкін. Яғни адамдар арасындағы алшақтыққа әкелуде әр кім өз басының тіршілігімен жүгіру, сыйластық, достықтың алшақтауы т.б факторлар әсер етуде. Осы Сарайдың шығармасындағы адам мен адам арасындағы байланыс, сыйластық мәселесі қозғалғанда ер адаммен әйел адамның қарым-қатынасына қатысты мәселелерде көтерілген. С.Сарай шығармасынан мына мысал арқылы көруге болады: Қиын күнде қол ұшын берген – нағыз дос, Жайшылықта доспын деген – жай сөз. Дос – зынданда жатқанда керек, Дастархан үстінде – дұшпан да дос [2,29] – деп қастықпен достықтың айырмашылығын ажырата білуді ескеру екендігін айтып өткен. Сонымен адамзатқа ортақ метосюжеттер отбасы құндылықтары соның ішіндегі татулық, өз ара сыйластық түсінушілік қай-кезеңде болса да адам өмірі үшін басты құндылық болып саналған. Ол жөнінде С.Сарай «Әйелің – адал жарың, оны сүй әзиз ер, Әрбір ауыр жағдайда дәйім сені демер. Оған дос бол, оны сүйіп көңіл бер, Оның сөз теңізінен гауһарларын тер» [2,25] деген тұжырым жасаса. Отбасына қатысты әке мен баланың қарым-қатынасы жөнінде мынадай бір мысал келтіреді: мазмұны сұлтаның үш баласы болады екеуі ұзын бойлы келбетті, біреуі қысқа бойлы күндердің күнінде патша қықа бойлы ұлына ренжіп жаман көзімен қарайды қысқа бойлы ұлы әкесінің қабағынан түсініп былый деген екен: «Ей, әке ұзын бойлы ақымақтан, қысқа бойлы ақылды жақсы» депті [4, 48]. Бұдан сол кездің өзінде әке мен баланың арасындағы қарым-қатынас, әкенің қас-қабағынан түсіну мәселесі дала заңындығы ең басты ұстанымдардың бірі болғандығын байқаймыз.

Сол Алтын Орда кезеңінің өзінде ғұламалар үшін отбасындағы және жалпы адамдар арасындағы қарым-қатынасты адалдық мәселесі ең алғашқы орында тұрған. Саиф Сарай өлең жолдарынан сүйіп қосылған әйелің адал жарың бірте-бірте досыңа айналуы түсінісушілік, үйлесімділік, сыйластық болса адал досыңа айналады деген тұжырым жасайды. Бұл құндылық қазірдің өзінде өз құндылығын жоймаған ой пікір деп ойлаймыз. Жалпы ер адам мен әйел адам арасындағы қарым-қатынасты Шығыс шайырларының барлығы жырлаған, даналық шығармаларында әдемі берген. Бұдан шығатын қорытынды қазіргі замандағы жаһандық мәселе ерлі зайпты адамдар арасындағы некелік қатынастар заңмен қорғалған. Ал дала заңына сүйенсек ерлі зайптылар арасындағы қарымқатынас заңсыз ақ сыйластық сүйіспеншілікпен ақ құрметке ие болған. Дала заңындағы отбасындағы бақыт мәселесінің бастауы адал жарына деген құрметтен, сүйіспеншіліктен, қадір - қасиетіне деген тұжырымнан юарыа адам бақытты өз от басынан іздеген оның көрінісі қай кезеңдегі болмасын ақындардың, шайырлардың, ғұламалардың, жазушылардың шығармаларында үнемі әдебиет тарихында көрініс тапқан метосюжеттер. Қай кезеңде болмасын әйел от басындағы негізгі тірек болған, ол отбасы ұйытқысы, бала тәрбиесіндегі, саналы ұрпақ тәрбиелеудегі негізгі тұлға. Сол ұрпақ тәрбиелеу арқылы ол ұлт тәрбиесінің негізгі тұлғасына айналған. Әйелдің қасиеттерін өз жырына қосқан. Тағы бір мәселе жомарттық, жақсылық туралы С.Сарайдың патшалар туралы хикаятының тарауынан мына мысал арқылы байқауға болады: «Бір патша бір тұтқынды өлтіруге бұйырды. Ол бейшара тіршіліктен үмітін үзіп, патшаны сөкті. Мынандай нақыл сөз бар: Жанынан күдер үзген әркім көңілінде не болса, соны тіліне келтірер. Қысылған шақта қашуға тапса бір жол, қарсы жүріп, қолымен өткір тұтар қылышты ол. Жеңілген мысықтың шарасыздан итке қарсы тұратыны сияқты, Ашынған адамның да тілі ұзарады. Патша: – Бұл өлімге келісілген адам не айтты? – деп сұрады. Уәзірлерінен бір ақылды уәзір: «Патшаның жасы ұзақ болсын, бұл міскін: – Ашуын басып, кешірім жасайтын қайырымды адамдарды Алла тағала жақсы көреді – деп айтты – деді уәзір. Патша аяушылық білдіріп, оның жазығын кешті де азат етті. Уәзірлердің ішінде ол уәзірге дұшпан бір уәзір бар еді. Ол: «Патшаның алдында жалған сөйлеу – біздің мәртебебізге лайық емес. Ол жазықты патшаны сөкті, жарамас сөздер сөйледі» – деді. Патша бұл уәзірдің сөзіне ашуланып, – Мұның жалған сөзі сенің тура сөзіңнен жақсырақ. Өйткені оның сөзінің негізінде қайырымдылық, сенің сөзіңнің негізінде күншілдік жатыр, – деді»[3, 7–8 бб.].

Тағы бір мысал: Патша мен өмірі кемеге отырып көрмеген құл арасындағы оқиға құл байбалам салып жылап батып өлеміз деп шу шығарады алайда патшадан бір данышпан тынышталдыру үшін рұқсат алады оны қойдыру үшін суға тұншықтырып алып шығады құл суға бір батып, бір шығады, екінші батқанда оны шығарып алады. Патша данышпанна жағдайдың мәнісін сұрайды.

Данышпан: адам баласы теңіздің барлық қиындығы мен ауыртпашылығын көрмегендіктен, өзінің аман екендігінің қадірін білмеді. Бейнет көрмеген адам рахаттың қадірін білмес, – деді [5, 132 б.]. Бұдан С.Сарайжырларындағы ең көп жырланған мәселе адам бойындағы жақсы қасиеттер мейірімділік, жомарттық, ізгілік, адалдық, еңбекқорлық, әділдік, шыншылдық, достық мәселеерін мадақтайды оның көрінісі шығарманың хикаяттарында берілген.

Қорытынды. Алтын Орда дәуіріндегі түркі ойшылдары әлемді рухани құндылықтарды өсиеттерімен түсіндіргенін байқаймыз. Автордың шығармаларындағы көркем образдар түркілер дүниетанымындағы рухани мәдениетпен орайлас, яғни ортақ шығыстық үлгі сақталған. Оның үлгісінде қазақ халқының әдебиетінде халықтық дүниетанымның негізін құраған аңыздар, ертегілер, дастандар, батырлар жырлары қалыптаса бастады. Келер ұрпаққа рухани тәрбие беруде, адам бойындағы адамгершілік қасиеттерінің, білімділігінің, ақылдылығының негізінде өмірде өз бойындағы кемшіліктермен күресуде

рухани күш беретіндігі түркі дәуірінің ойшылдарының еңбектерінде кеңінен талданғандығы дұрыс түсіндірілуі тиіс.

Бүгінгі қазақ халқының бойында ұлттық құндылықтар мен отансүйгіштік қасиеттердің әлсіз болуы қоғам дамуындағы үрдістерде көптеп байқалады. Шынында да қазақ мемлекеттігінің тарихы біздің ұлттық әдебиетіміз мен фольклорымызда кеңінен көрініс тапқан. Елдің бірлігі мен бүтіндігі, бүгінгі мен келешегі жыраулық поэзияда айқын көрініс тапты. Осы ретте, ҚР-ның «Мәңгілік Ел» идеясының бастауы, жалпыұлттық идеясы Алтын Орда тарихынан бастау алатынына сол ғасырдағы ақындарман, ғұламалардың туындылары дәлел.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. //«Ұлы даланың жеті қыры». Егемен Қазақстан. 21 Қараша, 2018.-1б.
2. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы: Атамұра, 2005. – 336 б.
3. Әдеби жәдігерлер. Сайф Сараий. 9 том. Алматы: Таймас, 2010. –Б.470.
4. Қазақ халқының философиялық мұрасы. 20 томдық. Ортағасырдағы түркі ойшылдары. 5 том. – Астана: Аударма, 2005. – 562 б.
5. Қазақ әдебиетінің тарихы. 10 томдық. Алтын Орда дәуірі мен қазақ хандығы тұсындағы әдебиет. 3 том. – Алматы: ҚазАқпарат, 2008. – 536 б.

Paydalanılğan ädebïetter tizimi:

1. Nazarbaev N.Ä. //«Ulı dalanıñ jeti qırı». Egemen Qazaqstan. 21 Qarasha, 2018.-1b.
2. Kelimbetov N. Ejelgi дәwir әdebïeti. – Almatı: Atamura, 2005. – 336 b.
3. Ädebï jädigerler. Sayf Saraïy. 9 tom. Almatı: Taymas, 2010. –B.470.
4. Qazaq xalqınıñ filosofiyalıq murası. 20 tomdıq. Ortağasırdığı türki oyşıldarı. 5 tom. – Astana: Awdarma, 2005. – 562 b.
5. Qazaq ädebïetiniñ tarixi. 10 tomdıq. Altın Orda дәwiri men qazaq xandığı tusındağı ädebïet. 3 tom. – Almatı: QazAqparat, 2008. – 536 b.